

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378.015:796

Қолжазба құқығында

БЕЛЕГОВА ӘЛИЯ АҚАНБАЙҚЫЗЫ

**Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін
қалыптастыру**

6D010300 –Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші
пед.ғыл.док., проф.
Тұрғынбаева Б.А.

Шет елдік кеңесші:
пед.ғыл.док., проф.
С. Потелюнине
(Литва)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау мәселесінің ғылымда қарастырылу жайы	15
1.2 «Рефлексия», «рефлексивтік мәдениет», «болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениеті» ұғымдарының мәні мен құрылымы өзара қатынасы	31
1.3 Рефлексиялық мәдениет - дене шынықтыру мұғалімінің кәсібилігі мен шығармашылығының негізі	46
2 БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСІН МОДЕЛЬДЕУ	55
2.1 Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі	55
2.2 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық шарттары	69
3 БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС	78
3.1 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетінің бастапқы жағдайы	78
3.2 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі	92
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша қалыптастырушы эксперименттік жұмыс барысы мен нәтижелері	123
ҚОРЫТЫНДЫ	135
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	137
ҚОСЫМШАЛАР	148

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 27 шілде 2007.

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2010), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы. – Астана. 14 желтоқсан 2012.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2018 жылғы 1 қараша

Қазақстан Республикасы Жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. «5B010800 – дене шынықтыру және спорт» мамандығы. – 6.08.012-2009

Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы Әділет министрлігі – Нұрсұлтан, 2019 ж. Желтоқсан.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Кәсіп – арнайы теориялық білім мен арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын практикалық білік, жұмыс тәжірибесі кешенін меңгеруді қажет ететін еңбек қызметі түрі

Кәсіби стандарт – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт

Біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрі шеңберінде нақты қызметтерді сапалы орындауға дайындығы

Біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі мен өзбетінділігі параметрлерімен жіктелетін жұмысшылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар жиыны

Құзыреттілік – білім, білік және тәжірибені еңбек қызметінде пайдалану қабілеті

Даярлық – тұлғаның бір нәрсе жасауға келісім беруі және өз үлесін қосуға мүдделі екендігін білдіретін термин, белгілі бір мәселеде көмектесуге оның толық дайын екендігінің белгісі, бір нәрсені істеуге дайын болу немесе толықтай дайын болуы.

Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсінуі, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кемшіліктерді мойындауы не жоққа шығаруы.

Рефлексивті іскерлік педагогтың өзіне және өз іс-әрекеттеріне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыратын іскерлік түрі.

Рефлексивтік мәдениет- рефлексивті білім мен дағдылардың кешенін, өзін-өзі тану әдістерін, өзін-өзі бағалау әдістерін игеруді, алдағы кәсіби іс-әрекетке құнды көзқарас қатынасын және кәсіби жеке қасиеттерін дамытуды қамтитын жеке тұлғаның интегративті сапасы

Педагогикалық технология – оқыту, тәрбиелеу және дамыту шарттарының міндетті жиынтығын тудырушы, білім берудің біртұтас тұжырымдамалық негізі, мақсаттары мен міндеттері төңірегінде біріккен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара байланыстағы тәсілдері, формалары мен әдістерінің жүйесі.

Рефлексивтік технология - мұғалімнің іс-әрекеттері мен олардың іске асуының реттелген жүйесі және педагогикалық өзара әрекеттесуде өзін-өзі талдауға бағытталған процесс, нәтиже.

Мәдениет- мәдениет адамның өзін - өзі тануы мен танытуын қамтитын әрекет.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті
білім беру стандарты
ЖОО – жоғары оқу орны
СШҮ– спорт шеберлігіне үміткер,
СШ – спорт шебері
ҚазСТА-Қазақ спорт және туризм академиясы
БТ-бақылау тобы
ЭТ-эксперименттік топ
ДШЖС-дене шынықтыру жәнеспорт
ДСҚ-дене шынықтыру-сауықтыру қызметі
КҚ – кәсіби қызмет;
ҚТ – қызмет түрі;
КС – кәсіби стандарт;
ҒЗЖ – ғылыми зерттеу жұмыстары
ТМД-тәуелсіз мемлекеттер достығы
БДД-біздің дәуірімізге дейін
ҒЗИ-ғылыми зерттеу институты

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. ХХІ ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс жаңа технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді. Бұл ретте еліміздің білім жүйесінде айтарлықтай инновациялық серпілістер жасалды. Осыған орай еңбек нарығының талаптарына сай дені-сау, ой-өрісі, шығармашылық әлеуеті дамыған, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана, дұрыс шешім қабылдай білетін, өзін-өзі бағалай, басқара алатын мамандарды даярлаудың отандық жүйесін жасау мемлекеттің негізгі міндеттерінің қатарынан саналады. Бұл мәселе білім саласының жұмысын реттейтін құжаттарда белгіленген.

Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1], «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [2], «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы [3], Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсеке қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында [4], Президент Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында білім беру саласында мемлекеттік саясаттың басты қағидалары ретінде жеке тұлғаның білімділігін ынталандыру және білім берудің дамытушылық сипатын арттыру мәселелері айқындалып, басымды міндеттер ретінде қабылданған [5].

Республикамыздағы білім беру ұйымдарына және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындауда білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру көкейкесті мәселе болып отыр.

2014 жылы қабылданған ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында дене шынықтыру мен спорт саласында мамандар даярлау және оны ғылыми-әдістемелік, ғылыми-техникалық қамтамасыз ету жолдары нақтыланған [6]. Денсаулығы мықты, дене сапалары, бітімі қалыптасқан адам ғана өз қимыл-әрекетін өмірлік маңызды міндеттерді шешуде шығармашылық бағыт ұстана отырып, белсенді өмір сүруге қабілетті болады. Демек, дене мәдениеті білім мен тәрбие беру саласының басты міндеттерінің бірі бола отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне себепші болады.

Дене тәрбиесі - білім беру үрдісінің категориясы ретінде көпқырлы жүйе болып есептеледі. Ол – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, жеке тұлғаның жан-жақты әрі қуатты болып өсуінің кепілі. Осы арқылы өндірістік және шығармашылық еңбекке төзімді, ерік-жігері мол, өз елін сүйетін патриот, адамгершілік қарым – қатынас жасау тәсілдерін меңгерген, салауатты өмір сүруге бағытталған тұлға қалыптастыру мүмкіндігіне қол жеткізіледі.

Кез-келген күрделі жүйе дамиды, ерте ме, кеш пе рефлексия феномені туындайтындай жағдайға жетеді, яғни, адам өз әрекетін ойында қорытып, оның барысын бақылап, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен тәжірибеден қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

Болашақ дене шынықтыру мамандарына спорттық әрекеттерде: оқу – жаттығу жиындарында, жарыс – сайыстарда, оқушылармен білімдік, тәрбиелік жұмыстарда, олармен нәтижелі қарым-қатынас орната алуда өзін-өзі ұйымдастыру, өзін - өзі жүзеге асыру, өзін - өзі бағалау, эмоциясын басқара алу сынды іскерліктер қажет. Олар - адамның өз әрекетіне, ойларына, бастамаларына қайта-қайта назар аудару, сырттай бақылаушы позициясына тұра алу қабілеті немесе *рефлексия* арқылы жүзеге асады.

Рефлексивті мәдениет белгісіздік деңгейі жоғары жағдайларда әрекет етуге дайын болу, шешім қабылдаудағы икемділік, инновацияларды жүзеге асыруға деген ұмтылыс, кәсіби мәселелерді шешудің жаңа, стандартты емес жолдарын іздеуге үнемі назар аудару сияқты құрамалардан түзілетіндіктен, студенттердің болашақ педагогикалық әрекеттерінде туындайтын міндеттерді шешуде кәсібилік танытуын қамтамасыз етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауда философиялық, психологиялық – категория болып табылатын «рефлексия», «рефлексиялық мәдениет» ұғымдарының мәнін түсініп, оны өз педагогикалық әрекетінде басшылыққа алуды меңгертуге жағдай жасалуы тиіс.

Ғылыми еңбектерді талдау спорт педагогтарын даярлау мәселесінің әртүрлі астарларының зерттеу нысанасына алынғанын көрсетті. Елімізде денешынықтыру мамандарын даярлау (1999-2010жж) мәселесінің әртүрлі теориялық және қолданбалы астарлары: А.Қарақов (студенттердің дене тәрбиесінде спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалану) [7], Е.А.Алимханов (ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері [8], Х.К.Унтаев (қазақ халқы ұлттық дене шынықтыруының педагогикалық мәні) [9], А.Қ.Тшанов (бапкер-оқытушыны спорт колледжі жағдайында кәсіби-педагогикалық дайындау) [10], Ә.Ж. Тастанов (оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілетін дене тәрбиелеу процесінің педагогикалық негіздері) [11], Б.И.Орумбаев (дене шынықтыру оқытушысын нарықтық жағдайда жұмыс жасауға даярлау) [12] т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Зерттеу барысында рефлексияны ғылыми түрде зерттеу классикалық философия өкілдері И.Фихте [13], Ф.Шиллинг [14], И.Кант [15], Р.Декарт [17], Дж. Локк [18] т.б. еңбектерінде танымның ерекше түрі, адамның өзінің ақыл - ой әрекетін сыртқы әлем сияқты тануы, өзін - өзі іздеуі, ойлау туралы ойлау, сананың жаңа (сараптамалық) жағдайы, білім туралы ойлау ретінде, ал ұлы ғұламаларымыз әл-Фараби [19], Ж.Баласағұн [20], Х.Дулати [21], М.Қашқари [22], А.Құнанбаев [23] адамның өзін - өзі тануы және нені білгісі келетінін ұғынуы, әрбір ісіне қорытынды жасап, өкінбей өмір сүру үшін жасайтын ой әрекеті тұрғысынан қарастырылғандығы анықталды.

Рефлексия адам психикасының жетілу деңгейін көрсететін, оның әрекетінің құрылымының компоненті болғандықтан, бұл сапаны дамыту

психология ғылымында Л.С.Выготский [24], С.Л.Рубинштейн [25], В.В.Давыдов [26], М.А.Холодная [27] т.б. еңбектерінде тұлға теориясы, интеллект теориясы, сана мен өзіндік сананы қалыптастырумен байланыста зерделенеді.

Отандық психология саласының белгілі ғалымдары: Ж.Аймауытов [28], М.Мұқанов [29], Т.Тәжібаев [30], Ә.Алдамұратов [31], Қ.Жарықбаев [32] т.б., тұлғаны дамыту, дәстүрлі мәдениет өкілдерінің когнитивтік эмпатиясы мен рефлексиясы мәселелері аясында; С.М.Жақыпов [33], Ж.И.Намазбаева [34], Н.Қ.Тоқсанбаева [35] және т.б. рефлексияны тұлғаның ішкі және сыртқы дамуын қамтамасыз ететін зияттылығының белгісі ретінде, оқыту үдерісінің психологиялық құрылымы, танымдық әрекет, бірлескен танымдық әрекет қарым-қатынас психологиясы шеңберінде әр қырынан қарастырады.

ТМД ғалымдары: Н.В.Баженов, В.И.Давыдов [36], С.М.Кетько [37], А.А.Найн [38], С.Н.Писаренко [39], О.С.Погребная [40], Э.Боно [41], т.б. еңбектерінде рефлексия маманның тұлғалық сипаттамалары ретінде білім алушылардың кәсіби мәнді сапаларын реттейтіндігі, осыған орай, болашақ дене шынықтыру мамандарына басқа да кәсіби сапаларымен бірге оқу-жаттықтыру әрекеттерінің бірден-бір салалары ретінде эмоционалды көңіл-күйінің рефлексиясына ие болу міндет екендігі көрсетіледі.

Қазақстанда рефлексивті мәдениетті қалыптастырудың педагогикадағы теориялық және практикалық аспектілері Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып оқытушыларын кәсіби даярлаудағы рефлексияның мәні) [42], Б.А.Тұрғынбаева (педагогикалық рефлексия мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту құралы ретінде) [43], Ә.С.Әмірова (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың шығармашылық іс-әрекетін арттырудағы рефлексияның маңыздылығы) [44], А.Қ.Рысбаева (жоғары оқу орны оқытушысының әлеуметтік құзыреттілігі мен интербелсенді әдістерді оқу-тәрбие процесінде қолдануда рефлексияның мәні мен маңызы) [45], Б.Қасқатаева (болашақ математика оқытушысының рефлексия құзырлығы) [46], М.В.Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексияны қолдану) [47], С.И.Ферхо (оқытушылардың оқу процесінде рефлексияны пайдалана білу құзыреттілігі) [48] және т.б. ғалымдар еңбектерінде көрініс береді.

Біз зерделеген шетелдік еңбектерде рефлексияның кәсіби қызметтегі орны мен рөлі айқындалды. Атап айтсақ, Д.В.Жуина өз еңбегінде магистранттардың таңдаған мамандығы бойынша кәсіби қызметінің мәнін түсінуі және кәсіби рефлексия жасауға баулу жолдарын сипаттайды [49]. С.Марьета, С.Барбара мұғалімдердің кәсіби дамуы контекстіндегі сыни рефлексияның әртүрлі анықтамаларын қарастыра келе, оған терең ойлау қабілетін жатқызады. Сонымен қатар мұғалімдер мен тәрбиешілердің алдында тұрған кедергілер мен проблемаларды шешуге сыни рефлексияның өте маңызды екендігіне тоқталады [50].

Л. Ковач пен С. Корри тәжірибеде өз жұмысы туралы ойлау қабілетін білікті кәсіби маманның өмірлік маңызды құзыреттілігі ретінде қарастырады

[51]. Н. Цангариду және Ирен зерттеулерінде мектепке дейінгі білім мен бастауыш мектептегі дене шынықтыру сабақтарына қатысты мұғалімдердің рефлексиясы талданып, оның бұл сабақтарды жетілдірудегі мүмкіндіктері сараланады [52]. Ф. Дервент - рефлексивті ойлауды болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық практикасында пайдалану жолдарын қарастырады [53].

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлауға қатысты осындай іргелі және қолданбалы зерттеулердің, рефлексивті мәдениетке деген жалпы қызығушылықтың болғанына қарамастан, студенттердің бұл кәсіби сапасын қалыптастыруды нәтижелі етуде әлі де шешілмеген мәселелер бар екендігі анықталды. Жоғары оқу орынындағы педагогикалық тәжірибені талдай келе,

- дене шынықтыру мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарының болашақ педагог тұлғасының әлеуметтік жетілуіне бағдарлануы мен оның кәсіби-педагогикалық дайындығына жеткілікті көңіл бөлінбеуі арасындағы;

- қазіргі мектепке өзін-өзі жетілдіре алатын, өзгермелі жағдайларға бейімделе білетін, өзін-өзі бағалай отырып, ішкі мүмкіндіктерін іске қосуға қабілетті дене шынықтыру мамандардың қажеттілігі мен ЖОО жағдайында бұл сапаларды дамытудың дидактикалық тетіктерінің жасалмауы арасындағы **қарама-қайшылықтарды** анықтауға мүмкіндік алдық.

Аталған қарама-қайшылықтар болашақ денешынықтыру мұғалімдерінің кәсіби дайындық барысында рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың қалыптасқан жағдайын анықтап, жаңа моделін жасап, әдістемелік, тетіктерін айқындау, тәжірибеден өткізу **мәселесін туындатып**, зерттеу тақырыбын «**Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру**» деп алуға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау, бұл үрдістің тиімділігін арттыруға бағытталған модель, мазмұн даярлап, әдістемелік қамтамасыз ету.

Зерттеудің нысаны: дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орынында мамандар даярлау үрдісі.

Зерттеудің пәні: кәсіби білім алу барысында болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетінің оның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретіндегі мәні мен мазмұны ашылып, компоненттері, көрсеткіштері, шарттары, әдістері айқындалған моделі жасалып, аталмыш сапаны қалыптастыруға бағытталған элективті курс мазмұны тәжірибеде жаңашылдық әдістер арқылы жүзеге асырылса, **онда** болашақ мамандардың бұл маңызды сапасын қалыптастырудың тиімділігі артады, **өйткені** студенттер өз оқу әрекеттерін, жетістіктерін өздері бағамдауға машықтанып, педагогикалық қызметті өзіндік бағалау тәсілдерін белсенді меңгеру жағдайында болады.

Зерттеудің міндеттері

1. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау.

2.«Рефлексия», «рефлексивтік мәдениет», «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениеті» ұғымдарын нақтылау.

3.Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасау.

4.Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру үрдісінің мазмұнын жасап, әдістемелік қамтамасыз ету.

Зерттеудің жетекші идеясы. Болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру – заман талабына сай мамандығының қоғамдағы мәнін түсінетін, құзыретті, өз кәсіби әрекетін талдау, өзіндік баға беру, түзету іскерліктері дамыған маман тұлғасын қалыптастыруды нәтижелі етеді.

Зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздерін тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық ілімдер, тұжырымдамалар, жеке тұлға теориясы, шығармашылық теориясы, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; рефлексия теориясы; өзін өзі дамыту туралы тұжырымдамалары; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, инновациялық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері құрайды.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасы», ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, басқа да білім беру саласына қатысты заңдық күші бар мемлекеттік құжаттар; зерттеліп отырған мәселеге байланысты қазақстандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, диссертанттың осы жүйедегі тәжірибесі.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді шешу үшін бірқатар теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылды.

Теориялық әдістер: арнайы ғылыми және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық, баспаларда жарияланған материалдарды талдау, педагогикалық тәжірибелерді зерделеу. Эмпирикалық әдістер сауалнама, мақсатты түрде бақылау, педагогикалық эксперимент, психологиялық диагностика тәсілдері.

Математикалық әдістер: ранжирлеу, шкалалау, диаграмма және статистикалық әдістер.

Зерттеу базасы. Қазақтың спорт және туризм академиясы

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Бірінші кезеңде (2016-2017 ж.ж.) қазіргі қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, тарихи-педагогикалық өзгерістерге орай болашақ

дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі айқындалып, осы мәселеге қатысты қазақстандық және шет елдік ғылыми-теориялық, әдістемелік еңбектер таңдалып, мәселенің зерттелуі мен жоғары білім жүйесіндегі тәжірибенің жай-күйіне талдау жасалуы барысында зерттеудің теориялық негіздері; зерттеу тақырыбы және ғылыми аппараты анықталып, тәжірибелік-эксперименттің бағдарламасы әзірленді.

Екінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.) зерттеудің ғылыми болжамына сәйкес жоғары білім беру жүйесінде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, бұл сапаны қалыптастырудың тиімділігін арттыратын педагогикалық шарттар анықталып, белгіленген зерттеу базаларында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда сынақтан өткізілді.

Үшінші кезеңде (2018-2019 ж.ж.) зерттеу барысында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруға бағытталған арнайы жаттығулар мен өзара белсенді әдістерінің практикаға ендірілуі жүзеге асты, тәжірибелік-эксперимент барысында алынған нәтижелер сарапталып, статистикалық тұрғыда өңделіп, диссертация түрінде рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы

1. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды,

2. «Рефлексия», «рефлексивтік мәдениет» ұғымдары нақтыланды, «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениеті» ұғымына авторлық анықтама берілді.

3. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды.

4. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» атты ғылыми -практикалық құрал мен пәннің оқу -әдістемелік кешені әзірленді.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: диссертациядағы теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ЖОО, орта мектептің жаңартылған білім мазмұны талаптарына сәйкес дене шынықтықтыру пәні мұғалімін даярлауға, жоғары білім беру жүйесінде студенттердің өз әрекетін бағалай алу біліктерін қалыптастыруға көмегін тигізеді. Зерттеу нәтижелерін орта арнаулы, ЖОО, сондай-ақ, біліктілікті арттыру ұйымдарда кеңінен пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми-теориялық қағидалардың әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеу пәніне сәйкес кешенді әдіс-тәсілдердің қолданылуымен, элективті курс бағдарламасы мен оқу – әдістемелік кешені жасалып, тиімділігінің тәжірибелік-экспериментте дәлелденіп практикаға енуімен, қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және ендіру. Диссертация материалдары бойынша жарияланған мақала саны - **14**

1. Issues and challenges in the formation of future teacher reflexive culture in Kazakhstan, International Journal of Innovation Creativity and Change - Volume 7, No.1, 2019. – V.6.-Iss.12.-P.365-381

2. The Pedagogical Conditions for Reflexive Culture improvement of future teachers, Journal of Intellectual Disability –Diagnosis and Treatment Volume 8, Issus 3, 2020 Pages 580-585

3.«Рефлексия», «Рефлексивтік мәдениет» ұғымдарының мәні мен мазмұны. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал.№3/58 2018ж. Б.46-48

4.«Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексия түрлерінің психологиялық-педагогикалық еңбектеріндегі жіктелуі»Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Ғылыми-теориялық журнал.№1(55) 2019 ж. ҚазСТА Б. 23-28

5.«Болашақ педагогтың рефлексивтік мәдениетінің сипаттамасы»Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы. №1 (61), 2019 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ Б. 204-208

6. «Болашақ дене шынықтыру оқытушысының рефлексивтік мәдениеті» ұғымының мәні мен құрылымы және жаңартылған білім мазмұнын жағдайындағы алатын орны. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Ғылыми-теориялық журнал. №1 (59) 2020 ж. ҚазСТА Б.1

7. «Болашақ дене шынықтыру оқытушысының рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі» Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. №7/3 2020ж. Б.50-56

8. «Болашақ дене шынықтыру оқытушысының рефлексивтік әрекетке даярлығын қалыптастыру» Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Ғылыми-теориялық журнал. №2 (60) 2020 ҚазСТА Б. 38-44

9.«Актуальные проблемы формирования рефлексивной культуры студентов». Сборник статей по итогам Национальной научно-практической конференции «Наука и практика в решении стратегических и тактических задач устойчивого развития России»Санкт-Петербург 30-31 января 2019г. 80стр.

10.«Болашақ дене шынықтыру оқытушыларының рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың мазмұны мен дидактикалық жүйесі». Materials of the VI International Scientific-Practical Conferen «Quality Management: Search and Solutions» November 25-27, 2020 Los Angeles (CA, USA) Volume II. Los Angeles, 2020- P.235-241

11.«Рефлексия болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің маңызды компоненті ретінде».Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ЖОО дейінгі дайындық және шетел азаматтарына арналған факультетінің «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» Жас ғалымдарға арналғанIX халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы. - 2017. - Б. 25-28.

12. «Рефлексия-тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі механизмі». «Көліктегі инновациялық технологиялар: білім, ғылым, тәжірибе» атты XLI Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның Материалдары 3-4 сәуір 2017 жыл 1 том Алматы. - 2017. - Б. 478-481.

13. «Рефлексивтік мәдениет» ұғымының болашақ дене шынықтыру оқытушыларын даярлау үдерісіне қатысты орны». Университет спорты: қоғам денсаулығы мен болашағы Инновация-Білім-Спорт Бүкіләлемдік ФИСУ ғылыми Конференциясының материалдары. Алматы.-2017.-Б.160-162.

14. «Рефлексия-болашақ дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің негізі ретінде». Материалы международной научно-практической конференции Национальная академия образования им. Ы.Алтынсарина «Непрерывное образование в интересах устойчивого развития: новые вызовы» -Костанай 6 декабря 2018г.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1.Болашақ спорт педагогтарын даярлау үрдісі психологиялық, педагогикалық мәселе ретінде ғылымда үнемі қарастырылып келеді. Оларда жастарды спортқа баулу, пән арқылы патриоттық тәрбие беру, спорт салалары бойынша мамандар даярлаудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік жолдары талданады, жаңа ұсыныстар беріледі. Бізге дейінгі зерттеулер біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық негізін құрайды.

2. «Рефлексия» философиялық ойлаудың пәні ретінде, психологияда адам санасының ең маңызды ерекшелігі ретінде қарастырылатын феномен. «Рефлексивті мәдениет», «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениеті» ұғымдарының инвариантты анықтамалары адамның өзіне сыни көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылауға, ойын түйіндеуге қабілеттілігі. Адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімділікке жетелейді, өзіне талап қоя білуін, жетістікке және сәтсіздікке деген өзіндік бағасы мен көзқарасын көрсетеді.

3.Рефлексивтік мәдениет - қазіргі заман мұғалімінің кәсібилігі мен күзіреттілігінің негізгі компоненттерінің бірі. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі - ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; кәсіби білім алу барысында бұл сапаны қалыптастыру үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері, әдіс-тәсілдері, формалары, диагностикалау жолдары және деңгейлері айқындалған құрылым.

4.Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың мазмұны студенттердің осы бағыттағы теориялық білімдерінің жиынтығы мен оларды жаңашылдық және тәжірибелік жолмен игерту әдістемесінің біртұтас кешені.

Диссертация құрылымы ғылыми зерттеу логикасына сәйкес келеді және кіріспеден, 3 тараудан, зерттеудің негізгі тұжырымдары келтірілген қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімде таңдалған зерттеу тақырыбының көкейкестілігі негізделеді, зерттеу мәселесінің ғылымда қарастырылу жайына сипаттама беріліп, тақырыбы айқындалады. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, ғылыми болжамы, жетекші идеясы, әдіснамалық және теориялық негіздері, әдістері мен негізгі кезеңдері беріліп,

ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәнділігі, қорғауға ұсынылған қағидалар, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі, талқылануы және жүзеге асырылуы баяндалады.

«Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің дамуының тарихи-педагогикалық алғы шарттарына сипаттама беріліп, «рефлексия», «рефлексивтік мәдениет» ұғымдарының арнайы және психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі зерттелу жағдайы сараланады, «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениеті» терминіне авторлық анықтама беріледі, рефлексивтік мәдениеттің болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсібилігі мен шығармашылығын дамытудағы әлеуеті сипатталады.

«Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру үрдісін модельдеу» атты екінші тарауда болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалаушылық-нәтижелілік компоненттер бірлігінде көрсеткіштері, әдістері мен формалары деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделі, зерттеу мәселесін шешудің нәтижелілігін арттыратын психологиялық-педагогикалық шарттар келтіріледі.

«Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған тәжірибелік эксперименттік жұмыс» атты үшінші бөлімде аталмыш сапаны қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесі талданып, қорытындыланады.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдары, ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген ұсыныстар және мәселенің болашақта зерттелу бағыттары келтіріледі.

Қосымшада ғылыми және тәжірибелік-педагогикалық экспериментте қолданылған зерттеудің нәтижелерін диагностикалау әдістемелері, элективті пән бағдарламасы, оқу-әдістемелік құралдың мазмұны, ендіру актілер, басқа да диссертацияға енбеген материалдар беріледі.

1 БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау мәселесінің ғылымда қарастырылу жайы

Қазақстан Республикасы орта білімнің жаңартылған бағдарламасында ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте табысты болуы үшін, бұрынғыдан да анағұрлым жоғары дағдыларды меңгеруі қажет ететіндігі атап көрсетілген. Осылайша қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы білімге қолжетімділігін, жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Қазіргі уақытта мамандықпен байланысты қызмет түрлеріндегі әртүрлі салалардан білімді жедел пайдалануға қабілетті кең көлемдегі бейімді мамандарға қажеттілік арта түсуде. Мұндай мамандарды қалыптастыруда жүйелі ойлауды дамыту, материалдық дүниені оның сан-салалы байланыстары мен қатынастарының бірлігі тұрғысында көре білу біліктілігі бірінші кезектегі маңызға ие. Бұл жағдай спортшы ұстаздың еңбек қызметіндегі істерінің алға қарай дамуы жалпы білім деңгейін, ойлаудың ізденісті түрлерін, маманның өз білімін үздіксіз көтеріп отыру қабілетін алдыңғы орын шығаруда.

Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне де тікелей байланысты. Бұл ретте еліміздегі осы сала бойынша болашақ мамандарды даярлаудың мемлекеттік стандартының әлеуетіне тоқталуды жөн санадық.

5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының кәсіби қызмет нысандары – келесі ұйымдарда дене дайындығы, дене тәрбиесі, спорттық жаттығу, рекреация және қайта қалпына келтіру жүйесін іске асыру бойынша педагогикалық үдеріс болып табылады.

Бакалаврдың білімдік (педагогикалық) қызметінің сипаттамалары:

- маманның *білім беру қызметі* дене тәрбиесінің ғылыми негізделген үдерісін мектеп және мектепке дейінгі оқу орындарында, колледждерде, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, дене шынықтыру ұжымдарында балалар мен жеткіншектердің спорт мектептерінде дене шынықтыру- сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырумен сипатталады;

- *ағартушылық қызмет* тұрғындар арасында жарасымды өмір сүруге, қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын дамытуға, денсаулығын нығайтуға деген қажеттілікке, дене құрылысын жаттығулар арқылы жетілдіруге, гигиеналық шараларды қолдануға және табиғаттың өз күшін пайдалануды үйретуге бағытталған.

Ұйымдастыру - басқару қызметі:

- білім беру саласындағы оқу – тәрбие құрылымдарында дене шынықтыру мен спорт бойынша педагогикалық қызметті ұйымдастыру мен жүргізу, жарыстарды жүргізу мен төрелік жасау;

- мектеп және мектепке дейінгі оқу орындарында, колледждерде, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, дене шынықтыру ұжымдарында балалар мен жеткіншектердің спорт мектептерінде дене шынықтыру – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес басқару құрылымдарында дене шынықтырудың, спорттан әдіскер, маман, әкімшілік, дене шынықтыру жұмысы бойынша кабинет меңгерушісі және көмекші сияқты әкімшілік жұмыстарменанықталады.

Ғылыми зерттеу қызметі дене шынықтырумен шұғылданатын спортшылардың және зертхана мен ҒЗИ ғылыми қызметкерлері ретінде дене шынықтыру, рекреациялау мен қалпына келтіру жұмыстарымен байланысты; - жобалық қызмет тренажерлық құрал – жабдықтарды жасаумен, спорттық құрылыстарды, алаңдарды, спорттық снарядтар мен жабдықтарды жобалау барысында кеңес беру қызметін көрсетумен байланысты:

Ұйымдастыру–технологиялық: бакалаврдың ұйымдастыру технологиялық қызметі оқу үдерісінде дене шынықтыруды оқытудың жаңа технологияларын, сонымен қатар құрал – жабдықтыр, тренажерлар арқылы оқытудың оңтайлы тәртібін түрлі жастағы, жыныстағы, денсаулық пен дене дайындығы түрліше студенттер мен тұлғалар арасында жасау және енгізумен байланысты.

Жаттықтырушылық (спорттық) қызмет ғылыми негізделген жоспарлау, бақылау, ағзаның функциялық, дене, әдіс-тәсілдік, психологиялық, интеллектуалдық дайындығын және спорттық жетістіктерін түзету; жоғары спорттық нәтижелерге жету мақсатында дене шынықтырумен шұғылданушылардың денсаулығын сақтауға және зиян келтірмей нығайту үшін түрлі жастағы, жыныстағы спортшылардың бойында ерік-күш сапаларын, отан сүйгіштігін тәрбиелеу;

Ұйымдастыру қызметі дене шынықтыру және спорт бойынша жарыстар өткізу, төрешілік жасау, оқу орындарында, клубтарда, мекемелерде спорт мерекелерін өткізумен байланысты.

Дене шынықтыру және спорт саласының мамандарын даярлаудың негізін құрайтын осы құжатта көрсетілген әрбір қызмет болашақ маманнан ойлаудың жоғары деңгейінде әрекет етуді, оларды қайта ой елегінен өткізіп, бағамдап отыруды талап етеді. Алайда құжатта бұл мәселе аталып өтілмеген.

Соңғы жылдары республикамыздың мектептеріне енген жаңартылған оқу бағдарламалары да мұғалімнен терең білімділіктен басқа, сыни ойлау, әрекетті өзіндік талдау, осыған оқушыларды үйретуді талап етеді. Бүгінгі студент ертеңгі мектеп мұғалімі. Ендеше жаңартылған білім бағдарламалары талаптарына тоқтала кеткен дұрыс деп санаймыз.

Кәсіби білім алып жатқан болашақ дене шынықтыру мұғалімі меңгеріп шығуға тиісті орта білім беру жүйесін жаңарту: *өзара қарым –қатынасты арттырубүкіл әлемдегі халық санының қарқынды өсуі; шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі* сияқты әлеуметтік және экономикалық алғышарттармен байланысты. Осылардың барлығы мектеп оқушыларының қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізу үшін

бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді. Олай болатын себебі, білім – елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия.

Қазіргі еліміздегі қабылданып, жүзеге асып жатқан орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы негізінде «Дене шынықтыру» пәнінің мәртебесі артты деуге болады. Мұнда пән белгілі бекітілген нормативтік талаптар бойынша тек дене шынықтырып қана қоюға бағыт алмайды. Арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделеді. Жеке адамға бағытталған тәсіл арқылы бала организмнің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін дене жүктемелерін мөлшерлеуді көздейді. Пәннің мазмұны әрекет ету тәсілі балада қозғалыс арқылы дамитындығын қарастырса, құзыреттілік тұғырды басшылыққа алу негізгі біліктерді меңгертуді көздейді. Сондай-ақ, денсаулықты сақтау тәсілін үйрету үрдісінде баланың өз физикалық саулығына жауапкершілікпен қарауға баулиды.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасы оқушылардың ағзасын дамытуға және оның дене белсенділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірден-бір пән. Оқушылар түрлі жаттығуларды орындауға, дене қабілеттерін дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік беретін жан-жақты құрастырылған оқу бағдарламасы арқылы аталған міндетке қол жеткізуге болады. Нәтижесінде оқушының бойында дене тәрбиесі жаттығуларының адам ағзасына тигізетін оң әсері туралы білім жүйесі қалыптасады. Ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, барлық дене сапаларын жетілдіру – дене шынықтыру пәнінің басты мақсаты болып табылады. Сондықтан бұл пәнді оқыту мазмұны мен әдістері жаңартылуы да заңдылық деп санаймыз.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту оқушыларға:

а) пән туралы білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға;

б) қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және оқушылардың дене дамуын жетілдіру қажеттіліктерін бағалауға;

в) адамгершілік қасиетін дамытудың маңыздылығын түсінуге және әділ бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсінуге;

г) жеке гигиена туралы ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге;

д) дене қимыл-қозғалыс жаттығулары адамның дене жүйелеріне әсерін білуге;

е) өзінің және басқалардың дене жағдайын бағалауға;

ж) сыни тұрғыдан, шығармашылық ойлау қабілеттерін және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Ендеше, басқа пәндер сияқты бұл сабақтарда білім мазмұнын игеруде инновациялық әдіс - технологиялардың қолданылуы заман талабы.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында дене шынықтыру пәнінде ортақ тақырыптар оқушының өз іс-әрекетімен тікелей байланыста қарастырылады.

Бұл пәнде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұратын критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге

асырылады. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру үрдісін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Бұл жағдай орта мектептер үшін дене шынықтыру пәні мұғалімдерін даярлауға жаңаша көзқарастарды қалыптастырып, жүктелетін талаптарды жоғарылатады. Педагогикада мұғалімге қойылатын кәсіби талаптардың жиынтығы олардың педагогикалық іс-әрекетке дайындығымен анықталады. «Дайындық» феномені бұл педагогиканың да, психологияның да зерттеу объектісі. Болашақ ұстаздың педагогикалық іс-әрекетке дайындығының құрамдас бөліктері - кәсіби өзін-өзі тану, іс-әрекетке деген көзқарас немесе қарым-қатынас, мотивтер, іс-әрекет тақырыбы мен әдістері туралы білім, осы әдістерді практикалық іске асыру үшін дағдылар мен қабілеттер, сонымен қатар жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері. Ұзақ мерзімді дайындықты жаңа жағдайларға көшіру кезінде жағдайға сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Сыртқы факторларға: жаңалық, қиындықтар, міндеттердің шығармашылық табиғаты, айналадағы жағдайлар, қатысушылардың мінез-құлқы жатады. Ішкі жағдайларға - субъектінің іс-әрекетке дайындығы, оның психофизиологиялық жағдайы, алдағы жұмысқа жұмылдыру, эмоционалды тұрақтылығы мен дайындық деңгейін бақылау мүмкіндігі енеді. Біз қарастырып отырған рефлексивтік мәдениет ішкі факторларға жатады.

Осы ретте «даярлау» ұғымының мәнін ашу қажеттігі туындайды.

«Дайын» ұғымы «даяр, әзір» сөздерінің синонимі ретінде қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «дайындық» белгілі бір шаруаға әзірлік, қам жасаушылық деп сипатталады [54].

Даярлау – бұл өзара байланысқан элементтердің біртұтас кешені. Оның басты сипаттамаларына тұтастық, құрылым, қызмет «байланыс» ұғымдары жатады. «Даярлау», «тұтастық» ұғымдары стратегиялық, ал «байланыс» даярлаудың түзілуі мен талдау құралы ретінде көрініп, конструктивті рөл атқара отырып, байланыстар топтамасын мәнді етеді. Білім берудегі байланыстар құрылымдараралық, пәндераралық және пәнаралық байланыстар деп бөлінеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде қазіргі уақыттарда еңбекке, іс-әрекеттің алуан түрлеріне адамның дайындығы феномені туралы теориялық және тәжірибелік материалдар біршама жинақталған. Оларда «дайындық» ұғымы тұжырымдалып, дайындықтың мазмұны, құрылымы, негізгі параметрлері анықталып, оның көрініс беруінің динамикасы, ұзақтығы және тұрақтылығына әсер ететін шарттары айқындалады. Негізінен кәсіби іс-әрекетке дайындық іс-әрекетті тудыратын тұлғаның белсенді күйі; іс-әрекеттің салдары; кәсіби жағдаяттарға бағдарды анықтайтын сапа; мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғы шарты ретінде сипатталады.

Жоғары өнімділік дәрежедегі іс-әрекетке «дайындық» немесе «даяр болу» ұғымын Б.Г.Ананьев «қабілеттердің көрініс беруі» деп [55], В.А.Крутецкий «іс-әрекетке дайындықты» тұлға қасиеттерінің синтезі деп таниды [56]. С.И.Архангельскийдің пікірінше, педагогтың ұстаздық әрекетке «даяр» болуы оның өз пәнін шебер жүргізе алуында, оқу ақпаратын ұғынықты жеткізе

білуінде, оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын оята алуында, өзінің еңбекқорлығы, табандылығы, педагогикалық мәселелерді шешудегі дербестігінде көрінеді [57].

Сайып келгенде, барлық анықтамаларда дайындықтың мазмұнында:

- мұғалімдік мамандыққа, педагогтың алуан түрлі әрекеттеріне оң қатынас;
- тұрақты кәсіби қызығушылықтар; педагогикалық іс-әрекетке тұрақты мотивтері;
- педагогикалық әрекет нәтижелеріне қатысты жауапкершілікті сезіну;
- кәсіби іс-әрекеттің сәйкес талаптары, тұлғаның сапалары, мінездің сипаттары;
- кәсіби маңызды білімдер, біліктер, дағдылар, оларды жұмылдыруға және белсендіруге қабілеттілігі;
- дамыған педагогикалық қабілеттер; кәсіби міндеттерді шешудегі өзбетінше әрекет етуі;
- эмоциялық, еріктік, сезімдік аймақтардың дамығандығы (шабыттылық, өз жетістігіне сенім арту, өзін өзі басқару білігі, сенімсіздікті жою, қорқыныш пен үреймен күресу және т.б.);
- қабылдаудың, зейіннің және ойлаудың тұрақты кәсіби маңызды ерекшеліктері сияқты компоненттердің болу керектігі анықталған.

Тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындығы оның сол мамандыққа бағыттылығына да тікелей тәуелді. Бұл ретте И.А.Кучерявенко «дайындықты» мүмкіндіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тұлғаның мотивациялық, танымдық, эмоционалдық және ерік-жігерлік қасиеттердің жиынтығы және оның жалпы психо-физиологиялық күйі ретінде; белгі бір әрекеттерді орындауға бағдарланған тұлғаның бағыттылығы деп тұжырымдайды [58].

Біз бұл пікірдегі айтылған ойлармен келісе отырып, болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби даярлығы құрылымында осылардың барлығы болуы керек деп санаймыз.

Л.А.Кандыбович кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселесін тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғыдан қарастыра келе, оның біртұтастылығы, барлық жақтарының көрініс беруі деп есептейді [59]. А.А.Деркач кәсіби іс-әрекетке тұлғаның дайындығын зерттеу барысында оны маман тұлғасының барлық жақтарының біртұтас көрініс беруі ретінде қарастырып, оған танымдық, мотивациялық және эмоциялық компоненттерді кіріктіреді. Ғалым дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-құндылықтық негізгі компонент ретінде анықтайды [60]. Біздің ойымызша, айтылған ғалымдар пікірлерінде қарама-қайшылық жоқ. Керісінше, бірін-бірі толықтырып тұр деп санаймыз.

«Даяр болу» категориясына О.В.Юдин құндылық тетік ретінде ішкі сенімділікті; мотивациялық тетік ретінде әрекетке деген қажеттілікті; субъектілік тетік ретінде кәсіби сапалардың қалыптасқандығын; еріктік тетік ретінде кәсіпте жетілуге деген ұмтылысты; операциялдық тетік ретінде замануи құралдарды пайдалана алуды жатқызады [61].

Ғалым әрекетке даяр болудың барлық тетіктерін нақты айқындаған деген пікір білдіреміз.

Қазіргі мамандарды дайындаудың сапасын арттыруды маңызды мәселелердің бірі ретінде көтере отырып, Қазақстандық ғалым Г.К.Нұрғалиева «дайындау сапасы» ұғымының мағынасы «білім беру сапасы» ұғымымен салыстырғанда тар болып келетіндігіне тоқталып, мамандарды сапалы дайындау төмендегілерді көздейді деген тұжырым жасаған:

- білім алушыларды берілетін білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;

- олардың беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру;

- таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына деген білім алушылардың мотивациясын зерттеу;

- білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастырушы біліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау;

- мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөліп көрсету [62].

Бұл тұжырымдама ЖОО маман даярлауда басшылыққа алынатын мәселелер қамтылған.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, «дайындық» ұғымы іс-әрекет теориясының категориясы ретінде қарастырылатындығын анықтадық. Сонымен бірге, бір жағынан, «дайындық» дайындау үдерісінің нәтижесі, екінші жағынан, бір нәрсеге бағдарлану ретінде түсіндірілетіндігіне көз жеткіздік.

Белгілі бір әрекетті орындауға «даяр болу» ұғымының өте кең тарағанына қарамастан, психологиялық педагогикалық интерпретациясы әралуан. Бір жағынан «даяр болу» әрекетті табысты орындаудың шарты, өз тәжірибесіне сүйеніп мәселені шешудегі тұлғаның белсенділігі, өзін - өзі жүзеге асыруы, әрекеттің алғышарты әрі реттеушісі ретінде анықталады. Екінші жағынан – «даяр болу» тұлғаның сапалары мен қасиеттерінің жиынтығы, «кешенді сапасы», «жүйеленген сапалар жиынтығы» түрінде де анықталады.

В.А.Сластениннің пайымдауынша, кәсіби әрекетке даяр болу оқыту барысында педагогикалық құбылыстарды байқай, бағалай алу, әрекетті, оның байланыстарын талдай білу, оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыра алу техникасын пайдалана алу, өзін әртүрлі жағдаяттарға бейімдей алу сияқты арнайы біліктердің болуы. Ол болашақ мұғалімнің психологиялық дайындығын оның психикасының стресстік жағдайлардың әсеріне, тұлғаның бейімделуіне және маманның өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне деген сенімділігінің сәйкес деңгейі деп анықтайды [63].

Л.М.Осиновская «педагогикалық әрекетке даяр болуды»: *тұлғалық даярлық* компоненті – педагогтың өз өмірлік бейнесін ұғынуы, өзі таңдаған өмір жолына сәйкес өзінің нақты бағдарламасын құра алуы, білім беру барысындағы жағдаяттарды шеше алуы; *анперцептивті-аксиологиялық* компонент – педагогтың қоршаған әлемнің құндылық мағынасын айқындай алуы; *когнитивтік компонент* – педагогикалық, психологиялық білімдер мен біліктер жүйесінен құралған теориялық дайындығының болуы; кәсіби

педагогикалық даяр болудың төртінші компоненті – ұйымдастырушылық - педагогтың білім алушыларды белсенді әрекетке тарта алу біліктерінің болуы сияқты төрт компоненттен тұрады деп есептейді [64]. Болашақ педагогтардың кәсіби әрекетке даяр болуы келтірілген екі анықтамада да анық айқындалған деп санаймыз.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби дайындығы оның осы мамандық бойынша алған білімі мен дағдыларымен ғана емес, сонымен бірге кәсіби маңызды қызметтерді жүзеге асыруға психологиялық дайындығымен де анықталады. Олай болса, психологиялық дайындыққа қатысты кейбір пікірлерге тоқталуды жөн деп санаймыз. Мысалы Н.В. Кузьмина кәсіби іс-әрекетке психологиялық дайындықты оған кәсіби қызметті қазіргі заман деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мұғалімнің білімі, дағдылары ретінде қарастырады [65].

А.Е.Штайнметцтің пікірінше кәсіби іс-әрекетке психологиялық дайындық: субъектінің идеялар мен тұжырымдамалар, ойлау мен дағдылардың тәсілдері, уәждемелер, тұлғалық ерекшеліктер сияқты мотивациялық-семантикалық дайындығын және кәсіптік қызметті жүзеге асыру қабілетін қамтамасыз ететін психикалық құрамалардың жиынтығы [66].

О.М.Красноярцева психологиялық дайындықтың компоненттерін анықтады: кез-келген психикалық құбылыстар мен көріністерге дейінгі көзқарастардың болуы; мотивациялық дайындық; даралау арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға кәсіби және жеке дайындық сияқты [67].

Аталған ғалымдардың болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы құрылымына енетін психологиялық дайындық біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысы бар деп есептейміз. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениеті де осы психологиялық дайындық аясында қалыптастады.

Алайда, білімі, дағдылары мен қабілеттері, сондай-ақ көшбасшылық қабілеттері мен қасиеттері бар болашақ маман дене шынықтыру мен спорттық қызметті басқаруға дайын болмаса, ішкі көңіл-күйінің болмауына байланысты оның кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығы туралы айту қиын. Сондықтан О.Ф. Жуков психологиялық дайындықтың маңызды құрамдас бөлігі болашақ мұғалімнің дене шынықтыру және спорт саласындағы кәсіби қызметке құндылық қатынасы мен оған деген қанағаттанушылығынан көрінетін мотивациялық компонент болып саналады деп есептейді [68].

Сонымен қатар, кәсіби педагогикалық іс-әрекетке психологиялық дайындық басқа адамдармен жұмыс істеуге, адамның дүниетанымдық жетілуіне, кең және жүйелі кәсіби және пәндік құзіреттілігіне, сонымен қатар коммуникативті, дидактикалық қажеттіліктері мен аффеляциялық қажеттіліктеріне назар аударуды қамтиды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, болашақ денешынықтыру мұғалімінің психологиялық дайындығы дегеніміз оның психикалық қасиеттері мен қабілеттерінің, кәсіби қызметтің таңдалған түрін жүзеге асыруға қажетті мотивациялық жағдайының жиынтығы деп санаймыз.

Дене тәрбиесі, адам тәрбиесі мен дамуының негізгі бөлігі бола отырып, терең тарихи тамырларға ие. Төменде келтірілетін тарихи деректеросы ойымызды айғақтайды. Біздің дәуірімізге дейінгі (БДД) VI-V ғғ. қазіргі Қазақстан жерінде тұрып, өмір сүрген біздің арғы ата-бабаларымыз – сақтардың кезінде өз заманына сай әскери-жауынгерлік және жарыс-сайыс бағытындағы дене тәрбиесі жүйесі болған. Негізгі кәсіптері мал өсіру болған сақтарға кенеттен келген жауларынан отбасын, елін, жерін қорғау үшін өте сезімтал, күшті, епті, төзімді, батыл болуы керек болды. Сондықтан да олар бала кездерінен атқа міну, садақ ату, күрес жаттығуларымен айналысқан.

Сол кездерде сақтармен қатар өз жерлерінде өмір сүріп жатқан гректердің «спартандық», «афиндық» дене тәрбиесі жүйелері болғаны белгілі. Сол спартандық құрбылары секілді сақтардың да қыз-келіншектері де ерлермен бірдей дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысқан, жаумен соғысқан. Сақ патшайымы Томирис пен оның құрған «Шығыс амазонкалары» әйелдер әскер бөлімі, «Бабыл» Византия патшасы Кирмен соғыстың шешуші кезеңіндегі жеңісте өте үлкен рөл атқарғаны тарихта мәлім.

БДД II ғ. Шығыс Түркістанда пайда болып, біздің дәуірімізде Қазақстан жерінде қоныстанған ғұндардың дене тәрбиесі жүйесі сақтардың дене тәрбиесі жүйесіне ұқсас болған. Олар ат үсті жаттығуларына шебер болған, шауып келе жатқан аттың үстінде ауысып, теріс отыру, тік тұру, жерге секіріп түсіп, қайта отыру, шауып келе жатып жерден қамшы алу, жамбы атып түсіру секілді жаттығуларды ғұндар өте жетік меңгерген. Осы кездегі еліміздегі және Еуропа цирктеріндегі ат үсті жаттығуларын ғұн дене тәрбиесі жүйесінен алынған деген цирк өнерін зерттеушілердің дәлелдері бар.

Шыңғысхан құрған «Мың қол» империясы кезінде (XIII-XII) әскери - «Ерлердің үш ойыны» (күрес, садақ ату және атқа шабу) атты дене тәрбиесі жүйесі іске асырылса, Әмір Темір билігі кезінде (XI) жеке сайыс, шахмат (шатрантаж) өнерлері дамыды. XV ғ. бастап Қазақ хандығы кезеңінде дене тәрбиесі жүйесі ұлттық ойындарды және әскери-жауынгерлік өнерлерді жетілдіру сипатында болып, қазақтың ұлттық ойындары – ат бәйгесі, жорға жарыс, күрес дамыды. Сол кездегі дене тәрбиесі жүйесінің өз заманына сай болғанының дәлелі қазақ халқының ұлан-байтақ жерінің сақталып қалуының дәлелі деуге болады [69].

XX ғ. Кеңес дәуірінің де өзіне тән ерекше социалистік дене тәрбиесі жүйесі болды. Спорттық құрылыстар, құрал-жабдықтар мемлекет қарауында, иелігінде жұмыс жасады. Осы кезең спортшылары соның арқасында Олимпиада ойындарында, халықаралық жарыстарда тұрақты жеңімпаздар қатарында болды.

Дене тәрбиесі, спорт мамандарын даярлау мәселесі ғылыми тұрғыда зерттеле бастауы да осы кезең еншісінде. Дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды даярлау 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында дамығанын атап өткен жөн. Өзінің көптеген жылдар бойында айтарлықтай түйіткілді мәселелер жиналды, бұл негізінен дене тәрбиесі мен спорт саласы қоғамның шындықтарымен қатар ғылыми, әдістемелік және таза

практикалық жоспарда үнемі дамып, отыруымен байланысты. Дәл осыған байланысты дене шынықтыру мен спорттың кадрларға деген нақты практикалық қажеттіліктері, бір жағынан оларға қойылатын қазіргі заманғы талаптар, екінші жағынан дене тәрбиесі мамандарын даярлаудың дәстүрлі құрылымы мен мазмұны арасындағы белгілі бір сәйкессіздік туындады.

Дене шынықтыру мұғалімін кәсіби даярлау - бұл кешенді, кіріктірілген педагогикалық үдеріс ретінде маманның жеке басының, жалпы және кәсіби мәдениетінің дамуы, кәсіби дайындығы мен күзiреттiлiгiнiң қалыптасуын қамтамасыз етедi. Бұл мәселеге өткен ғасырдың 90- жылдарының басынан бастап ерекше көңiл бөлiнiп, рухани және физикалық күштерi үйлесiмдi дамыған тұлғаны қалыптастырудағы дене шынықтырудың мүмкiндiктерiн толық пайдалану және осы талаптарды жүзеге асыруға даяр мұғалiмдердi даярлау iсi жан- жақты қолға алынды.

Дене шынықтыру-мәдени-педагогикалық бiлiм берудiң даму тарихында бiр-бiрiн алмастыратын әртүрлi тенденциялар байқалады. ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасына дейiн онда биомедициналық ғылымдар басым болды. Содан кейiн дене тәрбиесi теориясы мен спорт психологиясы бiрiншi орынға шықты. 80- жылдар педагогикалық ғылыми мектептердiң, әсiресе жеке әдiстемелер саласында қарқынды дамуымен сипатталды. Осы кезеңде «Спорт педагогикасы» атты жаңа оқу және ғылыми пән пайда болды. Оның мазмұны дене тәрбиесiнiң алдыңғы теориясының тар шеңберiнен шығып, оны дене шынықтырудың биологиялық мәнiне бейiмдеуге бағытталған.

Дене тәрбиесi мәселелерiне арналған зерттеулерде оның гуманитарлық сипаты, халықтың денсаулығын арттыру және қоғамда салауатты моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру мәселелерiн шешудегi әлеуетiне назар аударылды. Осы тұста адамның физикалық дамуының қоғамдағы ролiнiң қаншалықты маңызды болғандығына аздаған ретроспективалық талдау жасау қажеттiгi бар деп ойлаймыз.

Атап айтсақ, дене тәрбиесi мазмұнының мәселелерi А.Г. Барабанов [70], Э.П.Каргаполов [71], В.И. Маслов [72], В.Н.Платонов [73], Э.Р.Яхонтов [74] және т.б. еңбектерiнде қарастырылды.

Зерттеушi Е.Р.Ильин дене тәрбиесi мен дене шынықтыру мәдениетi қоршаған орта факторларын, биоэнергетикалық құбылыстарды, психикалық дағдарыстардың психологиясын, олардың алдын-алу және физикалық белсендiлiк көмегiмен еңсерудi ескере отырып, психикалық өзiн-өзi реттеу сияқты мәселелердi бiлу әлi де қамтымайтынын атап өттi [75]. Осыған байланысты, дене шынықтыру адам мен оның денсаулығына деген тұтас көзқарасты қалыптастыруға көмектесетiн бiлiм беру пәндерiнiң интеграторы ролiн атқаруы мүмкiндiгiне назар аударады. Бұл ретте анатомия, физиология, гигиена, психология пәндерiнде денсаулықты сақтауға байланысты бiлiм мен дағдыларға ие бола алатындығы аталады. Олармен қатар жүретiн дене шынықтыру денсаулық сабақтарының ажырамас бөлiгi болады, онда студенттерге салауатты өмiр салтын сақтау туралы ақпарат беретiндiгi

дәйектеледі және мұндай комбинация дене шынықтыру мұғалімдері үшін өте орынды және шетелдік тәжірибеге сәйкес келетіндігі тілге тиек етіледі.

Н.Н.Альфимов пен С.П.Евсеев, Г.А.Шашкин кәсіби дене шынықтыру білімін дамытудың беталыстары туралы ой қозғап, қазіргі кезеңде жоғары білім берудегі басты міндет жастардың білімнің жаңа бөлімдерін игеруге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру және оны қоғамның қазіргі даму жағдайларында өмірге дайындауға бағытталуы керек екендігіне тоқталып, «жоғары дене тәрбиесі жүйесінде ғылым мен өмірдің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келмейтін оқу бағдарламалары бойынша жұмыс жасайтын ЖОО оқытушыларының дәстүрлі іс-әрекеттерінен шығу керек. Оқыту жүйесін және ұсынылған білім көлемін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қайта қарастыратын уақыт жетті»- деген пікірлерін білдіреді. Біз де дене шынықтыру сабақтары тұлғаның жан-жақты дамуын кепілдендіретін пән ретіндегі орынын айшықтай отырып, айтылған ойды қуаттаймыз және инновациялық әдістердің кеңінен қолданылуы қажет деп есептейміз [76].

Зерттеушілер М.Я.Виленский [77], С.В.Дмитриев [78], Л.П.Матвеев [79], В.И.Столяров [80] т.б. дене шынықтыру саласындағы ғылыми еңбектерінде дене тәрбиесі және осы бағыттағы мұғалімдер білімі мәселелеріне жан-жақты талдау жасалады. Дене шынықтырудың жеке тұлғаның ажырамас қалыптасуы ретіндегі түсіндірмесін М.Я.Виленский бере отырып, жеке тұлғаның дене мәдениетінің:

- дамудың, жеке тұлғаның физикалық жетілуінің идеалы (денсаулығы, соматикалық келбеті, функционалды жағдайы және дене шынықтыру, қозғалыс қабілеттері және т.б.);

- жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларына байланысты құндылықтар (әлеуметтік тану, өзін-өзі тану, мінез ерекшеліктері, ерік-жігердің көрінісі, «бұлшықет қуанышы» және т.б.);

- трансформациялық, танымдық, коммуникативті және басқа қызмет түрлерінде көрінетін рухани құндылықтар жүйесін айқындайды. Бұл құндылықтың құрылымында оның маңызды құрамдас бөлігі ретінде адамның жеке басы тұратындығына тоқталады [77,с. 131].

В.А.Метаева т.б.ғалымдар бұл саладағы:

- дене шынықтыру теориясы негізінен моторқызметтерін дамытуға бағытталған және студенттердің жеке басының дамуына іс жүзінде ешқандай бағыт жоқ;

- оқу-жаттығу жиындарының құрылысы спорттық жаттығуларымен ұқсастық бойынша жүргізілді;

- тұлғалық қабілеттерін қалыптастыру және өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылыс жоқ;

- педагогикалық білім саласы негізінен оқыту мен тәрбиемен шектеледі, дене тәрбиесі теориясы педагогиканы тек практиканы жүйелейтін теория ретінде түсінбестен, тәрбиедегі практикалық іс-әрекет саласы ретінде қарастырады сынды кемшіліктерді атап көрсетеді [81].

Бұл пікірлерді біз де қолдай отырып, өз жұмысымызда басшылыққа алдық. Себебі аталған кемшіліктердің бүгінгі күні де орын алып отырған жағдайлары бар.

Бірқатар қазақстандық ғалымдар өз еңбектерін дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудың, олардың кәсіби қабілеттері мен қасиеттерін қалыптастыру мәселелеріне арнады. Мәселен, А.Қ.Тшанов бапкер-оқытушыны кәсіби-педагогикалық дайындаудың орта спорттық-педагогтық білім беру жүйесіндегі теориялық-әдістемелік негізін құрайтын ережелер жиынтығының негіздемесін жасады [10]. Зерттеу жұмысында спорт педагогтарын даярлаудағы бұрын қарастырылмаған құбылыстарды айқындайтын жаңа түсініктердің мазмұны ашылып, бапкер-оқытушының кәсіби-педагогикалық мәдениеті, кәсіби-педагогикалық дайындаудың теориялық және тәжірибелік құрамдас бөліктерінің жеке даралануы жүзеге асырылады. Бапкер оқытушыны спорт колледжі жағдайында кәсіби-педагогикалық дайындаудың тұжырымдамалық негіздері мен нобайы ұсынылады.

«Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтары студенттерін шағын кешенді ауыл мектептерінде қосымша дене шынықтыру сабақтарын жүргізуге дайындау» атты зерттеу жұмысында Ж.М.Есиркепов – шағын кешенді ауыл мектебі жағдайында дене тәрбиесі бағдарламасында қарастырылмаған спорт және дене жаттығуларының ырғақты гимнастика, ұлттық қимыл-қозғалысты ойындары, жеңіл атлетика, үстел теннисі, және бадминтон сияқты түрлерін тәжірибеге енгізудің жолдарын ұсынады, ол сабақтардың құрылымын, оқыту бөлімдері мен дене қабілеттерін дамыту бағыттарын айқындайды [82]. Болашақ мамандардың дене шынықтыру сабақтарын сапалы жүргізуге қажетті дидактикалық іскерліктерін жүйелеп, бүгінгі күн-талабына сай келуін теориялық және практикалық білім алу мәселесін жан-жақты қарастырады. Үш түрлі қосымша сабақтарды-оқу жүктемесінен шектелген сабақ, қосымша сабақ, өз бетінше сабақтардың оқу тақырыптары мен тапсырмаларын, оқу уақыттары мен оқу сағаттарына бөле отырып, әдістемесін ұсынады.

Қарастырылып отырған екі зерттеудің де біздің жұмысымыз үшін маңыздылығы спорт және дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау мәселесінің терең талдануында, практикалық ұсыныстардың әрқырлылығында. Ал осындай көпсалалы міндеттерді табысты атқару үшін болашақ мұғалімдердің өзінің және оқушылардың әрекеттерін үнемі талдап, ой елегінен өткізіп, тиісті қорытындылар жасап отыруы қажет. Бұл мәселе біздің жұмысымыздың негізгі идеясы болып табылады.

Мамандандырылған спорт колледжі жағдайында бапкер-оқытушыларды кәсіби-педагогикалық дайындау олардың болашақ кәсіби қызметі тиімділігінің алғы шарты, оның жеке басының қалыптасуына, жалпы және кәсіби педагогикалық даму үдерісіне негіз болады.

Б.Қ.Мухаметжанов болашақ дене мәдениеті мамандарының кәсіби даярлаудың әдіснамалық және теориялық негіздерін анықтаған және бүгінгі күнгі мән-жайын қарастырды [83]. Дене мәдениеті білім мен тәрбие беру

саласының басты міндеттерінің бірі бола отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне себепші болады.

М.Т.Стамқұловтың диссертациялық зерттеуінде дене тәрбиесі мен спорт бойынша мамандарды дайындауда жеке адамды әлеуметтендірудің қазіргі жағдайына талдау жасалады; өткен кезеңдегі оқиғалар мен құбылыстарды еске түсіруді дамытуды қарастыратын, үйретудің ескі жүйесінен, болашаққа ұмтылған үйренушілердің өзгелерге ықпал ететін (ізденісті) қабілеттерін дамытудың жаңа педагогикалық жүйесіне ауысуды жүзеге асыруды ұсынған, оқу орындарындағы дене тәрбиесін жетілдіру мақсатындағы жастар мен мамандардың пікірін анықтаған; жоғары нәтижелерге жетудің себептердің жоғары деңгейін қарастыратын, кәсіби қызметтегі өзін реттеумен міндетті түрде байланысқан кәсібилік пен шеберлік-үйретудің ықпалды педагогикалық жүйесінің жеке тұлғаға қатысты ерекшеліктерін анықтай келе, дене тәрбиесі мен спорт бойынша мамандарды дайындау үшін жеке тұлғаны әлеуметтендіру тұжырымдамасының практикаға үлгісін ұсынады [84].

Бұл зерттеулер спорт педагогтарын даярлаудың әлеуметтік астарларына назар аударады. Осы мәселенің қарастырылуы болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауда басшылыққа алатын құнды еңбектер.

Б.С.Омаровтың зерттеу жұмысында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің мәні мен ұлттық спорттың дене тәрбиесі құралы тұрғысынан зерттеудің мәселесі ретінде мүмкіндіктері анықталады. Ұлттық спорт түрлері негізінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі құрастырылып, жаңа элективті курс, басқа да әдістемелік құралдар тәжірибеге ендірудің маңыздылығы дәлелденеді. Әсіресе, тоғызотау және бесотау, «тоғыз арна» ойын тақталарының жасалып, жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендірілуі практикалық құндылығын айқындап тұр деп есептейміз [85]. Зерттеудің ұлттық спорт түрлерінің (қазақ күресі, тоғызқұмалақ) әлемдік деңгейде қолдау табуы жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттігін дәйектейді.

А.В.Тен жоғары білікті дзюдоист-қыздардың дара психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың техникалық-тактикалық әрекетін оңтайландыру жолдарын қарастырды. Зерттеу жұмысында дзюдомен шұғылданатын қыз балалардың «ойлау жылдамдығы», «белсенділік», «практикалық» және «беймазалық» сияқты тұлғалық мәнді қасиеттері қарастырған, техникалық-тактикалық әрекеттерінің тиімділігі мен дзюдомен шұғылданатын қыз балалардың тұлғалық қасиеттерінің өзара байланысы айқындалады; тұлғалық қасиеттер мен мотивациялық ерекшеліктерінің өзгерудегі оңтайлы динамикасын сипаттайтын тапсырмалар кешендері құрастырылады [86]. Аталған еңбектегі психологиялық ой пікірлердің біздің зерттеуімізбен үндестігі бар деп санаймыз.

М.Қ.Мамытов болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін зерттеген және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеуге талпынған [87]. Автор дене

тәрбиесі мұғалімдерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесін «педагогикалық мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының бірлігі ретінде қарастырып, ерекшеліктерін айқындаған.

А.Т.Балабековтың зерттеу жұмысы болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін арнайы спорт мектептеріндегі тәрбие жұмысына дайындау мәселесіне арналып, оның әдістемелік жүйесін жасады [88]. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді арнайы спорт мектептеріндегі тәрбие жүйесіне дайындау кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі екендігін дәйектейді.

А.Б.Дошыбековтың еңбегінде дене шынықтыру-сауықтыру қызметі саласындағы маркетинг бойынша болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау мәселесі көтеріліп, оны шешудің деңгейлері анықталады, «маркетинг», «дене шынықтыру-сауықтыру қызметі», «дене шынықтыру-сауықтыру қызметі саласындағы маркетинг бойынша болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау» ұғымдарының мәнін ашады. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі саласындағы маркетинг бойынша болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін *уәждемелік, танымдық, іс-әрекеттік* компоненттердің өзара байланысы арқылы құрастыра отырып, маркетинг бойынша болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудың әдістемесін әзірлеп ұсынады [89].

Дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогикалық кадрларды даярлау сапасын жоғарылату білім алушылардың білік, дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен өздерінің белсенділігін тудыру мәселесін өзекті етеді. Студент ақпаратты жинақтай, жүйелей, талдай, қолдана, нәтижеге өзіндік баға беруге дағдылануы керек. Осыған байланысты болашақ спорт педагогтарын даярлаудың барлық кезеңдерінде олардың өз бетінше білім алуы, өзінше дайындалуы, өзін өзі жетілдіру дағдыларының қалыптасуы басты назарда ұсталынғаны жөн деген пікір білдіреміз. Ол үшін болашақ дене шынықтыру мамандарын даярлау бағдарламаларын түзуде студенттің жеке жауапкершілігін, шығармашылық белсенділігі қағидаттары басшылыққа алынуы тиіс. Сонда ғана болашақ дене шынықтыру мұғалімі өзінің маман ретіндегі дайындығының нәтижесіне өзі жауапты екендігін сезінетін болады.

Біздің пікірімізше, жоғары білікті мамандарды заманауи деңгейде оқыту тек қана терең, жүйелі және жоғары сапалы іргелі білімді меңгеруді, тиісті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар олардың мотивациялық қажеттіліктер саласын, өзін-өзі тану және шығармашылық қабілеттерін дамытуды білдіреді [90].

Заманауи білім беру стандарттары болашақ маманды өзінің кәсіби маңызды жеке сипаттамаларын қалыптастырумен қатар біліммен қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, қазіргі заманғы зерттеулерде еңбек психологиясы, педагогика және психология, жаңа білім беру және білім беру технологияларына көшу, атап айтқанда, тұлғалық бағдарланған және құзыреттілікке бағытталған оқыту және білім беру ұсынылады.

Осындай амалдардың негізінде кәсіптік рефлексияны өзіндік ерекшелігі, ойлау қабілеті, оның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай және кәсіби шеберліктің жоғары деңгейіне жету, кез келген бейінде маман дайындау үшін маңызды. Бұл жағдайда жоғары білімдегі оқу үрдісі жағдаяттық пен проблемалық деңгейлерге бағытталуы керек.

Бұл ретте дене шынықтыру пәнінің басқа пәндер сияқты маңызды пән екенін айта кеткен жөн. Өкінішке орай, ұзақ жылдар бойы бейнелеу өнері, ән – күй, еңбек, дене шынықтыру сабақтары «қосымша» сабақтар болып келгені жасырын емес. Пәнге деген осындай «бағадан» оның мұғаліміне деген көзқарас туындайтыны белгілі. Ал шындығына келсек, тек дені сау, физикалық қасиеттері, қозғалыс белсенділігі, моторикасы дамыған, сондай - ақ дененің физиологиялық және психологиялық қызметтері жетілген бала ғана дұрыс білім алып, тағылымды тәрбиені қабылдайды.

Қоғам жоғары білім беру жүйесінен іргелі білімі бар, кез-келген, оның ішінде ерекше мәселені шешуге шығармашылықпен қарайтын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, адамгершілік және физикалық сау мамандарды даярлауды талап етеді. Соңғы жылдары жастардың денсаулық жағдайы медициналық мамандарды алаңдатады. Халық арасында насихатталатын салауатты өмір салты адамдардың тыныс-тіршілігінің міндетті компонентіне айналған жоқ, өйткені жеке адамның денсаулығы әлі күнге дейін дәстүрлі түрде ұлттың жалпы денсаулығының құрамдас бөлігі ретінде емес, оның жеке проблемасы ретінде қарастырылады; салауатты өмір салтын ынталандыру жеке адамның қажеттілігіне айналған жоқ. Балалық шақтан бастап денсаулық мәдениетін қалыптастыру керек, ал мұғалімдер мұны істеуі керек, ал студенттердің педагогикалық профилінің жоғары оқу орындарында осындай іс-шараларға дайындалуы керек.

Жұмысымыздың осы тараушасында дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау мәселесінің ғылымда қарастырылуын талдай келе, біз бұл саланың заманауи педагогтарының сипаттамасын жасауды жөн деп санадық (сурет 1).



Сурет 1 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық әрекетке даярлығының бағыттары, мазмұны

Суретте бейнеленгендей, ол 4 құрамдас бөліктен тұрады. Оларға біз педагогикалық даярлығы: денешынықтыру пәні мақсат міндеттерін, жаңа мазмұнын, оқыту технологияларын білу, әрекетті рефлексиялай алуды жатқыздық.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық әрекетке даярлығының ішіндегі құрамдас бөлігіне педагогтың құзыреттіліктері енді.

Құзыреттілік – педагогикалық ұғым, әлеуметтік ерекше қабілет, ғылымда оның әртүрлі түсініктері мен әр қырлы сипаттамалары беріледі. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Дене шынықтыру мұғалімінің бұл маңызды сапасына білімнің ізгілік негіздерін түсіну, өз ісін білу, шәкірттерін ұйымдастыра білу,

нәтижелерді байқау, салыстыра білу, ынталандыра алу, өз пәні арқылы тәрбиелей білу жатады. Оларға: арнайы, әлеуметтік, коммуникативтік, ақпараттық, басқарушылық, ұйымдастырушылық, диагностикалықты жатқыздық.

Психологиялық даярлық. Жоғары оқу орыны оқытушыларының кәсіби әрекетке психологиялық даярлығының болуын ғалым Н.С.Ахтаева жүйелілік тұрғысынан қарастырады [91]. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің психологиялық дайындығы кәсіби даярлаудың барлық процесінің негізі болып табылады. Психологиялық дайындық - мұғалімнің қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, оған қажетті психикалық процестерді, жағдайларды, қасиеттер мен білім беруді дамыту және жетілдіруді білдіреді. Үрдіс ретінде психологиялық дайындық, біздің ойымызша, ең алдымен психологиялық білімді, дағдыларды, әр түрлі қызмет жағдайларында ұжымдарды сәтті басқаруға және топтағы тұлғааралық қатынастарды реттеуге сондай-ақ өзін-өзі реттеуге дайын болу үшін мақсатты жұмыс ретінде қарастырылуы. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің психологиялық дайындығына біз кәсіби қызметке құндылық қатынасы, кәсіби ойлауы, мамандықпен айналысуға деген мотивтері, қабілеттерін жатады деп санаймыз.

Дамыған тұлғалық қасиеттеріне: шығармашылық белсенділік, еңбексүйгіштік, адалдық, жанқиярлық, төзімділік, талап қоюшылық, қарапайымдылық, мәдениеттілік Мұғалімнің негізгі шығармашылық белсенділік, ақылдың икемділігі, еңбексүйгіштік, адалдық, жанқиярлық, адалдық, төзімділік, талаптылық, қарапайымдылық, мәдениеттілік жатады.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, әдетте: сыртқы келбетімен: үйлесімділік, жарасымдылық, әсем және ырғақты қозғалыстар, дене күші мен төзімділік, жаттығуларды орындау шеберлігі, батылдық, жоғары еріктік қасиеттерімен білім алушылардың назарын өзіне аударады. Оқу-жаттығу жиындары, спорттық жаттығулар мен жарыстар мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей және тұрақты байланыстар арқылы жүзеге асады. Бұл олардың арасындағы өзара түсіністіктің, білім алушылардың мұғалімге құрметпен қарауының пайда болуына ықпал етеді. Оқушылар үнемі көмек, қолдау және көшбасшылықты сезініп, мұғалімнің жетекшісі рөлін құрметтейді. Осындай сипатқа сай мұғалімдерді даярлау жоғары педагогикалық оқу орынының негізгі міндеті болып табылады.

Дене шынықтыру – бұл мәдениеттің ерекше және тәуелсіз саласы. Олай болса, бұл пәннің мұғаліміне де қойылатын өзіндік талаптар бар. Олардың ең бастысы: өз пәні бойынша жоғары деңгейдегі теориялық (психологиялық, педагогикалық), әдістемелік білімінің болуы.

Дене шынықтыру маманы педагогикалық үрдісті басқара отырып, сонымен бірге әр оқушының жаттығуын, тәрбиесін, білімін, көңіл-күйін, оқушылардың іс-әрекеттерін бір уақытта және жағдайға сәйкес көріп үйлестіре алуы тиіс. Оның жұмысының шығармашылық табиғаты оның кез-келген қалыптасқан жағдайдан шығуға дайын болуы, стандартты емес шешімдер қабылдауға, түпнұсқа және тапқыр дәлелдер таба білуі, адамдарды

ұйымдастыра білуі және оларды қиын жағдайда басқару мүмкіндігінде жатыр. Өз жұмысының шынайы шығармашылық табиғатын қамтамасыз ету үшін маманның нақты білім саласында және басқа да көптеген салаларда терең білімі болуы керек.

Зерттеу барысында біз болашақ дене шынықтыру және спортмұғалімдерінің педагогикалық дайындығының әлі де болса әлсіздігі белгілі, бір дәрежеде пәнаралық байланыстардың жеткіліксіз зерттелуі, педагогикалық практикадан өту кезінде оқу үрдісінде алған білімдерді толық қолданылмайды деген қорытындыға келдік.

Қазіргі уақытта бітіріп жатқан кадрлардың спорттық дайындығы жақсы, бірақ педагогика саласында кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі ұйымдастыруы, басқаруы мен әрекетке сыни баға бере білу құзыреттіліктері жеткіліксіз. Әсіресе спортшыға, спортқа тәрбиелеушіге тән өз әрекетін дұрыс бағалай алу, қателіктерді мойындау және одан тез арада қорытынды жасап, түзетудің амалдарын білу сияқты өте маңызды сапаны қалыптастырудың қажеттілігін атап айтқан болар едік. Сондықтан болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау мазмұнында осы мәселенің қарастырылуы тиіс деген пікірімізбен қорытынды жасап, жұмысымыздың келесі тараушасында диссертацияның түйінді ұғымдарының теориялық астарларын, түсіндірмелерін талдайтын боламыз.

1.2 «Рефлексия», «рефлексивтік мәдениет», «болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениеті» ұғымдарының мәні, құрылымы, өзара байланысы

Еліміздегі білімді дамытудың жаңа беталыстары жағдайында қай деңгейдегі де білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға, көп білетін, тіпті оны қолдана да білетін адам ғана емес, өз әрекетін бағдарлай, дұрыс ұйымдастыра, оны қайтадан ой елегінен өткізіп саралай немесе рефлексия жасай білетін тұлға қалыптастыруды жоғары орынға қояды. Осыған орай болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің өз әрекеттерін бағамдай, бағалай алуға даярлау білімнің басты идеяларының бірінен саналуы орынды. Жоғары оқу орындарында болашақ спорт педагогтарын даярлауда «рефлексия», «рефлексиялық мәдениетті қалыптастыру» ұғымдарының білім берудегі түйінді түсініктер ретінде басты ұстанымға айналдыру білім беру үдерісіндегі жоғарыда тоқталып кеткен қажеттіліктен туындап отыр. Осы тұрғыдан алғанда рефлексия феноменіне арналған ілімдер, көзқарастар мен пікірлерге талдау жасау жұмысымыздың негізгі міндеті болып саналады.

«Рефлексия» ұғымы философияда ертеде пайда болды және философиялық ойлаудың пәні ретінде қарастырылды. Рефлексия терминінің латын тілінен аудармалары: «reflekto»-кері бұру; «refleksys»-кері қозғалу, кері бұрылу; «reflexio»- кері қарау. Сонымен қатар латын тілінде «animum reflektare» - көңіл бөлу, еске түсіру, ойлау дегенді білдіреді. Рефлексия - субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үрдісі дегенді білдіреді [92].

Философияда рефлексия – адамның өзіндік әрекеттерін және олардың заңдарын қайта түсінуге бағытталған, теориялық іс-әрекетінің формасы. Философиялық сөздікте рефлексияның үш түріне түсініктеме беріледі. Олар: карапайым (әрекеттер рефлексиясы); ғылыми (жаңа білімді меңгеру әдістерінің рефлексиясы); философиялық (ойлау мен болмыстың шектелген қатынастарын және біртұтас адамзат мәдениетін қайта түсіндіру) [93]. Біздің пікірімізше бұл сипаттамалар рефлексияның әрекеттің барлық түрлерінде қолдануға болатын әмбебаптығын көрсетеді.

Рефлексия мәселесін Дж. Локк, Гегель және басқа да философтар қарастырған. Дж. Локк, білімді меңгерудегі рефлексияның ролін қарастырып, білім тәжірибесінің екі түрінің, яғни сезімдік және рефлексивтік негізінде пайда болатындығымен түсіндіріледі. Біріншісінің көзі түйсік, екіншісі-рефлексия. Дж. Локк рефлексияны – іс-әрекеттің ақылмен бақылану, әрекет идеяларының ойда бейнелену тәсілдері деп түсіндіреді [94].

Гегель адамның өзін танып білу қызметімен байланыста болатын рефлексияның екі деңгейін бөліп көрсетті:

– *бірінші деңгей* – рефлексияда пайдаланылатын құралдар талпыныс тудыра ма, талпыныс қанағаттандырыла ма, сонымен бірге бұл талпыныстарды қанағаттандыру үшін олар өте маңызды болып табыла ма? деген сұрақтарға жауап берумен сипатталса;

– *екінші деңгей* – рефлексияда әр түрлі талпыныстардың мақсаттары басты мақсатпен салыстырылады және олардың қанағаттандырылуы басты мақсатқа жетумен сәйкес келе ме?- деген сұрақтарға жауап берумен сипатталады.

Гегель еңбегінде сұрақтарға жауап шешім қабылдаудың негізі деп бөліп көрсетіп, рефлексия үрдісі «төменгі қабілеттіліктен оның жоғары деңгейіне ауысу ниетінен басталады», - деп түсіндіреді. Сонымен қатар, рефлексия басқа адамдармен әрекет үрдісіндегі өзара әрекеттестік және қарым-қатынас барысындағы өзін-өзі тану құралы ретінде қарастырылады.

«Рефлексия» ұғымы ресей философиясына неміс философиясы классиктерінің еңбектерінің Еуропаға кең таралуымен байланысты келді. Сонда да болса, мәселені дербес күрделі талдау және оны шешудің тәсілдерін құрастыру ХХ ғасырдың басындағы және ортасындағы әртүрлі философиялық мектептердің өкілдеріне қатысты екенін байқауға болады.

Ресейлік философияда рефлексияны талдау мәселесінің қойылуын анықтайтын басым бағдарлар ретінде, дәстүрлі түрде онтологиялық және гносеологиялық бағдарлар алынады. Сонымен, бірлік философиясында рефлексия сананың аса маңызды мазмұны болып саналатын, тұлғаның өзінің рухани, діни тәжірибесін саналы ұғыну тәсілі ретінде анықталады.

ХХ ғасырдың соңғы үшінші жартысында философтардың рефлексия мәселесіне қызығушылығы қайтадан арта түседі. Бұл рефлексия феноменімен байланысты философиялық мәселелер шеңберінің кеңеюіне алып келді. Белгілі ресейлік философтар В.А.Лекторский [95], М.К.Мамардашвили [96], Г.П.Щедровицкий [97] және т.б. еңбектерінде, рефлексия дәстүрлі онтологиялық және гносеологиялық аспектілерде ғана емес, сонымен бірге сана

мен іс-әрекет мәселесі контекстінде, аксиологиялық және философиялық-антропологиялық тұрғыда қарастырылды.

Осы айтылғандарды қорытындылай келе, келтірілген ойлар мен тұжырымдар мазмұнын кесте түрінде төмендегідей бейнеледік.

Кесте 1 - Рефлексияның философиялық жүйеде қарастырылуы

Ғалымдардың аты-жөні	Мазмұны
Джон Лок	Түйсік сыртқы заттармен тікелей ұштасады, ал бақылау сананың ішкі іс-әрекеттеріне бағытталғанда рефлексия ерекше білімнің бастамасы
Лейбниц	Рефлексия - адамның жан дүниесіндегі өзгерістерге көңіл бөліп, елеушілік
Юм	Идеялар - сырттан қабылдайтын әсерлерді рефлексиялау
Гегель	рефлексия - екі түрлі нәрсенің мысалы, мен құбылыстың өзара бейнеленуі
Қорытынды	«Рефлекстеу» термині сананы өз-өзіне үңілдіруді өз психикалық күйіне ой жүгіртушілікті сипаттайды.

Психологияда «рефлексия» ұғымы адам санасының ең маңызды ерекшелігіретінде ХХ ғасырдың басында қолданыла бастады. С.Л.Рубинштейннің ойлау мен сананы зерттеуге бағытталған жұмыстарында [98], Л.С.Выготскийдің тұлғаны [99], А.А.Бодалевтің қарым-қатынасты зерттеу жұмыстарында қарастырылды [100]. Осыларға тоқталар болсақ, С.Л.Рубинштейн: «рефлексия - өмірден және қоршаған ортадан алған әсерлерді бөліп алып, оның санада пайда болуы» –деп көрсетсе, Л.С.Выготский психикалық дамудағы рефлексияның ролін қарастыра отырып, «рефлексияның негізгі қызметі - өзіндік әрекеттердің санада болуы» деген түсініктеме береді [99,с. 183]. В.В.Давыдов [101], Г.П.Щедровицкий [102], В.И.Слободчиков [103], И.Чеснокова [104] және басқалар адамның өзін-өзі тануға, түсінуге, зерттеуге тырысуы рефлексияға тән қасиеттер екендігіне назар аударады. Жоғарыдағы тұжырымдар рефлексия сияқты күрделі феноменің астарларын ашып, мәселені зерттеушіге бағыт-бағдар береді деп ойлаймыз. Біз үшін де олардағы идеялар аса маңызды.

И.Н.Семеновтың пікірінше, адам санасының рефлексия феноменінсіз еш мәні болмайды [105]. Себебі кез-келген күрделі жүйе дамиды, ерте ме, кеш пе рефлексия феномені туындайтындай жағдайға жетеді, яғни, адам өз әрекетін ойында қорытып, оның барысын бақылап, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен тәжірибеден қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

Бұл оймен Л.И.Божовичтің: «адам санасында өзіндік рефлексия тек адам өміріндегі іс-әрекеттерді жоспарлап, бақылап, реттеп отыру процесінде пайда болады, себебі адам өз өміріне өзі жауапты екенін түсініп, оған әсер ете алу мүмкіндігінің барын сезіне алады», - деген пікірі сай келеді [106]. Келтіріліп отырған екі ғалымның пікірлерінде бір бірінен алшақтық жоқ, қайта

толықтыру, нақтылауды айқын байқаймыз. Рефлексияның дәл осы қызметі біздің жұмысымыздың да басты бағдары болып отыр.

И.Чеснокованың айтуынша, жеке тұлғаның өзін-өзі тану үрдісі:

- жеке тұлғаның жалпы жеке ерекшеліктері; таным процесінің өзіндік ерекшелігі;

- адамның ішкі дүниесіне даралық дәрежесі;

- жеке тұлғаның өзін-өзі тануда «ашылатын» тереңдігі, қарқындылығы, рефлексиядағы қажеттіліктерінің даму дәрежесі айтарлықтай осыған байланысты [104,с. 87].

Осы тұжырымға сүйене отырып, рефлексия үрдісі адамдарда бірдей емес деп ойлаймыз. Әрбір адамда көрініс беруімен дамуының белгілі бір деңгейімен сипатталады.

Осы негізде И.И.Чеснокова екі деңгейдегі көріністі анықтайды.

Бірінші деңгей адамның басқа адамдармен қарым-қатынасы арқылы өзін-өзі тануды жүзеге асыратындығымен ерекшеленеді, бұл негізінен сыртқы сәттерді ескере отырып, яғни, киімге, мінез-құлқына, көрінісіне көп көңіл бөледі.Өзі үшін қолданатын қабылдау - өзін-өзі қабылдау және өзін-өзі қадағалау. Өзіңізді осы деңгейде біле отырып, адам өзінің өзін-өзі тану актісін белгілі бір жағдайға байланыстырып, тұтастығымен, мәнін ескерместен байланыстырады.

Екінші деңгей өмір үрдісінде адамдар көбінесе қоғамның белгілі бір технологиясына, оларға қойылатын ережелер мен нормаларға бағынатын әлеуметтік адамдар ретінде көрінеді. Бірақ рецепттер жүйесі жағдайлардың немесе өмірлік жағдайлардың барлық нақты нұсқаларын ұсына алмайды сондықтан адам таңдауға мәжбүр болады. Таңдау еркіндігі және ол үшін жауапкершілік-бұл өзін-өзі танудың жеке деңгейінің өлшемдері.

Органикалық деңгейде өзін-өзі тану адамның физикалық «өзін-өзі» көрсетеді, оның ішінде бейсаналық, негізінен тек өзін-өзі сезіну, ол дәстүрлі түрде әл-ауқат ретінде анықталады. Денсаулықты кейбір жалпылама сипаттамалар ретінде қарастыруға болады (әлсіздік, сергектік сезімі, жеңілдік, ішкі әл-ауқат), басқаша айтқанда, физиологиялық және психологиялық жайлылық сезімі. Демек, көңіл адамның биологиялық аналогы өзіне-өзінің қатынасы. Дегенмен адамды көңіл-күйі емес, қылықтары анықтайды.

Рефлексия – субъектінің психикалық акті мен күйлерді өзінше талдау және тану үрдісі. Психологиялық еңбектерде рефлексия бірде индивидтің ойларының мазмұнына шоғырландырылатын қабілетпен теңестірілсе, бірде оны ішкі тәжірибесімен, білімнің ерекше көзімен теңестіріліп, түйсіктен, сыртқы дүниеден бөлініп қарастырылады.

Әлеуметтік психологияда рефлексия – әрекеттегі субъектіні басқа индивидтер мен қауымдастық қалай қабылдайтынын, бағалайтынын ұғынудың түрі және адамның өзі туралы білім және түсінік қана емес, өзгелердің өзіне деген көзқарастарының қандай екенін анықтау.

Диссертациямен жұмыс барысында біз рефлексия мәселесін зерттеген ғалымдар еңбектеріне жасалған талдаулармен таныстық. Соның бірінде

С.В.Загребельная рефлексия ұғымын анықтауда зерттеулерді келесідей топтауды ұсынады:

1. Адамның өзіндік санасын зерттеумен байланысты жұмыстар. Бұл зерттеу бағытында әр түрлі әрекеттегі өзіндік бақылау, бағалау, өзіндік сана аспектісіне қатысты материалдар жинақталады.

2. Проблемалық міндеттерді шешу барысындағы шығармашылық ойлауға арналған жұмыстар. Бұл жерде рефлексия - субъектінің өзіндік ойлау үрдісін ұғыну ретінде түсіндіріледі.

3. Кибернетикалық-элеуметтік-психологиялық тұрғыдағы зерттеулермен байланысты жұмыстар. Бұл жерде рефлексия - басқа адамдардың санасын, ойын тану қасиеті, басқа адамда болып жатқан жағдайларды түсініп, оны өзінің ішкі дүниесінен өткізе білу үрдісі ретінде анықталады [107].

В.А.Бажановтың пікірінше, рефлексивті процедураларда және ішінара жарияланған мақсаттарда пайдаланылған аргумент түрінен шықса, онда қазіргі заманғы ғылыми білімдердің рефлексиялығи теориялық, метаэтериялық, пәнаралық, жалпы ғылыми және философиялық-әдістемелік рефлексияға бөлінеді. Бұл жағдайда, автордың пікірі бойынша, аргументтің сипаты көбінесе рефлексия деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

С.Ю.Степанов және И.Н.Семенов рефлексияның объектісіне байланысты оны келесідей топтауды ұсынады:

1. Кооперативті рефлексия. Оның объектісі- ұжымдық өзара әрекеттің рольдік және позициялық ұйымдастыруы туралы білімі.

2. Коммуникативтік рефлексия. Объектісі – басқа адамның ішкі дүниесін ұғыну мен оның қылықтарының себептері туралы түсінік. Бұл жағдайдағы рефлексия - адамның адамды тануының ерекше сапасы.

3. Тұлғалық рефлексия. Объектісі – «Мен» ұғымын санадан қайта өткізу. «Мен» ұғымына сәйкес әрекет ету мен оның даралылық ретінде қабылдануы.

4. Интеллектуалдық рефлексия. Объект және олармен әрекет ету туралы білім еске түсіріледі [108].

Осы айтылғандарды төмендегідей сурет түрінде бейнеледік (сурет 2).



Сурет 2 - Рефлексияның жіктемесі

Ескерту - С.Ю.Степанов және И.Н.Семенов бойынша Рефлексивная психология и педагогика творческого мышления. – Запорожье: ЗГУ,1992. – 224 с. [108]

Бұл талдаулар ғылымдағы рефлексияның бұл ойдың стереотиптерін қабылдамайтын «мета-деңгей» (ғылыми) сананың ғана емес, сонымен қатар ғылым мен оның дамуын ерекше көзқараспен қарастыруға болатын түбегейлі өзгеше жағдайдың ғана емес, зерттеу объектісінен оның құралдарына, когнитивтік белсенділік құралдарына, таным пәнінің қызметіне назар аударады. Сонда ғана «ойлау туралы ойлау» жүзеге асырылады және осылайша, таза теориялық маңызы бар, шын мәнінде рефлексивті процедура жүзеге асады, дей келе *рефлексия* – өткенге назар аудару, яғни адамның өз әрекетінің, ойларының бастамасына қайта-қайта назар аудару қабілеті, сырттай бақылаушы позициясына тұра алу, сенің және өзінің не істеп жатқанын, қалай танып жатқанын ойлануға қабілеті деген тұжырым жасауға болады.

Қазіргі уақытта рефлексия туралы ойлар одан әрі дамумен жалғасуда. Олар, мысалы, пәнаралық зерттеулерді ұйымдастыру, жүйелік объектілерді кешенді зерттеу және жобалау құралдарын перспективалы дамыту және ірі жүйелерді басқаруды оңтайландыру сияқты әдіснамалық мәселелерді шешуге және жоспарлауға белсенді түрде қатысады. Мәселен, дәстүрлі ретроспективтік қызметтен басқа - рефлексивті талдау, рационализация, ғылыми жинақталған білімнің жүйеленуі - оның жасампаздық және шығармашылық қызметі жүзеге асырылады. Рефлексия білімнің көрініс беруі, шығарылатын ғылыми қызмет құндылықтары, мақсаттары, бағдарламалары мен құралдарының дамуыретінде қарастырылады [109]. Рефлексияны түсіндірудің алуан түрлілігі осы тұжырымдаманы ұғыну мен осы мәселені зерделеуде жан-жақтлықты талап етеді.

Рефлексия педагогика ғылымында да жеткілікті дәрежеде талданған деп айтуға негіз бар. ХХ ғасырдың 90-жылдарына дейін педагогика ғылымында рефлексия ұғымын психологиялық-философиялық тұрғыда түсіндіруге басымдылық берілді. Оны мына педагогикалық энциклопедиялық сөздікте берілген: «рефлексия – субъектінің ішкі психикалық актілерді және күйлерді өмірлік тәжірибе негізінде өзін-өзі тану үдерісі», – деген анықтамадан көруге болады.

М. Жұмабаев рефлексияны тұлғаның өзін өзі бақылауы деп қарастыра отырып, бұл сөздің шын мағынасы өткенді еске түсіру екендігіне тоқталады. Педагог адамға өзін өзі тексеріп, өзіне өзі есеп беру деген оңай нәрселер емес. Өзін өзі тексеріп, қателерін көруге адамның менмендігі бөгет болады. Әйткенмен де, адамның өзін өзі тексеруі – жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне көмектесетін бірінші шарт. Өз қатесін көре білген адам келешекте сол қатені істемеске ұмтылады. Адамның өзін өзі, яғни өз қатесін өзі көре білуі оның жанының идеяға, қасиетті қиялға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді, – деп тұжырымдайды [110].

Бұдан шығатын қорытынды, тұлғаның өз іс-әрекетіне рефлексия жасауды М.Жұмабаев өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тексеру, өз қатесін көре білу, сол арқылы өзін өзі жетілдіру, өзін өзі бақылау, өзін өзі тәрбиелеу мен бағалау деп санағандығын анық көреміз. Бұл пікір дәл осы уақытта да өміршең десек

кателеспейміз. Олай дейтініміз тұлға осы әрекеттері арқылы қазіргі уақытта қоғам қажет ететін жетілген адамға айналады.

К.Я.Вазинаның ойынша, рефлексия—бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибиелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті. Сонымен қатар ол, өзінің іс-әрекетін сезіну, жеткен жетістіктерін көріп, кеткен қателіктерін байқап, оларды түзету мүмкіндігіне ие болып, соның негізінде мәдени құндылықтарды тұтыну және жаңа құндылықтарды дүниеге әкелу құбылысы болып табылады [111].

Ғалымның пікірімен келісе отырып, рефлексия арқылы тұлға (маман) өзінің дамуына әсер етіп, қоғам үшін пайдалы адамға айналады деген пікір білдіреміз.

Ю.Н.Кулюткин рефлексивті үрдіс деп - оқушының ішкі жан дүниесі мен ұмтылыстарын, талпынысын, ойларын және сезімдерін түсінуге бағытталған «педагогтың ойлауында көрініс табатын» құбылысты атайды [112].

А.А.Бизязеваның еңбектерінде рефлексия – өз жұмысында табыстарға қол жеткізуге және шеберлігін дамытуға ықпал ететін тұлғаның жеке бас қасиеті ретінде қарастырыла мынадай анықтама берген: «рефлексия - субъектінің өз іс-әрекетін талдау мен өзін-өзі реттеу сияқты психологиялық тетіктерді әрқашан, ұдайы тұлғалық қасиеттерін жетілдіру мен шығармашылық деңгейін өсіруінде көрініс табатын тұлғалық қасиет» [113].

Автордың рефлексияны шығармашылықтың көзі ретінде тануы біз көтеріп отырған мәселенің негізгі идеясына сәкес келеді.

Оразаева З.Н., Жабагина Р.М. «Педагогикалық рефлексия – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің негізі» атты әдістемелік құралда ойлау туралы ойлану – оқытудың бір түрі ретінде мұғалім өз қызметіне рефлексивтік талдаулар жасау арқылы нәтижеге, өзгеріске ұмтыла отырып, алдындағы оқушылардан да әрбір іс-әрекеттеріне сыни көзқарасты талап етудің маңыздылығы сөз болып, тәжірибеде оны қолданудың әдістері мен тәсілдері қарастырылады-деген пікір білдіреді [114]. А.В.Захарова және М.Э.Большманова рефлексияның қызметіне мынадай түсінік береді: «Ойлау әрекетінде рефлексия маңызды жауапты қызмет атқарады: ол міндеттің шешімін табу үрдісін реттейді, ынталандырады, оны бағалаудың дұрыстығын қамтамасыз етеді [115]. Рефлексия – ойлау қызметін қамтамасыз ететін механизмдердің бірі». Бұл жерде өзіндік бағалау рефлексияның бір кезеңі ретінде қарастырылады.

Ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізу негізінде, «рефлексия» – кең ауқымды да, көп мағыналы ұғым деген тұжырым жасап, бұл ұғым төрт мағынада қарастырылғандығына көз жеткіздік.

Жоғарыда айтылған пікірлерді басшылыққа алу – оқу іс-әрекетіндегі рефлексия – ойлау, қабылдау үрдісіндегі оқу іс-әрекетінің субъективтік сипат алуы болып табылады - деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Демек, оқу іс-әрекетіндегі рефлексияның мақсаты – оқу іс-әрекетінің компонентін, мәселені шешу жолындағы алынған нәтижені еске түсіруді, оқушының өзін-өзі

тануын қамтамасыз ету. Оқушы рефлексия арқылы оқу іс-әрекетінің тәсілін және мәселелерді шешу жолын түсініп, білімді меңгере алады.

Бірінші топқа психологиялық анықтамалар жатады. Бұл жерде рефлексия – ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділік ретінде көрініс табады.

Екінші топқа логикалық-гносеологиялық анықтамалар жатады. Яғни, рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістерін талдау ретінде қарастырылады.

Үшінші топқа әлеуметтік-философиялық анықтамалар жатады. Рефлексия-өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы ретінде түсіндіріледі.

Төртінші топқа педагогикалық анықтамалар жатады. Педагогикалық анықтамаларда рефлексия - өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы ретінде қарастырылады [116].

Рефлексивті әрекеттердің негізінде өздігінен көп немесе аз түсінік қалыптастыру үшін қабілет қалыптасады. Олардың негізінде «Мен»бейнесі (өзін-өзі тану)эмоциялық бағалау қалыптасады.Тұлғаның даму теориясы бағытында еңбектер жазған қазақстандық ғалымдардың жұмыстарында да өз әрекетіне баға беру, өзіне есеп беру, ой қорытындылар жасау мәселелері қарастырылған.

А.С.Әмірова рефлексияны тұлғаның өзін, басқаны түсіне алуы, өзін бағалай және басқаға баға бере алуы дей келе, оның ең алдымен шығармашылық іс-әрекетті зерделеуде, оның тетіктерін анықтауда және шешуде маңызды рөл атқаратындығына назар аударады [117]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, қандайда бір шығармашылық әрекеттің нәтижелі болуы оны талдап, қайта ойдан өткізіп, жетілдіруге байланысты деген болар едік.

А.Ш.Тәңірбергенованың жұмысында оқушылардың ойлау дәрежесі мен дербес іс-әрекеттеріндегі белсенділігінің қалыптасуына жағдай жасап, мектепте берілетін ғылыми білім негізін жаңа заман талаптарына сай іріктеу міндеттері оқу әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастырумен байланысты екендігін дәлелдейді [118]. Айтылған пікірмен келісе отырып, әрі қарай ойды өрбітер болсақ, шын мәнінде рефлексиялық тапсырмалар білім мазмұнында болғаны дұрыс. Ол оқытушының әр сабақ мақсатына сай кері байланыс жұмыстарын таңдап, іріктеп отыруға кететін уақытын үнемдейді. Сондықтан оқулық авторлары бұл бағытта мақсатты жұмыс жасаулары тиіс деп санаймыз. Ал жоғары оқу орындарындағы базалық пәндер де элективті пәндер мазмұны да оқытушылар өздері түзетін болғандықтан, өтілген материал бойынша рефлексиялық жұмыстарды жоспарлау мен жүзеге асыру олардың өз қолдарында деген болар едік.

Тұлғаның білімді болуы бүгінде жеткіліксіз. Білім беру жүйесінің басты мақсаты – өзіне-өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін, өзін өзі бағалай алатын, өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін, өз өмірі мен әрекеттерін жоспарлай алатын, жауапкершілігі

жоғары тұлға қалыптастыруға мейлінше тиімді жағдайлар жасау. Мұндай рефлексиялық қасиеттерді қалыптастырған тұлға ғана жаңа Әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасауы мүмкін» – деп, өз еңбегінде ерекше атап көрсетеді ғалым А.Қ. Әлімов [119]. Автордың тұлғаның рефлексиялай алу қабілетінің қалыптасуы оның өмірден өз орнын табуына, табысты болуына негіз болатын аса қажетті сапасы деген пікірінің біздің жұмысымыз үшін маңызы зор.

Рефлексия адамның өз білімі мен әрекеттерін талдау, сол туралы өзіне есеп беру болғандықтан мұнда басқа адамның пікірлері мен бағалауының алатын орны ерекше. Өйткені, өзіне сырт көзбен қараған адам басқа адамның өзі туралы пікірлері негізінде рефлексиясын тереңдете түседі [120].

Т.Б.Кенжебаева «рефлексия – болашақ мұғалімнің зияткерлік әлеуетін дамытудың негізгі тетігі, әрі кәсіби іс-әрекетіне сын көзбен қарап, объективті баға беру, өзін іске асыруға, кәсібиліктің шыңына жетуге итермелейді», – деп тұжырымдайды [121]. Оның айқындауынша, рефлексия – бұл адамның жеке тұлғалық болмысын, шамасын, қабілет деңгейінің шегін сезініп, ұғынуға бағыттайтын адами ойлау қағидасы; өзінің білімдік күшін тануға, танылған білімдік деңгейіне сыни талдау жасауға, өзін өзі тану қызметін атқаруға, адамның рухани әлеміндегі ерекшеліктерді, оның ішкі құрылымын ашуға бағыттайтын қағидалар.

Рефлексия жайлы жалпы ой – пікірлердің көпшілігінде біз олардың ішінен мұғалімге қатыстысын таңдап, өз еңбегімізде келтірдік. Бұл «педагогикалық рефлексия» ұғымына алып келеді. Педагогикалық рефлексия мұғалімнің кәсіби ойлау сапасы. Педагогикалық рефлексия - бұл педагогтың өзін-өзі қолдауы және дамытуы. Мұғалім олардың психологиялық сипаттамаларын білуі және олардың мүмкіндіктерін тиісті түрде бағалауы керек, әйтпесе эмоционалды стресске немесе кәсіби күйзеліске әкеледі. Мұғалімнің шеберлігі үнемі тәуелсіз даму және қолдау, балалардың білімге және шығармашылыққа ұмтылуына бағыт-бағдар беруінде жатыр. Ал осы нәтижеге тек педагогикалық рефлексия арқылы қол жеткізуге болады.

Рефлексиялық қабілеттері дамыған маманда оған деген тұрақты қажеттілік сезіліп тұрады. Кез келген істі ол өзіне-өзі сұрақ беруден бастайтындай дәрежеге жетеді. Бұл кәсіп иесінің шығармашылық әрекетке қосылуының құралдарының бірі-одан өзіне қатысты белсенді позицияны таңдауды талап ететін рефлексиялық өзіндік диагностика жасауға мүмкіндік береді. Педагогтердің біліктілігін арттыру мәселесінде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру маңызды. Педагогтің белгілі бір педагогикалық мәселелер туралы барлық ақпаратты жинақтай алуы, оның тиімдісін таңдай білуі, нақты жағдайды шешуге байланысты оған өзіндік қолтаңбамен өзгерістер енгізе білуі, осылайша мәселені шешудің өзіндік жолын таба білуі сыни ойлау нәтижесінде жүзеге асады. Бұл жағдайда сонымен бірге тапқырлық пен өнертапқыштық сияқты сапалар қатар дамуға мүмкіндік алады.

Рефлексия мен рефлексивтілікті зерттеу кәсіби қызметтің әртүрлі салаларын қамтиды. Әдебиеттерді талдау спорттық іс-әрекеттегі рефлексияға

арналған жұмыстар іс жүзінде шінара кездеседідеген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Солардың қатарына Г.Д.Бабушкин, Е.Г.Бабушкин еңбектерін жатқызамыз [122].

Авторлар рефлексияны спорттық ойындарда маңызды спорт сапасы ретінде қарастырады, өйткені ол жеке көріністерге ие, оның қызметін, командалық серіктестердің қызметін және қарсыластың тактикасын көрсетуге мүмкіндік береді деп қарастырады. Мысалы, Г.Д.Бабушкин, Р.Э.Салахов спортшының рефлексия процесінде көрінетін:

- 1) спортшының өзі осы жағдайда қандай;
- 2) субъект өзін қалай көреді;
- 3) субъектіні басқалар қалай көреді (серіктестер мен ойындағы қарсыластары);
- 4) сол үш позиция, бірақ жағдайдың басқа субъектілері (серіктестер, ойын қарсыластары) позицияларын ажыратады [123].

Спортшылардың рефлексиясы мәселесін қарастырушы басқа да ғалымдар, бұл түсінікті спортшылардың бір-бірін өзара тануүрдісі ретінде ұсынады. Оның мазмұны өзін-өзі, серіктестерді, қарсыластардың мінез-құлық ерекшеліктерін зерделеу, жеңісті елестету деп есептейді. Жүргізілген зерттеулер негізінде авторлар спорттық іс-әрекеттегі рефлексия дұрыс әрекеттерді табу үрдісі ретінде қызмет етеді, әртүрлі дәрежеде көрінеді және жүзеге асырылады деп тұжырымдайды. Атап айтсақ, Р. Totterdell, D. Leach кәсіби крикет спортшылары өткізген жарыстарда рефлексияны эмоционалды жағдай тұрғысынан қарастырып, бәсекелестікке дейін жақсы көңіл-күймен, ал жарыс барысында оның нашарлау жағына қарай өзгеруінің мүмкіндігін анықтайды [124].

Спортшының рефлексивтілігінің спорттық іс-әрекеттегі жетістіктерге әсері олардың жарыс алдындағы психикалық күйлердің ерекшеліктерімен де байланысты. Бұл мәселе алғаш рет О.А.Черникованың спортшының бастапқы күйзелісінің жағдайын сипаттаған еңбегінде көрініс береді [125].

Сонымен қатар спортшының психикалық жағдайын зерттеуге А.Ц.Пуни үлкен үлес қосты. Ол «бәсекелестіктегі психикалық дайындық» ұғымын енгізді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес психикалық жағдайды спортшының іс-әрекетімен салыстыру кезінде тұжырымдалған және мүмкін болатын немесе жоспарланған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін мемлекет ретінде анықталған [126].

Спорт психологиясы үшін өзекті мәселе «спортшы-спортшы» жүйесіндегі спорт командасы бойынша серіктестердің тиімді өзара іс-қимылы, сондай-ақ спорттық ойындар мен жекпе-жектердегі қарсыластардың жоспарланған іс-қимылдарын түсіну (тану) проблемалары болып табылады. Бұл екі проблема ортақ, бұл рефлексия жүйелерінде көрініс табады. Бұл мәселелерді зерттеу спорттық психология үшін теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені ойын спорт командасындағы серіктестердің өзара әрекеттесуі ойыншылардың бірлескен іс-әрекетінің тиімділігі мен тұтастай алғанда команданың тиімділігінің себебі болып табылады, жекпе-жектегі қарсыластың жоспарланған әрекеттерін тану спортшыға осы жағдайға сәйкес өз іс-әрекеттерін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Спорттық ойындар мен спорттық жекпе-жектерді қамтитын спорттық іс-шаралар спортшылар қызметінің ерекше рефлексивті бағытымен анықталатын ерекше қозғалыс белсенділігі. Әрбір спортшы тек өз іс-әрекеттері туралы ғана емес, сонымен қатар командадағы серіктестердің, қарсыластардың іс-әрекеттері туралы ойлануы (ойлануы) және осы негізде өз іс-әрекеттерін жоспарлауы және жүзеге асыруы керек. Спорттық-ойын іс-әрекеттері (футболшылар, хоккейшілер, баскетболшылар, волейболшылар және т.б.) және спорттық жекпе – жектер үшін міндеттерді шешу элементтері тән, оларды жедел-рефлексивті сыныпқа жатқызуға болады-серіктестер мен қарсыластың әрекеттерін санада көрсете отырып, тез орындалады. Спорттың бұл түрлерінде рефлексия спорттық іс-әрекеттің тұрақты құрылымдық құрамдас бөлігі болып табылады және өзара әрекеттесу мен жекпе-жектің тиімділігін анықтайтын маңызды фактор болып табылады.

Спортшылардың ойын барысында өзара әрекеттесуін ұйымдастыруда рефлексивті ойлау өте маңызды, ол бүгінде спорттық ойындарда зерттелмеген мәселе болып қала береді. Осыған байланысты спорттық іс-әрекеттегі рефлексияның маңыздылығын зерттеу және жас спортшыларда рефлексия сапасын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу спорт психологиясы үшін өзекті мәселе болып табылады.

Ойын өзара іс-қимылын ұйымдастыруда (футболда, хоккейде, баскетболда және т.б.) рефлексивті ойлаудың маңызы ерекше. Оның мәні келесідей, ойын алаңында орналасқан әр спортшы ойын серіктестері мен қарсыластарының ойларын санасында көрсетуі керек және тек осы негізде өз әрекеттерін құруы керек. Бұл жағдайда рефлексия толық жылдамдықпен жүзеге асырылуы керек (спортшының түйсігі қолданылады). Бұл жағдайда рефлексия ойын барысында өз іс-әрекеттерін білу және түсіну ғана емес, сонымен бірге оны басқа адамдар қалай қабылдайтынын және бағалайтынын түсіну нысаны, бұл жағдайда серіктестер мен қарсыластар.

Рефлексияның күрделі үрдісінде спортшының қарсыластары мен серіктестерін өзара салыстыруын сипаттайтын кем дегенде алты позиция берілген:

- 1) спортшының өзі, ол қандай жағдайда;
- 2) субъект, ол өзін қалай көреді.

Сонымен, рефлексия – көп қырлы, кіріккен тұлғалық сапа. Сабақтағы рефлексия мұғалім мен оқушы арасындағы оқу үдерісін жақсартуға, әрбір оқушының жеке тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталған бірлескен танымдық, саралаушылық, бағалаушылық әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогикада мұғалімнің кәсіби әрекетін және оқушының оқу әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады деген қорытынды жасаймыз.

Рефлексия мен рефлексивтілік мағыналас сөздер болғанымен, біздің ойымызша олардың сипаты бөлек.

Рефлексивтілікке қатысты жалпы көзқарас келесі тұжырымдармен сипатталды:

1. Рефлексивтілік психикалық сипат ретінде жалпы рефлексиямен сәйкес келетін интегративті психикалық шындықтың негізгі қырының бірі болып табылады. Оның басқа екі үлгісі оның іс жүргізу мәртебесіндегі рефлексия және ерекше психикалық жағдай ретінде рефлектілеу болып табылады.

Бұлар өзара тығыз байланысты және бір-бірін өзара алмастырады, олардың синтезі деңгейінде «рефлексия» ұғымымен белгіленетін сапалы анықтықты қалыптастырады. Осыған орай, әзірленетін әдістеме тек қана рефлексивтілікке ғана емес, сондай-ақ оның көріністерін жанама түрде белгілерімен сәйкестікте ескеруі тиіс.

2. Рефлексивтілік қасиетінің диагностикасы міндетті түрде оның көріністерін басқа маңызды критерийі – оның бағыты бойынша саралауды ескеруі тиіс. Оған сәйкес, белгілі болғандай, рефлексияның екі түрі бар, олар шартты түрде «интра - және интерпсихикалық» рефлексия ретінде белгіленеді. Біріншісі рефлексивтілікке өз психикасының мазмұнын өзін-өзі қабылдауға және оны талдауға қабілет ретінде, екіншісі басқа адамдардың психикасын түсінуге қабілет, рефлексивтілікпен қатар «басқа орынға тұру» қабілеті ретінде проекция, идентификация, эмпатия тетіктерін де қамтиды.

Рефлексияның теориялық тұрғыдағы сипаты *жағдаяттық* (өзекті), *ретроспективті* (өзектілігін жоғалтпаған) және *перспективті* (өзектілік болашағын бейнелейтін) рефлексия ұстанымдарына сүйенеді:

Жағдаяттық рефлексия адамның өзекті жағдайдағы мінез-құлқын тікелей өзін-өзі бақылауды, оның элементтерін ұғынуды, болып жатқан жағдайды талдауды, субъектінің өз іс-әрекеттерін жағдайлармен арақатынасына және өзгеретін жағдайларға және өз жағдайына сәйкес оларды үйлестіру қабілетін қамтамасыз етеді.

Рефлексия - бұл адамның өзінің және іс-әрекетін түсіну, талдау ғана емес, сонымен қатар айналадағы адамдар сізді, сіздің жеке қасиеттеріңізді, эмоционалды реакцияларыңыз бен танымдық қабылдауыңызды қалай түсінетінін анықтау. Егер осы көріністердің мазмұны бірлескен қызметтің мәні болса, субъективті рефлексивті қатынастар дамиды.

Ретроспективті рефлексия бұрын орындалған қызмет пен орын алған оқиғаларды талдауға бейімділікпен көрінеді. Бұл жағдайда рефлексияның құрамдас бөліктері – болған оқиғаның алғышарттары, себептері мен салдары; өткен мінез-құлықтың мазмұны, сондай-ақ оның нәтижелі параметрлері және жіберілген қателер. Бұл рефлексия, атап айтқанда, субъект болған оқиғаларды қаншалықты жиі және қаншалықты ұзақ талдайды және бағалайды, өткенді және онда өзін-өзі талдауға бейімділігін сипаттайды.

Перспективті рефлексия: алдағы қызметті, мінез-құлықты талдау қызметімен; жоспарлаумен; ықтимал нәтижелерді болжаумен және т.б. сәйкес келеді. Сондықтан, дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби қызметі рефлексияға негізделуі керек.

Бұдан әрі қарай жұмысымыздың ең басты тірек ұғымы «рефлексиялық мәдениет» болғандықтан енді осы бағытта талдаулар жасалады. «Мәдениет» ұғымы ғылымның әр саласында кең мағынада қолданылады. С.И.Ожеговтың

сөздігінде мәдениет адамдардың өндіріс, қоғамдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы деп түсіндіріледі. Мәдениет – қоғамның қозғаушы күші, соның негізінде қоғамды ілгері жылжытады, яғни тұлғаның мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Латынның «Cultura» - «өңдеу, құнарландыру» деген сөзінен шыққан мәдениеттермині – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістерді білдіру үшін қолданылады.

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Мәдениет – адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі. Белгілі американдық психолог-гуманисті А. Маслоу «мәдениет біздің психологиялық және биологиялық табиғатымызға өте жақын, сондықтан оқытудың негізі ретінде қарау керек» дейді [127].

«Мәдениет» ұғымы белгілі бір тарихи дәуірлерді, нақты қоғамдарды, ұлттар мен ұлыстарды, сондай - ақ қызметтің немесе өмірдің нақты салаларын (еңбек мәдениеті, саяси мәдениет) адамдардың рухани өмірінің саласын сипаттау үшін қолданылады. Мәдениет тек адамдардың іс-әрекетінің объективті нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге іс-әрекетте іске асырылатын субъективті адамның қабілеттерін: білім мен дағдылар, өндірістік және кәсіби дағдылар, интеллектуалдық, эстетикалық және адамгершілік даму деңгейі, дүниетаным, топ ішінде адамдардың өзара қарым-қатынас тәсілдері мен формаларын қамтиды.

Ғалым Ш.Т. Таубаеваның пікірінше, мұғалімнің мәдениеті – нақты бір іс-әрекет саласында тәжірибелік дағдылар мен іскерліктерден, кәсіби еңбекке қажет моральдық нормалар мен ережелердің жиынтығынан құралған күрделі жүйелі бірлік [128]. А.А. Молдажанованың пайымдауынша, педагогикалық мәдениеттің мазмұны мұғалім іс-әрекетінің объектісі, яғни біртұтас педагогикалық үрдіс туралы білімдер болумен байланысты нақты бір кәсіп иесінің мәдениетінің бейнесі болып табылады [129].

Рефлексивті мәдениет дегеніміз – тұлғаның іс-әрекетінің нәтижелерін болжай білу қабілеті ретінде анықталады және оның сапалық өзгерістерге, кәсіби және жеке жетілуіне қол жеткізу үшін үрдістің маңызды белгілерін анықтауға, бағалауға және қорытындылауға мүмкіндік береді. Рефлексивті мәдениет тұлғаның жеке әлеуетін іске асыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бар кәсіби тәжірибеге сыни тұрғыдан баға беруге және шығармашылыққа деген ынтаны арттыруға ықпал етеді. Іс жүзінде бұл мұғалімнің шығармашылығына, оның іс-әрекеттің тиімділігі мен қарым-қатынасын арттыратын шығармашылық шешімдерге ашықтығын білдіреді. Бұл ретте болашақ маманның рефлексивті мәдениеті оның басқалармен байланысын, өзінің өмірі мен қызметінің мағынасын іздеуін, өзі өмір сүретін әлемді жақсартуға тырысуын көрсетеді.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін дамыту кәсіби білім алу үрдісінде басталады, студенттердің өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жүзеге асыруы, өзгерген әлеуметтік мәртебесі негізінде оның субъективтілігін қалыптастыруға бағытталады. Бұл өмірдің мағыналық-семантикалық өрісінің

кеңеюін және білім берудің әртүрлі кезеңдеріндегі білім алушының жағдайының өзгеруін ынталандырады. Бұл сала маманының рефлексиялық мәдениетінің жалпы мәдениет және кәсіби-педагогикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі боғандықтан, оның негізгі компоненттерінің мазмұнын және спорт саласы мұғалімнің тұлғалық дамуында осы әлеуеттің іске асырылуын қарастыру орынды болып көрінеді.


Сонымен, дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениеті білім мен оны қолдану арасындағы алшақтықты жоя алады, өйткені практикалық және психикалық іс-әрекеттегі тәжірибені талдаудан алынған және көру, түсіну, проблеманы немесе жағдайды жан-жақты түсіну және жеке ұйымның жазықтығын қамтиды.

Рефлексивті мәдениеттің дамуы - бұл үздіксіз процесс, оның табысты болуы педагогикалық әрекетті ұйымдастырудың формаларын дұрыс таңдауға байланысты. Педагогтің рефлексиялық мәдениетінің *мақсаты*: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу.

Педагог өз бойында рефлексивтік мәдениетін дамыта білсе және әр атқарған ісін талдай отырып, оны одан әрі жетілдіруге ұмтылатын болса, алдына қойған мақсаттарының нәтижесіне жете алатыны сөзсіз.

Жоғарыдағы ойларды тұжырымдай келе, *рефлексивтік мәдениет* – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы деген қорытынды жасаймыз.

Дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениетінің қызметі, біздің ойымызша ең алдымен, өзіндік педагогикалық тәжірибені саналы ұғыну, өзіндік іс-әрекет критерийлерін құру; білім берудегі өзгерістерді талдай алу; екіншіден, білім беру үдерісін жоспарлау және құрастыру білім беру іс-әрекетінің мақсаттары мен тәсілдерін түзету, оқу-білім беру үдерісін ұйымдастырудың стратегиялары мен әдістерін таңдай алу, үшіншіден «оқушы – мұғалім» жүйесіндегі әрекетте кері байланыс жасай алу, ондағы нәтижелерге баға беруді атқарады деп санаймыз. Бұл айтылғандарды графикалық түрде төмендегіше бейнеледік (сурет 3).



Сурет 3 – Дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетінің қызметі

Рефлексия-жаттықтыру-спорттық әрекеттерде табыстарға қол жеткізуге және шеберлігін дамытуға ықпал ететін осы сала маманының жеке бас қасиеті. Ал, рефлексиялық мәдениет-жаттықтыру-спорттық әрекеттегі дене шынықтыру маманын басқа индивидтер мен қауымдастық қалай қабылдайтынын, бағалайтынын ұғынудың түрі және адамның өзі туралы білім мен түсінік қана емес, өзгелердің өзіне деген көзқарастарының қандай екенін анықтай алуы.

Сонымен қатар болашақ денешынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениетінің құрылымын біз: танымдық компонент (рефлексия жайындағы білімдер); технологиялық компонент (жасай алу дағдылары) және тұлғалық компонент (мұғалімнің жеке басының қасиеттері мен сапалары) сипаттамалары (тұлға компоненті) синтезі ретінде және оны қалыптастыру үрдісін, ЖОО кәсіби педагогикалық даярлықтағы инновациялық қызметтің аясында қарастырамыз.

Жоғарыда талданған еңбектерді тұжырымдай келе, *болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениеті дегеніміз – рефлексия жайлы білім мен дағдылардың кешенін, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау әдістерін білу, болашақ кәсіби іс-әрекетке құнды көзқарас қатынасын және кәсіби жеке қасиеттерін дамытуды қамтитын тұлғаның интегративті сапасы* деген анықтама береміз. Анықтаманың графикалық бейнесі төмендегі суретте келтіріледі (сурет 4).



Сурет 4 - Дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетінің ішкі компоненттері

Суреттен көріп отырғанымыздай, дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениеті ең алдымен «рефлексия» жайындағы білімдер мен әрекетті бағалай алу тетіктерін білу, оларды педагогикалық үрдісте қолдана алу біліктері, соның негізінде өз кәсібіне деген құндылық көзқарасының қалыптасып, тұлғалық және кәсіби мәнді сапаларының артуын қамтитын кіріккен феномен.

Қорыта келе, болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби – мәнді сапасы ретіндегі рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру маман даярлаудың құзыреттілік амалына негізделген білім берудің жаңа парадигмасын жүзеге асыруға бағытталған деген тұжырым жасауға болады.

Жұмысымызда бұдан әрі қарай болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетінің оның кәсіби қызметінде алатын орынына тоқталатын боламыз.

1.3 Рефлексиялық мәдениет дене шынықтыру мұғалімінің кәсібилігі мен шығармашылығының негізі

Еліміздің білім беру саласында соңғы уақыттарда болып жатқан жаңашылдық бастамалар педагогтардың сондай-ақ білім алушы жастардан өз тәжірибелерін сыни тұрғыдан қайта қарап, өзі айналысып жүрген істерінің нәтижесінің мақсатқа сай орындалуын оймен зерттей білуге, өз кәсіби әрекетіндегі кемшіліктерді саналылықпен түзетуге ынталандыруды мақсат етеді. «Бұл әрекеттегі менің мақсатым не?»; «Не жасауым керек?»; «Қалай ?»; «Бұдан не шығады ?» сұрақтарын өзіне үнемі қоя білетін және оларға дұрыс жауап бере алатын педагогтың кәсіби әрекетте шығармашылық деңгейге жететіндігіне күмән келтіруге болмайды.

Кәсіби әрекет – адамның рухани және материалдық, жеке, қоғамдық қажеттіліктеріне жауап беретін, нәтиже алу үшін еңбек пәнін өзгертуге

бағытталған адамның белсенділігі. Кәсіби әрекет құрамына да жалпы әрекеттің құрамындағы мотивтер, мақсаттар, құралдар, әрекеттің тәсілдері мен түрлері, осы өзге-рістерден алынған нәтижелер мен өнімдер енеді. Кәсіби әрекет осыған сәйкес адамнан кәсіби білімді, арнайы дағдылар мен кешенді біліктерді және маңызды кәсіби сапаларды қажет етеді. Бұл салалардағы адамның дамуы жүйелі, өзара байланыстағы мақсаттарға бағытталған.

Әрбір мамандық қызмет субъектісіне қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қалыптасқан экономикалық және саяси жағдайға байланысты талаптар қояды. Кез-келген қызметтің тиімділігі осы қызметтің субъектісі табысты қамтамасыз ете алатын жеке және іскерлік қасиеттерге ие болуына байланысты. Басқаша айтқанда, тақырып қандай дәрежеде кәсіби.

«Высшее образование в Европе» журналының әр басылымында (ЮНЕСКО) шетелдегі мамандар қызметіне қойылатын талаптарға және тұлғаға тән талаптарға жалпы сипаттама беріліп отырады. Маман дайындаудың тиімді критерийлері ретінде оның *тез үйренуге бейімділігі, жаңа білімді жылдам меңгеру қабілеті, өзін өзі бағалау* алынады. Осы қасиеттері бар маман жұмыс таңдауда да, өмір сүру салтын таңдауда да толық еркіндікке ие болады.

Кәсібилік - маманның сапалы сипаттамасы ретінде түсініледі, бұл белгілі бір қызмет түрін орындау үшін қажетті дағдылардың жоғары деңгейін көрсетеді. Кәсібилік жоғары біліктілік деңгейін білдіреді, яғни «қызметкердің белгілі бір қызмет түрінде белгілі бір күрделілік дәрежесіндегі еңбек қызметтерін орындауға мүмкіндік беретін қабілеттерін дамыту деңгейі. Біліктілік қызметкердің теориялық білімі мен практикалық дағдыларының көлемімен анықталады және оның маңызды әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы болып табылады» [130].

А.К.Маркова кәсібиліктің кезеңдерін төмендегідей етіп анықтайды: 1) мұғалімнің мамандығына бейімделу кезеңі; 2) мамандықта өзін-өзі өзектілендіру кезеңі; 3) өз мамандығын еркін меңгерген кезең; 4) мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Соңғы *бесінші* кезеңде мұғалім өз тәжірибесін өзінің шығармашылық ізденістерімен толықтырады, авторлық еңбектерін кеңінен қолдануды кәсіби жоғары деңгейде іске асырады деп есептей отырып, мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің мына төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған:

1. *Объективті критерийлерге*: мұғалімнің өз мамандығына сәйкестігі, сан және сападағы жоғарғы еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шеше алу біліктері, әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі, т.б. жатады.

2. *Субъективті критерийлер*: адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес; қаншалықты ол өз ісінен қанағат табады деген сұрақтың жауабын іздейді. Мұғалім еңбегіндегі субъективті критерийлерге сондай-ақ кәсіби-педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне оң көзқарастың болуы жатады.

3. *Нәтижелі критерийлер*: мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырылады.

4. *Шығармашылықтың критерийлеріне:* мұғалімнің өз кәсібінің шегарасынан аса отырып, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алудың, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор [131]. Біздің зерттеуіміздегі түйінді мәселе студенттердің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің өз мамандығының майталмандары болуының алғышарты деуге әбден болады.

Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, маманның кәсібилігі білімнің, дағдылардың, дағдылардың жаңа өнім шығару қабілетімен қатар анықталады. Басқалары кәсіпқойлықты «қажетті нәтиже алуға, жұмыстың сапалы және тиімді орындалуына кепілдік беретін білім мен дағдылардың органикалық қоспасы, өз ісіне міндеттер жиынтығы ретінде қарауға дайын болу» деп анықтайды, олардың әрқайсысы нақты, нәтижеге қол жеткізуді талап етеді». В. Я. Синенко кәсібилікті қандай да бір жұмысты орындау үшін қажетті дағдыларды меңгерудің жоғары деңгейін куәландыратын кәсіби дайындық процесінің нәтижесі ретінде қарастырады [132].

Мұғалімнің кәсібилігі білім беру жүйесінің негізгі тұлғасы ретінде тек білімнің ғана емес, жалпы қоғамның дамуын да анықтайды. Мұғалімнің кәсібилігіне арналған еңбектерде бұл тұжырымдаманың әртүрлі анықтамалары бар. «Мұғалімнің кәсібилігі» ұғымының мазмұны зерттеушілермен төмендегідей сипатталады:

- педагогикалық құзіреттілік, шеберлік, кәсіби маңызды қасиеттер мен мұғалімнің жеке имиджінің жиынтығын білдіретін, білім беру қызметінің тиімділігі мен оңтайлылығын қамтамасыз ететін тұлғаның интегралды сипаттамасы [133];

- жалпы іс-әрекетке ие болу, әр түрлі практикалық жағдайларда кәсіпқойлықтың сақталуы, іс-әрекетті құру, оны өзгерту және дамыту қабілеті;

- еңбекті сәтті орындау үшін қажетті адамның жеке сипаттамаларының жиынтығы;

- білім алушылар үшін жетекші болып табылатын қызмет түрін білікті түрде орындау, олардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін қызықты іс-шаралар бағдарламасын ұсына білу, педагогикалық тапсырманы негіздеу, оның шешімі негізінде студенттерді білім әлеміне тарту [134].

Н.В. Кузьминаның айтуынша, кәсібилік-бұл мұғалімнің кәсіби мәселелерді шешудің заманауи құралдарын, оны жүзеге асырудың тиімді тәсілдерін игеруінің өлшемі болып табылатын қызмет субъектісінің сапалық сипаттамасы.

Рефлексиялық мәдениет арқылы болашақ дене шынықтыру мұғалімі жететін жетістікке педагогикалық шығармашылықты жатқызамыз. Педагогикалық шығармашылық мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің табысты болуының ең маңызды шарты болып табылады, сондықтан жоғары оқу орыны білім беру үрдісінің аясында болашақ мұғалімнің педагогикалық

дайындығының, басты мақсаттарының бірі оның жеке тұлғасының шығармашылық әлеуетін дамыту деп санаймыз.

«Шығармашылық» деген сөздің мәніне үңілсек, ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Шығармашылық – адамның ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғарғы формасы. Дегенмен шығармашылықтың объективті және субъективті болатындығы белгілі. Оның алғашқысы ғылымда, зерттеулерде бұрын болмаған жаңалық деп танылса, соңғысы субъектінің өзі үшін жаңалық болып, оны әрі қарай жаңа бастамаларға шабыттандыратынымен сипатталады.

«Шығармашылық проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» – деп түсіндіріледі философиялық сөздікте [135].

Педагогикалық шығармашылық жайында мәселе көтеріп, өз еңбектерін арнаған белгілі ғалым М.М.Поташник мұғалімнің еңбегі қарадүрсін, қарапайым болуға тиіс емес, себебі әр бала, әр сынып, әр жағдай мен уақыт – қайталанбайтын құбылыс. Бұл педагогты үнемі жаңа, қалыптан тыс жағдайда еңбек етуге мәж-бүрлейді, сол жаңаны басқа түрге айналдыру ерекшелігімен сипатталады деген ой білдіре отырып, шығармашылықтың көрініс беретін мүмкін жағдайларына мыналарды жатқызады:

- мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдану;
- оқытудың жаңа әдістерін, формаларын, тәсілдерін жа-сап, оларды үйлесімді қолдана алу;
- бар тәжірибені жаңа жағдайда тиімді қолдана білу;
- жаңа мақсаттарға сай белгіліні жетілдіре, тиімділігін арт-тыра, модернизациялай алу;
- жоғары деңгейде дамыған интуиция мен дәл есеп, нақты білім негізінде сәтті импровизация жасай алу;
- бір мәселені шешудің бірнеше варианттарын көре алу;
- әдістемелік нұсқаулар, теориялық ережелерді нақты педагогикалық істерге айналдыра білу [136].

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсібилігі мен шығармашылығының негізгі жүйелік факторы – педагогикалық мәселелерді шешу, кәсіби жағдайларды талдау және сәтті және сәтсіз тәжірибенің себептерін диагностикалау арқылы қызмет субъектісі ұмтылатын қажетті нәтиженің бейнесі. Мұғалімнің кәсібилігі мен шығармашылығы - бұл іргелі интеграцияланған білімнің, жалпыланған дағдылар мен педагогикалық қабілеттердің жиынтығын, оның жеке және кәсіби маңызды қасиеттерін, мұғалімнің мәдениеті мен шеберлігін, өзін - өзі жетілдіруге дайындығын қамтитын сапалық сипаттама. Бұл сапалар маманның өзін - өзі жетілдіру оның өзіне беретін дұрыс бағасы арқылы жүзеге асады. Сондықтан олар бір-бірімен ажырамас бірлікте деуге болады. Себебі тек өзіндік баға іс-әрекеттегі өзгерістерге әкеледі.

Өзін-өзі бағалау тұжырымдамасы педагогтың кәсіби өзін-өзі тану құрылымына кіреді. Өзін-өзі бағалаудың өзін-өзі танумен байланысын С.Л. Рубинштейн: адамның өзін-өзі тануы тікелей тәжірибелерде берілмейді, бұл оның тәжірибесінің нақты жағдайын білуді қажет ететін білімнің нәтижесі. Ол көп немесе аз болуы мүмкін. Өзін-өзі тану, оның ішінде өзіне деген көзқарас өзін-өзі бағалаумен тығыз байланысты. Адамның өзін-өзі бағалауы бағалау нормаларын анықтайтын дүниетанымға байланысты» деген сипаттама түрінде атап өтті.

Өзіндік бағалау «Мен-тұжырымдаманың» жүйекұраушы компоненті болып табылады. Мен образ адамның тұлға ретінде басқалардың оны бағалауы мен оның өзін бағалауын салыстыра отырып өзін түсініп тану негізінде пайда болады. Ғалым И.И.Чеснокова өзіндік бағалауға зор мән бере отырып, әртүрлі әлеуметтік әрекеттестік барысында өзіндік баға да өзгерістерге ұшырап, түзетіліп отырады деген пікір білдіреді [137].

Өзіндік баға әрекетке ынталандырып оның тиімділігін арттырады, себебі бұл адамның көңіл-күйіне, оның секемшілдіктен бастап жұмысқа бар ынтасымен берілуіне байланысты. Өзіндік баға оның психологиялық-физиологиялық, психикалық күйзелістері, оның өмірлік тәжірибесі, ол өмір сүретін ортада және өмірге келген қарым-қатынас жүйесінде детерминалланады. Өзінің ішкі құрылымына қарай өзіндік баға тұлғаның өзі сияқты көпастарлы. Оның мазмұны моральдік-адамгершілік құндылықтар, қарым-қатынастар мен мүмкіндіктерден тұрады. Тұлғаның тұтас өзіндік санасы оның психикалық әлемінің жеке қырлары негізінде қалыптасады. Өзіндік баға беру өзін-өзі тану мен табу адамға әлеуметтік, кәсіби, отбасылық тіпті жай қарым-қатынастар мен байланыстар жүйесінде өз орынын анықтауға көмектеседі. Объективті, дұрыс берілген өзіндік баға адамға оның шешуге тиісті кәсіби мәселелерінің аясын анықтауға, орындалмайтын иллюзиялық мақсаттардан дер кезінде бас тарта алуға мүмкіндік береді. Өзіндік бағаның адамның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы оның өзімен өзінің ішкі үйлесімділігіне, өзін-өзі құрметтеуге қол жеткізуіне ықпал етеді де, ал керісінше жағдайда ішкі қақтығыстарға кейде невротикалық жағдайларға әкелуі де мүмкін. Дегенмен адамда қандай да бір өзіндік бағаның болмауы тұлғаның өзін жоғалтуына әкеліп, оған басқалар-дың беретін бағасының мәнін арттырады.

Тұлғаның өзіндік бағасы оның әрекет ететін ортасында қандай құндылықтардың жетекші болып есептелуіне байланысты. Қоршаған адамдардың, ұжымның пікірінің мұндай жағдайда шешуші роль атқарып жататындығы белгілі. Мысалы: ұжымда адамның коммуникативті қабілеттері құнды болса, сол сапасы бар адамдар өздерін артық бағалауы мүмкін. Ал интеллектуалдық сапалардың үстемдігі жағдайында осы қабілеттері жоғары адамдарға берілетін баға да жоғары болады.

Кәсіби өзіндік бағаны қалыптастыру жолдары психология ғылымында қарастырылып келеді. Оның қорытындылары бойынша өзіндік баға негізінен адамдардың бір-біріне беретін бағасына байланысты болғандықтан, қарым-

қатынас ететін ортаны өзгерту арқылы бағаның объективтілігіне жетуге болады пікір бар. Психологтар сондай-ақ тұлғаның өзіндік бағасының дұрыс болуын психоаналитикалық жұмыстар жүргізу арқылы жолға қоюға болатынына тоқталады. Оларға өзін-өзі бағалау шығармалары, мінездеме-бағалау, арнайы сауалнамалар, тестер сияқты жұмыстар жатқызылады.

Кәсіби өзін-өзі бағалау-бұл өзін-өзі бағалаудың бір түрі жеке даму және өте қиын, қарама-қайшы өзгереді. Өзін-өзі танудың басқаны түсінуге әсері туралы отандық зерттеулердің нәтижесі басқаны объективті бағалау қабілетінің қалыптасу деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым өзін-өзі бағалау жеткілікті болады. Басқа адамның қасиеттерін білудегі дәйектілік өзінің «мен» тұжырымдамасының реттілігін анықтайды. Басқаны бағалай отырып, субъект өзінің назарын өзіне мүмкін деп санайтын және өзіне -өзі қанағаттанатын қасиеттерге аударады, ол өзі үшін маңызды емес деп санайтын жеке қасиеттерге назар аудармайды.

Біздің ойымызша, маман дайындау жұмыстарының негізгі компоненттерінің - бірі білім алушылардың өзіндік баға беру қабілеттерін дамыту болып табылады. Сондықтан бұл бағыттағы жүргізілетін жұмыстар оқу үрдісінің барлық формаларының мазмұнында болуы тиіс.

Мұғалімнің кәсібилік пен шығармашылықта биіктіктерге жетуі өзінің маман ретіндегі өсу деңгейін зерттей алу, дұрыс бағалай алудан басталатындығы жайлы тоқталып өттік. Біз қарастырып отырған рефлексиялық мәдениет талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау сияқты кезеңдерден тұрып, соның негізінде жаңа жоспарлар құра алуға жеткізеді. Демек, әрекет жайлы ойлау мен ойға алғанды орындау, оны қайтадан ой елегінен өткізудің психологиялық салмағы бар екендігі түсінікті. Сондықтан да рефлексиялық мәдениеттің атқаратын қызметі зор.

Педагогикалық әрекеттегі өзін-өзі рефлексиялауды көптеген ғалымдар мұғалімнің шығармашылық әрекетінің контекстінде қарастыра отырып, оның негізі тұлғаның өзін өмір сүру әрекетінің субъектісі ретінде танып, өзін-өзі басқара алуы деп түсіндіреді. Ол мұғалімнің өзін - өзі дамытуы жаңалыққа ашық болған жағдайда орын алады, ал «ашықтықтың» көрсеткіштері ретінде Ю.Н. Кулюткин әлемдегі реализмді көре алу, дивергенттік, оралымды ойлай алу, өз тәжірибесіне сыни баға бере алуды жатқызады [138].

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің шығармашылығының дамуы үшін оның *әдіснамалық* рефлексия жасай білуінің мәні зор. Бұл – мақсаткерлікті талдай алудан басталады. өзінің нақты жағдайы мен болашағының бағытын саралай, аралық мақсаттарды анықтай алумен сипатталады. Мұғалімнің мақсаткерлікті еркін жүзеге асыра алудағы тиімділігі төмендегі шарттарға байланысты: а) педагогикалық шығармашылықта мақсатқа жету үшін шығармашылық әрекеттің өнімді алгоритмдерін құра алудан; ә) мақсатқа жетудің нәтижелерін талдау мен бағалаудағы сенімділік, икемділік, істің сәйкестілігінен.

Әдіснамалық рефлексия интеллектуалдық әрекетпен тығыз байланыса отырып, мұғалім үшін белгілі білім мен мәселені шешуде оның жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықты, қақтығысты тудырады.

Әдістік-бағдарлы оқыту жүйелерінен мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытатын жобалау-тудырушылық жүйеге өту - шығармашылық ортаны, кәсіби білімді тұлғаның жаратушылық болмысына негіздей отырып, оның өзін-өзі жасампаздықпен өзгерте алуы алдыңғы қатарға шығатын, өз шығармашылығының дамуына өзінің жеке жауапкершілігін сезінетін рефлексивті амал негізінде мүмкін болады.

Рефлексия әртүрлі жағдайда орын алатындығы белгілі. Солардың ең кең тараған түрі – өзін-өзі рефлексиялау немесе өзінің психикалық жағдайлары мен әрекеттерін сыртқы бақылаушының позициясынан талдау. Соның нәтижесінде танымдық әрекеттің жаңа бағытқа бет бұруы орын алады. Біз де кез келген маманның өз ісіне сын көзбен қарап, баға бере алатын дәрежеге жетуі оның бойындағы басты құндылықтарының бірі деп есептейміз. Өз тәжірибесіндегі жетістіктер мен «әлсіз» тұстарын анықтай білетін мұғалім ғана өзінің дамуының көкжиегін бағдарлай алады, өз білімі мен тәжірибесіндегі олқылықтарды болдырмаудың жолын таңдайды, осы жолда өзінің ішкі күштерін шоғырландыруға талаптанады.

Жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижеде білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағыттталып отыр. Өйткені білімнің өзінің құндылықтар жүйесі – субъектілердің өзін-өзі өзгертіп, өзін-өзі дамытуында мақсаттарға жетіп, нарықтың бәселестік заңдарына шыдай отырып, табысты өмір сүруге дайындау болып табылады. Бұл қазіргі білімнің көп білетін, тіпті оны қолдана да білетін адам ғана емес, рефлексия жасай білетін мүмкіндіктері мол тұлға қалыптастыру мақсатынан туындайды.

Болашақ мұғалім өз педагогикалық әрекетіне баға беруді меңгермейінше оның шығармашылығының дамуы жайлы сөз ету артық деп есептейміз. Сондықтан педагогикалық рефлексия жасай алу - мұғалімнің өзінің болашақ қызметін нәтижелі атқару үшін қажетті сапа болып табылады.

Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексияны адам табиғатына тән болғандықтан ойлау, ес, сана сияқты танымдық үрдістерден бөліп қарауға болмайды.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру. Орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға шығармашылыққа қарай жылжудың жобасын жасау мүмкін болады.

Рефлексияның жүйекұраушы идеясы ретінде оның күшпен әсер ету, адамның санасына билік етуге қарсылық көрсететін дербестікке негізделгенін атап өту қажет. Ол адамның барлық істерінің бағытын анықтайтын,

белсенділігін оятатын ішкі күштерінің іске қосылуына жағдай жасайды. Сырттан бағыт алатын, оянатын рефлексия балаға немесе ересекке күш көрсету емес, тек сырттан ынталанатын, өзінің кім екенінді білу, айна-ланы тануға қатысты ішкі қажеттіліктерді ақыл парасатпен қа-нағаттандыруға байланысты адал, адами еңбек.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсібилігі мен шығармашылығының дамуы тұлғаның рефлексиялық мәдениетінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты. Рефлексиялық мәдениетті біз өмірлік және кәсіби әрекеттегі түйткілді мәселелерді ой елегінен өткізуге, оларды жеңе білуге; ішкі және сыртқы қақтығыстар жағдайынан тиімді шыға алуға; жаңа күш-тер мен құндылықтарды таба білуге; қалыптан тыс міндеттерді қоя, шеше білуге дайындық деп қабылдаймыз. Рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан адам өзінің тұлғалық және кәсіби стереотиптерін шығармашылықпен өзгерте алады. Бұл сапа өзіндік сана, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі іске қосу, өзін-өзі бағалау сияқты кәсіби мәнді сапалармен сипатталады.

Осы ретте ұстаздың рефлексиялық мәдениеті туралы мәселенің пайда болуы заңдылық деп ойлаймыз. Бұл мәселе сондай-ақ қазіргі білімнің басты идеяларының бірі болып табылады. Ғылыми зерттеу жұмыстарындағы мұғалімнің рефлексиялық мәдениеті жөніндегі пайымдауларға сүйене отырып, бұл сапаның сипаттамалары қатарына мыналарды жатқыздық:

- кәсіби шығармашылық әрекеттерге дайын болу;
- кәсіби-шығармашылықтың және өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін құндылық ретінде мойындау;
- қалыптан тыс практикалық мәселелерді дер уақытында көтере және шеше білу;
- әртүрлі тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесіне бейім-деле алу.

Жоғары білім жүйесінде болашақ мұғалімдердің рефлексиялық мәдениетін дамытудың педагогикалық жағдайларының бірі ретінде рефлексивті орта және ондағы бірлескен шығармашылық әрекеттердің алатын орны ерекше. Рефлексивті орта тұлғаның шығармашылық еркіндігі, ол - дамытушылық қарым-қатынас жүйесі. Мұндай ортаның барлық қатысушылары ашық бірлескен әрекетті бірлесе талдау арқылы өздерінің ішкі «қорларын» ашуға мүмкіндік алады.

Рефлексиялық қабілеттері дамыған маманда оған деген тұрақты қажеттілік сезіліп тұрады. Кез келген істі ол өзіне өзі сұрақ беруден бастайтындай дәрежеге жетеді. Бұл - мұғалімнің шығармашылық әрекетке қосылуының құралдарының бірі – одан өзіне қатысты белсенді позицияны таңдауды талап ететін рефлексиялық *өзіндік диагностика* жасауға мүмкіндік береді.

Рефлексиялық диагностика: шығармашылық мәдениеттің, адамның өзінің құндылық бағдарларымен жұмыс жасауға, педагогикалық әлемнің біртұтас және құндылық образын жасауға, шығармашыл мұғалім ретіндегі өзінің образын жасауға, өзінің дамуының мүмкін варианттарын белгілеуге; өзінің құндылық бағдарларының және шығармашылық әрекетке дайындығының

психологиялық қауіпсіз диагностикасын жасап, ол нәтижелерді өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі дамытуда қолдануға жағдай жасайды.

Рефлексия – тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы, оның объект туралы білімін нақты әрекетпен байланыстыра алуы. Бұл сапаның барлық адамда болуы айналаны өзгертуге, өмірді мәнді етуге ықпал етеді. Демек ол ең алдымен мұғалімде болуы шарт. Педагогтың кәсібилігі мен шығармашылығының дамуы стереотиптерді, мінез-құлықты, қарым-қатынас стилін және ойлауды өзгертудің тетігі ретіндегі рефлексиялық мәдениетті жетілдірумен тікелей байланысты. Осы айтылғандарды суреттүрінде төмендегідей бейнеледік (сурет 5).



Сурет 5 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениетінің кәсібилік пен шығармашылыққа қатысы

Рефлексиялық мәдениетті дамытудың жолдарының бірі білім алу барысында тұрақты - *кері байланыстың* жолға қойылуы. Кері байланыс дегенді біз кең мағынада түсінеміз. Мектеп жағдайында ол – жаңа білімді қалай меңгергенін анықтаудың жолдарының бірі болса, студенттердің білім алу үрдісінде білімдік әрекет барысының өрбуі, ол жолдағы ойлар мен толғаныстарды, эмоционалдық жағдайда білдіре алу, өзінің білім мен тәжірибе жинақтау үрдісінің нәтижелері «алғаны» және соған байланысты «болашағына жасаған бағдары» турасында толғануы.

Сонымен рефлексиялық мәдениет – көпқырлы, кіріккен әрекет. Ол философияда – адам санасының өз әрекетіне, өзіне бағытталуы; психологияда – субъектінің өзінің ішкі психикалық жағдайларын өзінің тануы, әлеуметтік психологияда – өзін ғана танып қоймай, өзін басқалар қалай бағалайды, өз позициясымен ол қалай үйлеседі турасында ойлануын білдіреді. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогикада мұғалімнің педагогикалық әрекетін жоғарғы кәсібилік және шығармашылық деңгейде жүргізуге негіз болады.

2 БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСІН МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі

Жұмысымыздың алдыңғы параграфында келтірілген рефлексивті мәдениетті дамытуды тиімді ету үшін болашақ мамандардың осы сапасын дамытудың: мәнді элементтері, әдіснамалық негіздері, компоненттері мен жолдары, әдістері мен құралдары, деңгейлері мен нәтижесі айқындалған моделін жасау қажеттілігі пайда болады. Болашақ дене шынықтыру мамандарының рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі осы сапаның ерекшеліктерін зерттеу материалдары негізінде, қоғамның бүгінгі инновациялық біліктілігі қалыптасқан, ізденімпаз маманды дайындауға деген талабына байланысты, педагогикалық білім беру мазмұнына талдау жасай отырып, жаңалауды қажет етуіне байланысты құрастырылды.

Біздің зерттеуімізде, модельдеу жетекші әдіснамалық тұғырлардың бірі, басқа жалпы ғылыми тәсілдердің жетістіктері мен ерекшеліктерін қамтитын танымның әмбебап әдісі ретінде қарастырылады. Сондықтан да педагогикалық ақиқаттың моделін жасауға қатысты еңбектерді зерделедік.

Жалпыға белгілі болғандай, модельдеу ғылыми зерттеу әдістерінің бірі ретінде педагогика ғылымында кеңінен қолданылып келеді. Модельдеу әдісі эксперименттің педагогикалық нысанын зерттеу барысында және логикалық құрылымдар мен ғылыми түйіндерді құрастыруда сәйкестікті болжайды.

«Модель» термині латын тілінен аударғанда «*modulus*» - «өлшеу, аналог, үлгі» деген мағыналарды береді. Сөздіктерде мынандай анықтамалар беріледі: *Модель* – бұл басқа жүйе туралы ақпарат алу үшін құралы ретінде қызмет атқаратын зерттеу жүйесі, бұл нақты құрылғы мен/немесе оның ішінде пайда болатын үдерістердің, құбылыстардың оңайлатылған көрінісі.

«Модельдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылады. Нақты мағынада «модельдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанның сипаттамасын өңдеп жасауы. Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар құрастырулар т.б. Модельдеу зерттеу нысанына сәйкес, құрылымы мен құрылысын түсінікті түрде қайта өңдеп бейнелейді. Зерттеу нысанының элементтері арасындағы қарым-қатынастары мен байланыстарын, қасиеттерін көрсетіп, түсінуге қиын, көп уақыт жұмсауды талап ететін қиын мәселелерді шешіп, өзінің қажетті мәлімет алу үдерісін тиімді етеді.

В.А.Штофф модельді зерттеу нысанын бейнелейтін және жүзеге асыратын, сондай-ақ оның зерттеуі жаңа ақпарат беретін жүйе ретінде сипаттаған [139].

Ш.Т.Таубаева модельдеуді үлгі деп аталатын бір нысандағы басқа бір нысанның сипатын жүзеге асыру ретінде қарастырады. Оның ойынша, модель

мен түпнұсқаның арасында айқын көрінетін ұқсастық қатынас бар: ғылыми таным үдерісінде модель түпнұсқаны алмастырады; модельді зерттеу түпнұсқа туралы ақпарат береді [140,б. 54].

Модельдеу норманы өзгертуге және кейіннен жаңасын енгізуге бағытталған рефлексивті талдауда тәжірибені дамыту қызметі ретінде пайда болады. Осыған байланысты рефлексивті ойға бағыну бірінші орынға шығады. Өз кезегінде, кез-келген болжам белгіленген мәселеге сүйенеді және расталғаннан кейін ол өздігінен жүреді немесе мазмұн мақсаттарын тапсырма фазаларына аударады. Сондықтан модель мәселе мен міндет арасында орналасқан деуге болады.

Бірқатар ғалымдар модельді объектінің нақты өмір сүру формасынан өзгеше түрде ұсыну ретінде анықтайды. Қазіргі заманғы ғылым жеке тәуелсіз элементтерді-объектілерді олардың өзара әрекеттесуі ретінде зерттеумен айналысатындықтан, біз «модель» анықтамасында жеке элементтерді де, олардың қарым-қатынасы мен байланысын да қарастыратын «жүйе» терминін қолдануды орынды деп санаймыз.

Келтірілген анықтамаларды қорыта келе, модельдеу – жаңаны жасау, соның негізінде жаңа білімдер, зерттеу нысаны жайында біртұтас ақпарат жинақтауға мүмкіндік беретін, педагогикалық зерттеулерде кеңінен қолданылатын әдістердің бірі деген тұжырым жасаймыз. Модельдің мәнді белгілері: көрнекілік, абстракциялау, ғылыми қиялдау элементтері, аналогияларды пайдалану, болжамдық элементтер жатады. Басқаша айтсақ, модель – ғылыми болжамның көрнекі түрі болып табылады.

Модельді зерттеу бізге оқылатын білімді тұтас құбылыс ретінде қабылдау туралы көзқарасты сақтауға көмектеседі және мәнін түсіндіреді.

Модельді түсіну үшін қажетті мәселелер:

- нақты объектінің қалай орналасқанын, негізгі құрылымы мен құрамын, қоршаған ортамен дамыту және өзара әсерінің заңдылықтарын;
- объект немесе үрдіспен бақылауды үйренуін, берілген шарттар, мақсаты мен критерийлерін басқарудың неғұрлым жақсы тұстарын анықтау;
- объектіге әсер ету тәсілдері мен формаларын жүзеге асырудың тура және қосалқы салдарын болжау.

Модель құру – шынайы түрде жүзеге асырылатын жүйені арнайы үйлесімділіктер арқылы материалды немесе моралды имитациялау жүргізу. Экспериментте модель екі түрлі роль атқарады:

– *біріншісі*, модель оқып-үйрену объектісі (объектіге ұқсас екіншісімен танысу);

– *екіншісі*, эксперименталды құрал (осы объектіні тану құралы болып табылады).

Ол түпнұсқаның тәуелсіз зерттеуі арқылы алу қиынға түсетін және мүмкін емес берілгендерді қолданады. Бұл үлгілеу арқылы жүзеге асады.

Үлгілеу – таным нысандарын үлгінің көмегі арқылы зерттейтін әдіс болғандықтан, белгілер, символдар немесе нысандар алынады және төмендегідей жағдайда қолданылады:

– *біріншіден*, сыртқы ортадағы заттар мен құбылыстардың өзара әсер ету ережесін және оның негізгі сипатын жүйелі зерттеу үшін;

– *екіншіден*, құрылымның әртүрлі түрін жалпылау және талдауды жобалау кезеңінде;

– *үшіншіден*, жүйелі пайдалану кезеңінде.

Сонымен, үлгілеу басқа әдістермен тануға мүмкін болмаған жағдайда нысан туралы ақпарат береді, олардың арасындағы байланыстарды зерттеп, анықтайды. Үлгі зерттеу нысанына қорытынды сипаттама береді және оны жүзеге асырудың эталоны бола алады.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру моделін жасауда біз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» [141].

ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы мемлекеттік стандарттары; сонымен қатар білім бағдарламалары мен педагогикалық мамандықтардың модульдерін әзірлеу, педагогтарды сертификаттау үшін бағалау материалдарын дайындау және біліктілік деңгейлерінің критерийлерін әзірлеуде басшылыққа алынатын 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығымен шыққан Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының «Атамекен» Басқарма төрағасының «Кәсіби стандартты бекіту туралы» сияқты нормативті құжаттардың талаптарын басшылыққа алдық.

Модельдің зерттеу мақсат-міндеттеріне қарай жасалатын түрлерін талдай отырып, біз құрылымдық-мазмұндық модель зерттеу жұмысымыздың мақсатына жауап береді деген қорытындыға келдік. Біздің моделіміздің бір тұтастығы компоненттердің құрылымдық (мақсаты, процестер мазмұны, нәтиже) және мазмұндық (факторлар, ұстанымдар, мазмұн, кезеңдер, әдістер, өлшемдер, деңгейлер) бірлігін қамтамасыз етеді.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың моделін құрастыруда: нобайды теориялық негіздеу; қасиеттер мен байланыстарды түсіндіру; сипаттаманы түпнұсқа сипаттамасымен салыстыру; олардың арасындағы ауытқуларды табу; модельге түзетулер енгізу; алынған мәліметтерді тұжырымдау; нобайды практика жүзінде тексеру сияқты қадамдар жүзеге асты.


Ұсынылып отырған модель болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың жоғары деңгейде даярлау үдерісіне бағытталған педагогикалық жүйенің үлгісі болып табылады. Модель болашақ спорт педагогтарының рефлексивті мәдениетін қалыптастыру үдерісін сипаттайды, олардың көмегімен нысандар мен құбылыстардың өзара байланыстары мен қарым-қатынастарын көрсетеді, оның басты қызметі -

зерттелетін мәселенің мәнін ашуға, құрылым ретінде түсінуге мүмкіндік беру болып табылады.

Модельді жүзеге асыру негізінде дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық рефлексия туралы білім меңгеріп қана қоймай, олардың алған білімдерін тәжірибеде жоғары деңгейде қолдана алулары, кәсіби әрекеттерінде педагогикалық шығармашылықтың жоғары деңгейін көрсете білулері, оқушылардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың толыққанды дамуы және өзін өзі дамытуын қамтамасыз етілетіндігі күтіледі.

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруға қатысты біздің құрастырған құрылымдық-мазмұндық моделіміз педагогикалық зерттеулерде басшылыққа алынатын: тұлғалық - бағдарлы, жүйелілік, аксиологиялық, акмеологиялық, мәдениеттанымдық тұғырларға, теория мен практиканың байланысы, субъектілік сияқты ұстанымдарға негізделіп, бір-бірімен өзара байланысқан: *мотивациялық - құндылықты; мазмұндық-әрекеттік; бағалаушылық-нәтижелік* компоненттерден, көрсеткіштерден тұрады.

Зерттеу міндетіне сай құрылған модельдің мақсаты – болашақ спорт педагогтарының рефлексиялық мәдениетін дамытудың теориялық – әдіснамалық негіздерін, компоненттерін, құралдары мен әдістерін, «даяр» болудың нәтижелері мен оларды тексеру әдістерін саралау болып табылады.



Сурет 6 – Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Енді модельдің әрбір ішкі элементтерін жеке - жеке сипаттауға көшеміз.

Модельдің теориялық негіздеріне жұмысымыздың алдыңғы параграфында талданып кеткен «рефлексия», «рефлексиялық мәдениет» ұғымдарына қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық ілімдердегі түйінді ойларды жатқызамыз.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері ретінде педагогикалық әдіснаманың *тұлғалық - бағдарлы, жүйелілік, аксиологиялық, акмеологиялық және мәдениеттанымдық* тұғырлары мен *теория мен тәжірибенің бірлігі, субъектілік* ұстанымдары басшылыққа алынады. «Педагогикалық әдіснама» термині педагогикалық ғылымдарды дамыту, педагогикалық зерттеулер, педагогикалық болмыс объектілерін қайта құру, педагогтардың және оқытушылардың ғылыми-танымдық немесе ғылыми қайта құру қызметін бағалау әдіснамасын білдіреді. Ғылыми әдебиетте «әдіснамалық тұғыр» деген ұғым жиі кездеседі. «Тұғыр» ұғымы педагогикада ғылымның пайдаланатын нақтылы тәсілі, элементі ретінде қолданылады. Тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандай да бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Олай болса, біз қарастырып отырған болашақ дене шынықтыру оқытушысының рефлексиялық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын негіздеу қажеттілігі туындайды.

Тұлғалық – бағдарлы тұғыр негізінен оқыту үрдісінің адамға, оның даралығына бағыттауды, жеке тұлғаның мүмкіндіктерін танып, дамытуды көздейді. Адамның жеке тұлғалық қасиеттері мен даралығының; зияткерлік, түрткілік, көңіл-күй, еріктік, пәндік-тәжірибелік, экзистенциалдық, өзіндік реттеу сияқты өрістерінің қалыптасуына негіз болатын білім берудің ерекше мазмұнын айқындауға бағдарлайды. Тұғырдың басты мақсаты мен қызметі – қай деңгейдегі болмасын білім алушының оқыту барысында жеке қабілеттері мен қасиеттерін есепке алу, әрі қарай жетілдіру. Осы тұғырдың көрнекті өкілі, И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады [142]. Бұл ойдан біз жеке тұлғалық тәсіл жағдайында білімгерлердің өзіндік жеке ерекшеліктерінің болуы қойылған мақсатқа жетудің - яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір білім алушының дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты екендігін түсінеміз.

В.В.Сериков жеке тұлғаға бағдарланған білім беруге тән келесі заңдылықтарды атап көрсетеді: жобалау элементі – «тұлға өміріндегі оқиға», ол кейіннен біртұтас өмірлік нәтижеге айналады. Ал білім тек оның бір бөлігі ғана болып табылады. Оқыту мұғалім мен оқушының бірлескен қызметі болғандықтан, бұл әрекетте олардың бір-бірін түсінуі, қабылдауы, әсіресе оқытушының білім алушының бар мүмкіндіктерін білуі аса маңызды. Сонда ғана бірлескен әрекет білімгер үшін тұлғалық тәжірибенің бастауына айналады. Оқыту үдерісі оның табиғи өмір сүру жағдайына жақын бола түседі [143]. Автордың келтірілген тұжырымдамалық идеясы қазіргі кездегі бірлескен оқу әрекетін ұйымдастырудың басты қағидасы десек қателеспейміз. Тек осындай заңдылықтар басшылыққа алынған жағдайда біз қарастырып отырған

студент те, басқа субъектілер де бірлесе дамуға мүмкіндік алады деп есептейміз.

Осы тұғырды басшылыққа алу арқылы болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің танымдық белсенділігін дамытып, олардың жеке тұлға ретіндегі ойлауы, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы, бағытталуы, өмірге, еңбекке көзқарасы, құндылық бағыттары, өмірлік жоспары және т.б. сияқты аса маңызды тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік аламыз. Демек, тұлғаға бағдарланған оқыту дегеніміз –білім алушылардың бір-бірінен айрықшалайтын жеке ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, бұл-ең алдымен, оқушыға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапкершілігі бар субъектісі ретінде қарау орын алып, соның нәтижесінде болашақ мұғалімнің рефлексиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімділігі артады.

Жүйелілік тұғыр- зерттелетін педагогикалық құбылысты және оның арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтау. «Жүйе» ұғымының грек тіліндегі аудармасы «кұрастыру», аморфты емес бөліктерден тұратын тұтастық дегенді білдіреді. Осыған сәйкес зерттелуші объектіні жүйе ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты және оны жіктеп, құрылымын және ұйымдастыруды, тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтауға бағытталады. Жүйелілік тұғыр - нақты гносеологиялық жағдаяттағы диалектикалық әдістердің көрінісі. Сондықтан, жүйелілік жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде оқу-тәрбие үдерісін және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге қажет сапалы ғылыми тұғыр болып табылады. Көрнекті өкілдері В.В.Краевский [144], Э.Г.Юдин [145] педагогикалық жүйені өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырады. Олар: білім беру мақсаты, педагогикалық үдеріс субъектілері:

-ұстаз бен дәріс алушы, білім беру мазмұны:

-білім,білік, дағды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл-күй-әрекет қатынас тәжірибесінің жүйесі, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры: құралдар деп түсіндіріледі.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыруда жүйелілік тұғырдың алатын орыны ерекше. Себебі бұл жерде, біздің ойымызша бірнеше жүйе бар. Атап айтсақ студенттің өзі:биологиялық, психологиялық т.б. ішкі құрылымдардан тұратын жүйе, ал білім беру де реттілікті, тәртіпті, кезеңділікті сақтауды талап ететін тұтас жүйе. Ендеше осы жүйелердің бір-бірімен байланысын ретке келтіріп, ортақ іске бағыттау зерттеу нысанасына алып отырған мәселені шешуді нәтижелі ететіндігі күмәнсіз.

Аксиологиялық тұғыр. Аксиология «құндылық» деген мағынаны білдіреді. Білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білімдік кеңістікке ықпалдасудағы басты бағдар ол адамды қоғамның басты байлығы, ең жоғарғы құндылық деп тану, оның рухани жан дүниесінің жетілуіне көзқарастары мен тәжірибесінің, еңбектегі құндылықтарының жоғарғы деңгейде қалыптасуына жағдай жасау көзделінеді.

Заманауи педагогикада аксиологиялық тұғырдың алатын орыны ерекше. Педагогикалық аксиологияның дамуына Б.М. Бим-Бад [146], В.А.Сластенин [147], Н.Д.Никандров [148], т.б. ғалымдар үлес қосты. Осы авторлардың бірі В.А. Сластениннің пікірінше, педагогикалық құндылықтар дегеніміз, педагогикалық әрекетті реттейтін және танымдық тұрғыдан жұмыс істейтін жүйе ретінде әрекет ететін, білім беру саласындағы қалыптасқан қоғамдық дүниетаным мен мұғалімнің қызметі арасындағы делдалдық және байланыстырушы буын қызметін атқаратын нормалар. Олардың синтагматикалық сипаты бар, яғни, тарихи түрде қалыптасады және педагогикалық ғылымда нақты бейнелер мен көріністер түрінде қоғамдық сана формасы ретінде орнықтырылады.

Осы ойды жалғастырар болсақ, педагогикалық құндылықтарды игеру педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үрдісінде ғана мүмкін болады, біздің жағдайымызда болашақ педагогтың кәсіби білім алу кезінде және оның барысында олардың деңгейі мұғалімнің жеке және кәсіби дамуының көрсеткіші болып табылады.

Білім саласында басшылыққа алынатын құндылықтар негізінен ізгіліктілікке негізделіп, төмендегідей жіктеледі.

Педагогикадағы **эстетикалық құндылыққа** – жүйелілік, әдемілік, логикалық ойлау операцияларының элеганттылығы, шешімнің тапқырлығы жатады. **Этикалық құндылықтар** мінез-құлық нормаларынан түзіледі. Олар «субъект-субъект» қарым-қатынасы арқылы реттеліп отырылатын: сыни ойлау, басқаларды құрметтеу, ашықтық, сезіну, ынталана білу, ғылым алдындағы ақ адалдық т.б. моральдік-этикалық нормалар. **Әлеуметтік құндылықтар**— адамның қай саладағы болмасын жасаған әрекеттерінің пайдаға асуынан тұрады. Ең бастысы кез келген тәжірибе басқаларға зиян келтірмеуі керек.

Біздің ойымызша, рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан болашақ дене шынықтыру мұғалімінің бойында осы құндылықтар болуы тиіс, әрі педагогикалық әрекеттері осыларға сәйкес болуы қажет. Аталмыш тұғыр болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің мамандыққа қойылатын талаптарды қанағаттандыратын және құндылық бағдары бар әлеуметтік мәнді іс-әрекетке дайын болуын қамтамасыз етеді.

Акмеологиялық тұғыр. Кәсіби шеберліктің биігіне көтерілу туралы ғылымның «акмеология» деген атауы «акме» грек тілінен аударғанда «шын», «биіктік» деген мағынаны береді. Акмеологияда адам өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа қабілетті, өзінің өмірі мен кәсіби әрекетін ұйымдастыра алатын өз әрекетінің субъектісі ретінде танылады. Әрбір маман иесі өз мамандығына сәйкес кәсібилік жолдарда өзін-өзі анықтаудан кәсіби әрекет негіздерін меңгеріп, шеберліктің баспалдақтарымен өту арқылы жетілудің шыңына көтеріледі. Бұл ретте маманның кәсібилігінің даму заңдылықтарын зерттейтін жаңа интерактивті-кешенді ғылым акмеологияның орны ерекше. Бірқатар ғалымдар: О.С.Анисимов [149], А.А.Бодалев, Н.В.Кузьмина [150], А.А.Деркач [151], В.Г.Зазыкин [152], А.П.Ситников [153], т.б. акмеологияның әртүрлі мәселелеріне өздерінің еңбектерін арнаған.

Қазақстанда педагогикалық акмеология М.Ә.Құдайқұлов [154], Б.А.Тұрғынбаева [155] және олардың ғылыми мектебі өкілдерінің еңбектерінде қарастырылады.

Кәсібилік – еңбектің субъектісі ретінде адамның дамуының жоғарғы деңгейі және акмеологияның басты категориясы болып табылады. Ол жалпы және кәсіптік білім беру барысында қалыптасады. Оның әрі қарай дамуының («кәсіби акмеге жылжу») негізгі шарты болып кәсібилікке құндылықтық қатынас ретіндегі тұлғаның үздіксіз кәсіптік өзіндік білім алуы мен өзін-өзі дамыту қарастырылады. Кәсіби маман – бұл тұлға кәсібилігінің және іс-әрекеттің жоғары көрсеткіштеріне ие, жоғары кәсіби және әлеуметтік мәртебесі бар, жағымды әлеуметтік маңызға ие, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге, тұлғалық және кәсіби жетістіктерге бағдарланған, тұлғалық және әрекетшіл нормативтік реттеудің серпінді дамушы жүйесінің субъектісі. Акмеологияның негізін қалаушылардың бірі А.А.Бодалев: «білімдік үрдіс пен тәрбие адамды үздіксіз өзін-өзі дамытуға бағыттап, ынталандырған жағдайда ғана шынайы нәтижелі болады»деп жазады [156]. Акмеологиялық тұғырдың аясында да болашақ маманның кәсіби өзіндік білім алу қабілеті қалыптасып, сол білім мен тәжірибені өзіндік саралау арқылы бағалаушылық қабілеттер жетіледі.

Бұлар туралы айтып отырған себебіміз рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан дене шынықтыру пәнінің мұғалімі кәсібилікке жеткен деуге негіз бар. Ол жайында жұмысымыздың өн бойында көрсетіліп келеді [157].

Мәдениеттанымдық тұғыр. Мәдениет адамның өзін -өзі тануы мен танытуын қамтитын әрекет. Бүгінгі күнгі білім мен тәрбиедегі көкейтесті мәселелерді тиімді шешу, әсіресе кәсібилік, шығармашылық деңгейлеріне адамның өзін-өзі алып шығуы педагогикадағы мәдениеттанымдық тұғырдың негізгі ойларымен тығыз байланысты. «Мәдениет» ұғымының астарлары жеке адамның ғана емес, тұтас адамзаттың прогрессивті рухани және материалдық құндылықтарын көрсетеді. Ол жайлы философ Н.А.Бердяев кез келген материалдық мәдениет ең алдымен рух мәдениетінен бастау алады, оның рухани негізі бар екенін атап өтеді [158].

Адам мәдениетке оны жасаушы, тудырушы және оның негізгі нәтижесі ретінде қатысады. Ол қандай еңбекпен айналыспасын үнемі әрекеттің «сыртқы» нәтижелерімен қатар «ішкі» нәтижелері де, яғни адамның өзінің өзгеруі, оның қабілеттерінің, білік, дағдыларының дамуы орын алады. Соның нәтижесінде оның жаңа қажеттіліктері оянып, оларды қанағаттандырудың жолдарын іздейді. Біз қарастырып отырған болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениеті де тұлғаны мәдениеттің субъектісі-мәдени құндылықтарды білуші және жасаушы ретінде сипаттайтын мәдени компоненттердің жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін тәсіл. Мәдениет иесі деп танылатын тұлғаның діңгегі оның руханилығы болып есептеледі. Рухани даму негізінде адамдарға қызмет ету, өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру арқылы объектіден субъектіге айналуға деген қажеттілік жатыр. Сондықтан жоғары мәдениетті мұғалімнің ерекше сапасы - оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігінде жатыр.

Айтылғандар болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениетінің дамуының мәдениеттанымдық астарларының мәні -оның педагогикалық әрекеттің, ойлаудың, қарым-қатынастың мәдениетін меңгеруі болып табылатындығын негіздейді.

Келесі кезекте біздің зерттеу жұмысымыздың бағыт -бағдарын айқындайтын әдіснамалық *ұстанымдарға* тоқталамыз. Әдіснамалық ұстаным зерттеу нысанына алынып отырған педагогикалық құбылысты өзгертуге негіз болатын қағидалар жиынтығы. Ол ізденушіге, алға қойған мақсатқа жету жолын, қолданатын тәсілдер мен құралдардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Осы себепті, ұстаным практика үшін реттеуші, бағыттаушы, болжаушылық күшке ие.

Теория мен тәжірибенің бірлігі– ұстанымы педагогикалық зерттеулерде үлкен роль атқарады. Практика қайсы бір теориялық ереженің ақиқаттығының өлшемі. Дегенмен де тәжірибеге негізделмеген теория өнімсіз болады. Сондай-ақ теорияны басшылыққа алмаған практикада стихийялылық, тиімсіздік орын алады. Теория тәжірибеге жол ашады. Демек, педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыруда психология мен педагогиканың теориясындағы жетістіктер ғана емес, тәжірибенің дамуы, жетістіктері да есепке алынуы тиіс.

Біз қарастырып отырған болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру үшін ең алдымен олардың «рефлексия», «рефлексиялық мәдениет» ұғымдарына қатысты теориялық білімдері болуы керектігін көрсетеді. Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұны жағдайында мұғалімге қойылатын талаптар, білімдегі өзгерістер туралы хабары болуын алдыңғы қатарға шығарады. Оларды күнделікті сабақтарда, педагогикалық практика, зертханалық жұмыстарда қолданып отыру алған білімдердің тәжірибеден өтуін қамтамасыз етеді. Тек осы жағдай ғана болашақ педагогтың маман иесі ретіндегі ұшталуына, өсуіне жол ашады.

Субъектілік. «Субъект» ұғымы (латынша – *subiectum* – бастаушы) – болмысты тану мен өзгертудің бастауы ретіндегі индивид немесе топ; белсенді жеткізуші деп аударылады. Бұл - философия, психология және педагогика ғылымдарында бірдей қолданылатын ұғым. Философияда адам әлемдегі үнемі қайта жаңару жағдайында болатын жан, ал сол жаңару адамның өзінің ұмтылысы нәтижесінде, өз ойларын ұмтылыстарына бағындыру нәтижесінде іске асады деген мағынада қолданылады.

Психологияда субъект тұтастылықтың және автономиялықтың, өз белсенділігінің жоғары деңгейіндегі адам ретінде қарастырылады. Осы деңгейде адам өте жекеленіп кеткен, яғни өз мотивациясы, қабілеттері, психикасы ерекшеліктерін білдіреді. Адам субъект ретінде туылмайды, ол іс-әрекет барысында субъект ретінде танылады. Әр тұлға – субъект, бірақ соның өзінде ол тұлғаға теңестірілмейді.

Субъект - өзін-өзі ұйымдастырудың белгілі бір сапалы тәсілі, тұлғаның өзін-өзі реттеуінің, ішкі және сыртқы жағдайлардың келісуінің тәсілі, барлық психикалық процестердің, күйлердің, қасиеттердің реттеу орталығы, сонымен бірге қабілеттердің, объективті және субъективті мақсаттарға қатысты іс-

әрекеттің міндеттеріне сәйкес тұлғаның мүмкіндіктері мен шектеулерінің формасы. Субъектінің тұтастылығы, бірлігі және кіріктірілуі оның психикалық қасиеттері жүйелілігінің негізі болады.

Педагогикада субъект өз іс-әрекетін, сол арқылы өзін-өзі дамытуды ұйымдастыра, реттей алатын адам ретінде қабылданады. Субъектілік тұлғаны белсенді субъект (орындаушы, бастамашы, үйлестіруші) ретінде қарастыру индивидтің көкейкесті міндеттерді шешу үшін мотивациясын түсінуге мүмкіндік береді және ақиқат шындықты қайтадан өндіруге қарым-қатынасын айқындайды, кәсіби әрекеттерді орындауда тың іздестірулерді қамтамасыз етеді.

Субъектілік мына төмендегі үш кіріккен мәнді сапалармен сипатталады:

– *өзін-өзі детерминаландыру* - өзінің ішкі өзгерістеріне және сыртқы белсенділігіне өзі себеп бола алу қабілеттілігі; өзіндік ресурстарды белсендіру мен іске қоса алу. Бұл қызмет тұлғаның ерік-жігерін ретке келтіре алуымен байланысты;

– *өзін-өзі ұйымдастыру* - өзінің ұмтылыстарының, армандарының жүйесін жасай алуға қабілеттілік, өзінің әлемді түсінуін қадағалай алуы. Бұл сапаның қызметі мақсаткерлікпен байланысты;

– *өзін-өзі дамыту* - өзінің ішкі дүниесі мен қоршаған ортаның сандық өзгерістерден сапалық өзгерістерге өтуіне ықпал етуге қабілеттілік. Бұл жағдай оқушының бейімделмеген белсенділігінде көрініс табады.

Біздің зерттеу жұмысымызға қатысты субъектілік ұстанымының басшылыққа алынуы болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің өз әрекеттерін үнемі талдап, өзіндік кәсіби қорытындылар жасауға деген белсенділігі, соның нәтижесінде тұрақты рефлексиялық мәдениет сияқты сапасының қалыптасуына түрткі болатындығымен түсіндіріледі.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың жоғарыда көрсетілген тұғырлары мен ұстанымдары біздің зерттеуімізде келесі қызметтерді атқарады:

- *гностикалық* (студенттердің алынған теориялық білімдерді, жүйелеу біліктілігі, дене шынықтыру ұйымдарында жаңа ғылыми жетістіктерді игере білу, т.б.);

- *кіріктірушілік* (педагогикалық жаңашылдықтарды, мәдениеттің, кәсіптің құндылықтарын қоғамға ендіру);

- *прогностикалық* (кәсібиліктің нормаларын анықтауға қажетті педагогикалық үрдіс нәтижелерін болжауға септігін тигізу);

- *реттеушілік* (кәсіби білім алу жағдайында студенттің іс-әрекетін реттеу, нақты ғылыми және өндірістік міндеттерді шешу кезінде қолдану);

- *құндылық бағдарлы* (денсаулық-сақтаудағы іс-әрекеттерді ұйымдастыру саласында инновациялық-маркетингтік жұмысты ұйымдастыру; алдын-ала жасау және іздеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру, болжамдау және мәселелерді диагностикалау мен зерттеу).

Келесі кезекте біздің жұмысымыздың аясында құрастырылған модель компоненттерінің сипаттамаларына тоқталамыз.

Мотивациялық құндылықты компонент. Мотивтер білім алу барысындағы ойдың, қабілеттердің дамуының қозғаушы күші. Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде (Мотив; фран.*motif*, лат. *Moveo* - қозғаймын) – субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы түрткі ретінде қарастырылады [159]. Мотивация (ағылш.*motivation*) – қолданылу ыңғайына қарай қазақша «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заманда гуманитарлық ғылымдарында кең қолданылатын ұғым. «Түрткі» термині субъектінің белсенділігін туғызатын түрлі құбылыстар мен күйлерді білдіру үшін қолданылады. Түрткі – адамды түрлі іс-әрекетке итермелейтін себеп. Кісінің өз қажетін өтеуі оның түрткілеріне байланысты [160].

Мотивациялық-құндылықты компонент рефлексивтік мәдениетті дамытудың психологиялық астарларын жинақтайды. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру үрдісі білімгерлердің осы әрекетке деген ынтасының ішкі түрткісі немесе мотивтерінің болуымен тікелей байланысты.

Біздің моделіміздегі болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің өз рефлексивті мәдениетін қалыптастыру үдерісі ең алдымен *болашақ дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық әрекетке оң қатынасы; рефлексиялық әрекетке жағымды қызығушылық; сәттілікке, табысқа жетуге ынталылық* сияқты білім алушының ішкі түрткілерін білдіретін көрсеткіштермен сипатталады. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінде осындай ынта ықыластың болуы, біз қарастырып отырған рефлексиялық мәдениеттің қалыптасуының тиімділігін арттырады. Ал ЖОО оқытушысы аталған мотивтерді оята алуға сәйкес педагогикалық әрекеттер жасай алуы тиіс.

Мазмұндық-әрекеттік компонент модельді толтырудағы мазмұндық құрылымды анықтайды. Педагогикада мазмұн немесе білім мазмұны табысты оқуды қамтамасыз ету үшін неге оқыту қажет, яғни білім мазмұны қандай болуы керектігін анықтап алуды міндеттейді. Сонымен қатар сол мазмұнды игеру кімдердің қандай әрекеттері арқылы жүзеге асатындығын реттейді.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаудың мемлекет бекіткен стандарттарында, оқу орындары бекіткен оқу жоспарларында «Жалпы педагогика, дене мәдениеті және спорт педагогикасы», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы» т.б. пәндер аясында студенттерді өз әрекеттеріне өзіндік баға беру жұмыстары жүргізіледі деп санаймыз. Дегенмен де мақсатты түрде рефлексия теориясы мен оның кәсіби білім алудағы орны мен ролі, қызметтері, түрлері мен қолдану әдістемесі қарастырылмайды. Себебі бұл мәселе ол пәндердің алға қойған мақсаты емес. Сондықтан болашақ спорт педагогтарының зерттеліп отырған сапасын қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін арнайы пән болуы керек деген шешімге келдік.

Моделіміздің мазмұндық компонентінің негізгі ядросы болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруға арналған элективті курсты құрастыру болып табылады. Зерттеу барысында «Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» атты элективті курс дайындалып,

тәжірибеге ендіру, сол пән аясында «рефлексия», «рефлексиялық мәдениет» жайлы теориялық білімдер, рефлексияның түрлері, формалары, атқаратын қызметтері жайлы білімдер қалыптастыру көзделеді. Нәтижеде болашақ мамандардың рефлексивті мәдениетті қалыптастыру мазмұнын меңгеруі; әрекетті рефлексиялаудың дағдыларын игеруі қамтамасыз етіледі.

Компоненттің әрекеттік бөлігі білім алушының өзінің танымдық әрекетін ұйымдастырушы өзі болатындай етіп, тұтастай білім берудің әдістемелік және технологиялық жағын инновациялауға бағытталған. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін дамыту: *«рефлексия», «рефлексивтік мәдениет»* ұғымдарына қатысты теориялық білімдердің болуы; *эмпатияны дамытуға қабілеттілік* негізінде жүзеге асады.

Оқытушының әрекеті студенттердің ішкі әлеміне әсер ететін, оның өз әрекетін бағалауға деген белсенділігін тудыратын, әдіс құралдар арқылы рефлексивтік орта жасаудан тұрады. Оларды сипаттай кетсек, оқытушы: студенттердің белсенді танымдық әрекетін ұйымдастырады, басқарады, рефлексиялық жұмыстарына қызығушылығын белсендіреді, кәсіби сапалы білім алуына, білім алушылардың өзіне сенімділігін, бағдарланушылығын дамытуға ықпал етеді, бақылау жасау, әрекет қорытындысын болжай алу дағдыларын жетілдіреді.

Студент: білім алу үрдісіндегі өз әрекетін жобалау, жоспарлау, ұйымдастыру, нәтижесін қорытындылау сияқты компоненттерді меңгереді, өзіндік бағалау әрекетін басқарады, әрекетті рефлексиялау жұмыстарының мақсатын ұғынады, әдіс - тәсілдерін меңгереді, оқу үрдісінде кездесетін қиыншылықты жеңуге еріктік аймақтарын бағыттайды, өзіндік басқару және өз іс - әрекеттеріне баға беруге машықтанады.

Бағалаушылық - нәтижелік компонент. Адамға сыртқы дүние оның ақыл - ойы, сезімі, көңіл - күйі, тәжірибесі арқылы әсер ететіні заңды нәрсе. Дегенмен жоғары оқу орындарындағы білім берудің дәстүрлі теориясы мен қазіргі тәжірибесі елімізді дамытудың мемлекеттік талабына сәйкес келмей, білім алушылардың өзін - өзі жүзеге асыру, өзін - өзі дамыту, өзіндік рефлексия жасау, кәсіби карьерасын жоспарлау сияқты қажеттіліктерімен қарама - қайшылыққа келіп жататындығы белгілі. Белгілі психолог С.Л.Рубинштейн атап көрсеткендей, өмірдің кез - келген сәтіне әсер ететін жағдайлар – осыған дейін басымыздан кешкен ой елегінен өткізген және іштей тындырған жұмысымыздың нәтижесі [161].

Бағалаушылық - нәтижелік компонент модельдің кері байланысты және болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру үрдісінің басқарушылығын қамтамасыз етеді. Аталған компонент болашақ мамандардың рефлексивті мәдениетін қалыптастыруды диагностикалық - сараптамалық әрекеттер мен соңынан түзету арқылы бағалауды көрсетеді. Диагностикалық - сараптамалық әрекет педагогикалық мониторингтің кезеңдерін анықтау мен жүзеге асыруға тікелей көмегін тигізе алады.

Бағалаушылық-нәтижелік компонент модельдің қалған компоненттерімен тығыз байланысын қамтамасыз етеді, тәжірибелік жұмыстар мен рефлексивті-түзету әрекеттерінің түрлі кезеңдеріндегі болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың деңгейін бағалауды жүзеге асыруға септігін тигізеді, аталмыш сапаны қалыптастыру үрдісінің барлық уақытында қателіктердің алдын-алуға мүмкіндік туғызады.

Рефлексивті мәдениет кез келген маманның жоғары білікті, кәсіби еңбегінің базалық компоненті болып саналады. Рефлексивті мәдениеттің даму деңгейі кәсібиліктің деңгейін тікелей сипаттайды, сондықтан олардың арасында тығыз функционалды байланыстар болады және бұл сапаны дамыту келесі нәтижелерге әкеледі:

- дамушы тұлғаның бағалаушылық-инновациялық әлеуетін белсендіру;
- тұлғаның кәсіби тәжірибесін өзінің қайта мағыналауы;
- кәсіби шығармашылыққа даярлықты қалыптастыруы;
- кәсіби іс-әрекеттегі рефлексияның өзекті және әлеуетті өрістерін кеңейту.

Біздің пікірімізше, ұсынылып отырған модель болашақ дене шынықтыру пәні оқытушысының рефлексивті мәдениетінің қалыптасуы мен деңгейін арттырудың мүмкіндіктерін ашуды тиімді етеді. Мұның бәрі болашақ маман тұлғасының бойында ізделініп отырған сапаны қалыптастырудың әдіс, тәсілдер және технологияларды дұрыс таңдауды өзекті етеді. Бұл ретте құралдары етіп әртүрлі рефлексиялық міндеттерді шешу; формалары: *рефлепрактикумдар, интербелсенді семинарлар; әдістері: кейс стади, рефлексиялық полилог, рефлексиялық тренинг, рефлексиялық портфолио* әдістері алынды. Бұл әдістер жұмысымыздың эксперименттік бөлімінде кеңінен тарқатылатын болады.

Ұсынылып отырған модельде анықталған көрсеткіштер негізінде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетінің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы жасалды.

Жоғары деңгей – болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін дамытуға деген ынтасын тұрақты, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінің басты бағыты деп есептейді. «Рефлексия», «рефлексивтік мәдениет» жайында теориялық білімі жеткілікті, осы бағыттағы білік пен дағдыларды игеруге қызығушылықтары жоғары. Рефлексивтік мәдениетті өзінің кәсіби тұрғыда дамуының негізі, сапалы білімнің кепілі деп түсінеді.

Орташа деңгей – болашақ дене шынықтыру мұғалімдері өздерінің рефлексивті мәдениетін дамытуға жағымды көзқараста, оның кәсіби әрекеттегі орнын түсінеді. Рефлексия жайында теориялардан хабардар, кәсіби білім алу барысында осы бағыттағы білік пен дағдыларды игеруге қабілетті. Дегенмен бұл әрекетпен тұрақты айналысуға дағдыланбаған.

Төменгі деңгей – болашақ дене шынықтыру мұғалімдері өздерінің рефлексивті мәдениетін дамытудың қажеттілігін сезінеді, рефлексия жайындағы білімдері жеткіліксіз, осы бағыттағы білік пен дағдыларының қалыптасу деңгейі төмен. Рефлексиялық әрекетті іс жүзінде қолдану дағдысы қалыптаспаған.

Сонымен, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі кәсіби білім алу барысында аталмыш сапаны қалыптастырудың жалпы теориялық, әрекеттік және тәжірибелік тетіктерін белгілейді. Модель зерттеу мәселесі бойынша жасалған ғылыми ізденістің ақырғы нәтижеге жетуінің теориялық - әдіснамалық негіздері; рефлексивтік мәдениетті қалыптастыру үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, мамандар даярлауда қолданылатын мазмұн мен зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, ізделініп отырған сапаның қалыптасу деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысында жасалған осы модельдің бірегейлігін атап өте отырып, оның құндылығы – болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби даярлау үрдісінде, жоғары педагогикалық оқу орындарының теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі әрекеттерін жаңартуда оқу орындары мен мектеп тәжірибесінде басшылыққа алуға болатындығында - деп санаймыз.

2.2 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық шарттары

Еліміздің «Білім туралы» Заңына, білім беруді дамытудың бағдарламасына сәйкес қазіргі білім берудің мақсаты өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Ал білім берудің мемлекеттік стандарттары мен оқу бағдарламаларының мазмұны өзін-өзі жетілдіруге жағдай жасауға, жеке тұлғаның өзін-өзі тануына, өзін-өзі танытуына бағытталуы көзделген. Осыған сәйкес оқушы, студент оқу үрдісінің субъектісі ретінде танылады. Бұл болашақ маманды даярлау мәселесінде оқытудың прагматикалық мақсатына, кәсіби және педагогикалық мәдениеттің жоғары деңгейіне ие тұлғаны қалыптастыру мақсатына басымдық беруді талап етеді.

Жоғары мәдениеті бар адамның ерекше сипаттамаларына оның -үздіксіз өзін-өзі білімдендіру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту қабілеттері жатады. Мәдениеттің белгілі бір деңгейіне жеткенде, адам «өзін-өзі» іске қосады, нәтижесінде ол белсенділігін танытып, ең бастысы өзін-өзі тану әрекеті тиімді жұмыс істей бастайды. Бұл оның өзін-өзі анықтауына, үздіксіз өзін-өзі дамытуға бағытталған тиімді өзін-өзі басқаруға, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын нәтижелі етеді.

Педагогикалық мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары түлектері заманауи білім беру-тәрбиелеу жүйелерінің шығармашылық өзін-өзі дамытуына жаңа серпін бере алатын бастапқы педагогикалық капитал болуға тиіс.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру-бұл дербестендірілген үрдіс және ол жоғары мектепте оқудың алғашқы күндерінен басталады. Бұл, ең алдымен, теориялық білімнің тереңдеуімен және кеңеюімен, рефлексивті идеялар үшін философиядағы,

психологиядағы, әлеуметтанудағы ұстанымдарды іздеумен, қазіргі заман талаптарына сай шығармашылықпен қолданумен байланысты.

Болашақ мұғалімдер педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлау барысында болжамдар ұсыну, әртүрлі жағдаяттарды модельдеу, шығармашылық мәселелерді шешу жолының дұрыстығын әрқашан талдауда рефлексия жасауға жұмылдырылады. Бұл ретте кәсіби педагогикалық дайындау үрдісінде бұл психологиялық тетіктің рөлі маңызды екендігін айтқан жөн. Себебі рефлексия қиындықтан шығу жолын табуға көмектеседі, ал бұл өз кезегінде болашақ маман тұлғасының кәсібилігінің көрінісі болып табылады.

Аталмыш психологиялық тетік оқу-танымдық іс-әрекетте өзін басқаруды үздіксіздігін және іс-әрекет үрдісін басқаруды қамтамасыз етеді, сонымен қатар байланыстыру мүмкіндіктерін, педагогикалық міндеттерді табысты шешуге де бағдарлауға ықпал етеді. Негізінен іс-әрекетті талдау адамды мақсатқа жетуге жетелейді. Сонымен, рефлексиялық тетік кез-келген іс-әрекеттің, оның ішінде оқу-кәсіби іс-әрекеттің мазмұнын өзгертуге қабілетті деп айтуға болады.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексиялық мәдениетін жүйе ретінде қалыптастыру: білім беру мазмұнын тереңдету, кеңейту және жаңарту; рефлексивті іс-әрекетті қалыптастыру әдістемесін игеру, қабілеттерді, мотивтерді, көзқарастарды, қатынастарды, өзіне, білімге, танымдық іс-әрекеттің тәсілдеріне, шындыққа қатысты ұстанымды дамытуды қамтиды. Рефлексивті мәдениеттің қалыптасуы: *пропедевтикалық, негізгі, бекіту* сияқты бірнеше деңгейде жұмыс істейтін жүйе.

Мұндағы *пропедевтикалық* деңгей *дайындық* яғни осы зерттеліп отырған сапаның қалыптасуына жүйелі түрде қарапайым жаттығулар арқылы кірісуді білдірсе, *негізгі* деңгей ол оқытылатын пәндер аясында тұрақты рефлексиялық жаттығуларды қолдану және *бекіту* деңгейінде студенттер өз әрекеттерін өздері талдап қорытындылауды автоматты деңгейде қолдана алуларын көрсетеді.

Рефлексивті мәдениетті қалыптастыру мақсатты жүргізіліп, бұл бағыттағы педагогикалық мәселелерді шешуге нақты назар аударғанда нәтиже береді. Бұл ретте аталмыш үрдіс рефлексивті білім мен дағдыларды сұранысқа ие және тиімді етеді. Рефлексивті мәдениеттің қалыптасуы үздіксіз болғаны жөн. Үздіксіздіктің өзі педагогикалық үрдістің кезеңдік сипатына негізделген білімнің жаңаруынан, студенттердің дамуынан, қиындықтардан және міндеттердің өзгеруінен туындайды.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениеті айқындалған сыртқы және ішкі шарттардың ықпалы жағдайында қалыптасуы мүмкін. Осы ретте біз қарастырып отырған сапаның қалыптасуын нәтижелі ететін шарттарды сипаттауға көшеміз.

Философиялық тұрғыдан заттың қоршаған құбылыстарға қатынасы, тәуелделігі, онсыз ол бола алмайды, «объектілердің (заттардың, олардың қалпы, өзара әрекеттестігі) кешенінің мәнді компоненті» деп сипатталады [162]. Яғни, сол құбылыстың нақты шарттарының жиынтығы, оның пайда болуына, әрекет етуіне және дамуына жағдай жасайды.

Психологияда психикалық даму контекстінде ұсынылады және психологиялық дамуды анықтайтын, оны жеделдетіп, не шегендіретін, даму үрдісіне, динамикасына, және нәтижесіне ықпал ететін ішкі және сыртқы себептердің жиынтығы арқылы ашылады [163].

Педагогикада «шарт» ұғымы нысанның оны қоршаған ортадағы құбылыстарына деген қатынасын білдіретін категория ретінде қарастырылады. Байқап отырғанымыздай педагогикалық танымдағы «шарт» ұғымы психологиядан бірқатар айырмашылықтармен сипатталады. Себебі, қазіргі дидактика бойынша «шарт» оқу ісіндегі жетістікті қамтамасыз ететін оқу үрдісінің факторлары мен компоненттерінің жиынтығы ретінде тұжырымдалады. Тәрбиелеу теориясында шартты әртүрлі педагогикалық үрдістер тоғысатын орта деп қарастырады.

Акмеологияда шарт мәнді, маңызды жағдай деп танылады және кемелденген тұлғаның жоғары дәрежелі прогрессивті даму жетістіктеріне жетуі, ең алдымен тұлғаның кәсібилік деңгейіне жету және оның қызметін атқара білу тікелей шартқа байланысты болады.

Біз «шарт» ұғымының негізгі ерекшеліктері мен белгілері әртүрлі аспектіде қарастырып, талдаймыз. Сөздіктерде «шарт» бір құбылыстың жағдайға тәуелділігі; іс-әрекет, өмірдің бір саласында бекіген ережелер деп түсіндіріледі [164].

Педагогикалық шарттар – мақсатты құрылған жағдай, онда педагогқа оқу-тәрбие жұмысын тиімді іске асыруға көмектесетін психологиялық-педагогикалық факторлардың (қарым-қатынас, құралдар, т.б.) жиынтығы тығыз байланыста болады [165]. Кешенді талдау көрсеткендей, «шарт» жалпығылыми ұғым, оның мәні педагогикалық тұрғыда бірнеше сипатталуы мүмкін:

- шарт – себептердің, жағдайлардың, объектілердің және т.б. жиынтығы;
- аталған жиынтық оқыту, тәрбиелеу, дамытуға ықпал етеді;
- шарттардың ықпалы дамыту, тәрбиелеу және оқыту үрдістерін жеделдетеді, немесе шегіндіреді, сонымен қатар оның динамикасы мен нәтижелерге ықпал етеді.

Осыларды айта келе, біз болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруды тиімді ететін келесі педагогикалық – психологиялық шарттарды ұсынамыз: *студенттердің кәсібі білім алу әрекеттерінде рефлексивтік үдерістерді жүйекұраушы фактор ретінде белсендіру; оқу диалогын ұйымдастыру; оқу үрдісінде студенттің кәсіби және тұлғалық рефлексия жасау тәжірибесін меңгеруі;*

Енді осы шарттарды ғылыми тұрғыда негіздеуге көшеміз.

1. Студенттердің кәсібі білім алу әрекеттерінде рефлексивтік үдерістерді жүйекұраушы фактор ретінде белсендіру шарты.

Білім саласындағы жүйені құрайтын факторлар – осы жүйенің қалыптасуына ықпал ететін күштер оның элементтеріне жатады. Біз қарастырып отырған болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениеті де жалпы осы сала мамандарын даярлау жүйесінің сапасын жоғарылатудан туған ішкі қажеттілікті қанағатандырады.

Студенттік шақта жастардың өзін-өзі бағалау туралы ой-пікірлері қоршаған адамдардың әртүрлі бағасының синтезі арқылы және өзінің іс-әрекетінің нәтижесімен анықталады, соның негізінде өзіне және өзгелерге деген өзінің мәнділігін іздеуге бағытталады. Осы бағалар арқылы таңдау жасап, шешім қабылдайды. Бағалауға қабілеттілік өзіне қанағаттанарлық,өзін бақылау, адамның өзіне, қабілеттеріне, әсіресе шығармашылық қабілеттеріне және қабылдаған шешімдеріне деген сенімділік мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Рефлексиялық қызметті жандандыру алгоритмге сәйкес микро топтардағы бірнеше жасырын айтылған мәселелерді талдау үрдісінде мұғалімдердің көп пәндік диалогтық әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл кезеңде қабылдаушы мен қатысушылардың өзара тепе-теңдік жағдайында сипаттамалары күрделене түседі.

Рефлексиялық белсенділікті ынталандыру әдістерін меңгеру мұғалімдердің көмегі арқылы жүзеге асырылады және педагогтың білім алушының іс-әрекеттерін ұйымдастыру, реттеу және бақылау шараларынқолдануды қамтиды. Мысалы:

- білім алу барысындағы студенттің әр жауабына назар аудару;
- жауапқа қатысты рейтингтің болмауы;
- студенттерді өздігінен талдауға және мәселенің шешімін табуға ынталандыру;
- әрекеткеқажетті уақытты ұсыну;
- белгіленген шеңберде көмек көрсету;
- ойды кеңейту немесе бағытын өзгерту мақсатында қатысушының ойлау барысындағы өзгерістерді есепке алу;
- түсіндіру сұрақтары көмегімен мәлімдемелер мен іс-әрекеттерді нақтылау;
- шамадан тыс жалпылама ескерту жасамау;
- рефлексивті техниканың мәні мен бағытын көруге көмек беру;
- микро топтарда өзара әрекеттесуді ұйымдастыру;
- қиял мен қиялдау үрдістерінің көрінісін ұйымдастыру және жүргізу;
- рефлексиялық қызметте метафоралар мен аналогияларды қолдану мүмкіндігін көрсету;
- топта не болып жатқанын жалпылау және түсінік беру;
- ауызша және вербальды емес байланыс құралдарын қолдану арқылы ынталандыру;
- топтың және оның жеке мүшелерінің алға жылжу қарқыны мен сапасын бақылау және т.б . [166].

Осы айтылғандар болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениетінің қалыптасуына жүйелі түрде ықпал етеді деп санаймыз.

Бұл мақсаттардың дұрыс орындалуы жоғары оқы орыны оқытушысының шеберлігімен тікелей байланысты. Себебі оқытушының негізгі рөлі бойынша маман дайындауға қатысты барлық элементтер мен даму сатыларын сіңіреді: білім беру стандарттарын әзірлеуден бастап, оқу жоспары, жұмыс бағдарламасы, жеке дәріс мазмұны мен тәжірибелік сабаққа дейін толық

қамтылады. Педагог білім беру үрдісінің негізгі әрекет етуші тұлғасы ретінде қызмет етеді. Сол оқыту үрдісін ұйымдастырады, студенттермен нақты практикалық байланыс орнатуды қамтамасыз етеді, оларды құндылықтар жүйесінің түпнұсқасын тануға сезінуге күш салады, студенттердің рефлексиялық іс-әрекеттерін белсенді етеді. Егер оқытушы өзінің жеке кәсібилігін, құзыреттілігін көрсете алса, студенттердің рефлексиялық мәдениетінің қалыптасуы нәтижелі болып, рефлексиялық белсенділігі арта түседі.

Бұл ретте И. А. Стеценконың оқытушы білім беру іс-әрекетін ұйымдастыруда басшылыққа алуға ұсынған мына қағидаларды келтіруді жөн көрдік:

- студенттерге кәсіби әдістердің, оқыту технологияларының барлық мүмкіндіктерін толық ашып көрсетуі;
- студенттерге сол әдістердің ішінен таңдау еркіндігін беру;
- студенттердің бойында «жобалы мәселелерге тән сипатты өз зердесімен танып, оны шешудің тиімді жолдарын анықтау қабілеттерін дамыту;
- нақты жоба іздеу әрекетінде әдістер өрісі жиынтығындағы «хаос» үрдісін және өзін - өзі ұйымдастыратын ерекшеліктерді көре білуі;
- жоба міндеттерін шешу тактикасы мен стратегиясын саналы түрде таңдау және басқару қабілетін тани білу [167]. Бұлар болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексиялық іс-әрекетті атқаруына оң ықпал етеді, проблеманы шешу іс-әрекетіне баға беріп, стандарттан тыс шешімдер қабылдауға дағдыландырады.

2. Білімдік үрдісте оқу диалогын ұйымдастыру. Бұл шарт ең алдымен **оқытушының** диалогты ұйымдастыруын; студенттердің өз бетінше оқу диалогын ұйымдастыруы сияқты бөліктерден тұрады. Шартты негіздеуді «диалог», «оқу диалогы» ұғымдарының мәнін ашудан бастағанды жөн көрдік.

М.С. Каганның пайымдауынша, диалог - бұл объективті және субъективті сипаттағы білімнің өсуіне және сыни алмасуына, сондай-ақ интроспекцияға және субъектілердің жеке мағыналарын дамытуға негізделген әлеуметтік-коммуникативтік тәжірибені кеңейтуге бағытталған, пәнаралық интеллектуалдық коммуникацияға негізделген жүйелі бірлескен іс-әрекет тәсілі [168].

Білімді ізгілендіру қағидасы оқыту үрдісін диалогтық негізде ұйымдастыруды өзекті етеді. Себебі диалог білім мазмұнын білім алушының тұлғасына жақындатып, оның қолжетімді болуын, субъект үшін мәнінің артуына ықпал етеді. Диалогтың танымдық әрекетті белсендіру әдісі ретіндегі маңызы өте зор. Оны қолдану нәтижесінде студенттердің бойында еркіндік, ашықтық, араласушылық, ойды, пікірді білдіру сияқты қасиеттер қалыптасады. Дәл осы қасиеттер рефлексиялық мәдениеттің құраушылары болып табылады

Белова С.В. оқу диалогын -білім беру жағдайының барлық деңгейлерін қамтитын жеке тұлғаға бағытталған оқытудың жүйе құраушы элементі: мазмұнын, мақсаттарын, міндеттерін, пәнін, жұмыс формалары мен әдістерін қалыптастыру, мониторинг және бағалау жүйесі, оқытылатын мәселелерді

шешуге бағытталған оқу субъектілерінің өздерінің қызметі, болашақ мұғалімдердің жеке мағынасын іздеуі деп тұжырымдайды [169].

Диалогтік оқытудың Н. Mercer, негіздемесі бойынша үш түрі бар: әңгіме-дебат, кумулятивті, зерттеушілік. Ол еңбекте диалог сабақта білім алушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын, әңгімелесу яғни, адами когнитивті және әлеуметтік даму негізінде оқушылардың қызығушылығын диалогтық стратегияларды қолдану арқылы жүзеге асырады десе [170], ал Perry, N. E., VandeKamp ұсынған зерттеулерінде студенттердің жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етуінің түрлерін тиімді қолдануды ұсынады [171].

Бұл сілтемелерден оқу диалогы-педагогикалық шындықтың күрделі көп өлшемді құбылыстарының бірі және кәсіби-білім беру ортасын қалыптастыру тәсілі ретінде әрекет етеді, оның жағдайында педагогикалық пәндерді оқу үрдісінде болашақ мұғалімдер арасында құнды пікір алмасуды қамтамасыз етеді деген қорытынды жасалады. Оқу диалогы оқушылардың теориялық ойлауын, ойлау әрекетін, ойлау коммуникациясын, рефлексияны дамытуға бағытталған үрдіс. Өйткені теориялық білімді игеру әрқашан пікірталастар арқылы іске асады. Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау үрдісіндегі оқу диалогы студенттерді жаңа материалды игеруге психологиялық тұрғыдан бейімдейді, танымдық күштер мен қабілеттердің дамуына ықпал етеді, тәуелсіздікті белсендіреді, олардың шығармашылығы мен өзін-өзі дамытуының тетігі болып табылады.

Оқу диалогын дұрыс ұйымдастыру арқылы білім алушыларға дәріс, практикалық сабақтар барысында жайлы, тиімді психологиялық ахуал туғызу. «Жайлылық» - адамға жағымды әсер ететін, жақсы сезім береді Ыңғайлы жағдай сыртқы әрекетсіздік немесе толық релаксация емес, керісінше, адамның жүйке және психикалық функцияларын белгілі бір жұмылдырумен болатын белсенді жағдай. Бұл ахуал оқу үрдісі субъектілерінде осы жағдайдың ұзақ уақыт сақталуы мен дамуына ықпал етеді.

А.С. Ахизер «жайлы-ыңғайсыз әлем» жайлылық мәселелерін зерттей келе, жайлы әлемнің ерекшелігі-ол жағымды құндылықтардың көрінісі екендігіне тоқталады. Әлемнің жайлылығы, оған деген үміт адамдарды өмірге құлшындырырады, оларды эмоционалды түрде қанықтырады. Қолайсыз әлем-бұл қауіпті әлем, қалыптасқан ырғақтарды бұзады, қолайлы деңгейден асып кетеді, сондықтан да ол жағымсыздық тудырады деген пікір білдіреді [172].

О. А. Воробьева психологиялық-педагогикалық жайлылық зерттеулерінде оны оқу процесінің барлық субъектілері үйлесімді дамуды және қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруды табатын оқу орны ұжымының моральдық-эмоционалды жағдайы ретінде ұсынады. Мұның бәрін оқу процесінде қолайлы жағдай жасау қажеттілігімен байланыстыруға болады [173].

Қазіргі уақытта психологиялық тұрғыдан ыңғайлы оқу ахуал орнату студенттерді оқытудың жетістігінің маңызды факторы ғана емес, сонымен бірге олардың психикалық денсаулығын сақтаудың негізгі шарты болып

табылатындығына ешкім күмән келтірмейді. Бұл мәселе дұрыс шешімін табу мектеп мұғалімі немесе жоғары оқу орыныоқытушысы үшін күрделі жұмыстың бірі болып табылады. Оқытушы дәріс не практикалық сабақ барысында білім алушыға психологиялық тиімді жағдай туғызу алдымен оқушылардың қызығушылықтарын туғызу арқылы қабілеттерін аша білу, осы арқылы ұстазбен өзара тиімді байланыс орнату сияқты белгілі әрекеттер арқылы жүзеге асады. Бұлай болмаған жағдайда білім алушының сабақ барысында өзін тұйық, ынтасыз сезініп, шеттеліп қалуы әбден мүмкін.

Психологиялық жайлылық адамдар арасындағы байланыстың сапалық көрсеткіші болып табылады. Ортадағы жақсы психологиялық жайлылық нәтижесінде адамдардың өзара сыйласымдылық танытуы, өздерін еркін ұстауы орын алып, әр адамның мүмкіндігінің толық ашылуының көрінісі болып табылады. Керісінше болғанда өзара атқаратын жұмыстың сапасыз болуына, білім алушының жан-жақты өсуіне кедергісін келтіреді. Жақсы психологиялық ахуалдың болмауы адамның жеке басының дамуына кедергі келтіріп, оның үрей, қобалжу, өзін қорғансыз сезіну жағдайына әкеледі.

Осыдан келіп қалыптасатын болашақ мұғалімнің рефлексиялық мәдениеті - оның интегративті сипатын, теориялық және әдіснамалық білімдерін, құндылық бағдарларын бейнелейді және педагогикалық іс-әрекеттің рефлексивті-жеке тәсілін анықтайды.

3. Келесі сипатталатын шарт-«оқытушы», «білім алушы» позицияларында педагогикалық әрекетті талдау тәжірибесін меңгеруі

Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз - мұғалімнің оқу-тәрбие істерін нәтижеге жеткізетін әрекеттер құрылымы. Мұғалімнің шеберлігі педагогикалық мамандық негізінде басқара білу. Өз педагогикалық іс-әрекетін талдау - мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысының қалпын, нәтижелерін зерделеуі; педагогикалық құбылыстар элементтерінің арасындағы өзара байланыстарды белгілеу, оқушыларды оқытуды және тәрбиелеуді әрі қарай жетілдіру жолдарын анықтаудан тұрады. Педагогикалық талдаудың: диагностикалық, танымдық, түрлендірушілік, өздігінен білімденушіліксияқты қызметтерді атқарады.

Педагогикалық іс-әрекеттегі педагогикалық талдаудың рөлі өте зор. Мұғалім талдауды неғұрлым тереңірек және негізді түрде жүргізсе, басқарылатын объектінің және ондағы процестердің мәніне енсе, басқарылатын жүйені ретке келтіру және оны жаңа, жоғары сапалы күйге көшіру жөніндегі әрекеттері неғұрлым дәлелді және тиімді болады.


Талдау педагогикалық қызметтің нәтижелері мен тиімділігін зерттеу негізінде жүзеге асырылады және сонымен бірге педагогикалық қызметті мақсат қою, болжау және жоспарлаумен өте тығыз байланысты. Талдау қаншалықты терең болса, келесі кезеңдегі мұғалімдердің, ұжымның мақсаттары мен міндеттері соғұрлым дұрыс және нақты анықталады. Мақсаттар неғұрлым нақты болса, соғұрлым жоспарланған жұмыстың мазмұны мен формаларын таңдау оңтайлы болады. Әрекетті талдау ондағы орын алған кемшіліктердің себептерін айқындауға мүмкіндік береді. Талдау, қайта ой елегінен өткізу, яғни

мәселеге өзгенің көзімен қарап, өз мақсатына пайдалана білу дегенге келіп саяды.

Егер педагог өз әрекетіне өзіндік талдау жасай алса, онда ол өзіндік дамуының, кәсіби тұрғыда жетілуінің көкжиегін бағдарлай және өз тәжірибесін жақсарта алады деуге болады. Болашақ маманды рефлексия жасауға жетелеу жоғары оқы орыны оқытушысының басты міндеттерінің бірі, себебі рефлексия да бұл әрекетті талдаудың өте тиімді формасы. Өзінің іс-әрекеттеріне және білім алушылармен өзара әрекеттестікті талдауға бағытталған жұмыс өзімен-өзі «ішкі диалог» құру, ол өзіңе және өзгелерге қатысты әділ болуды, белгілі деңгейдегі педагогикалық тәжірибені, сондай-ақ психологиялық және педагогикалық білімді қажет етеді.

Сабақтың психологиялық ішкі жүйесін талдау әр студенттің білім алу барысындағы жасаған әрекеттеріндегі эмоционалдық жағдай, олардың эмпатиясын, зияткерлік және оқу материалдарының жеке ерекшеліктері мен ішкі қажеттіліктеріне сәйкес келуін көрсетеді.

Өз әрекетінді біздің жағдайымызда педагогикалық әрекетті талдау ең алдымен басталғалы тұрған істі жобалай алудан басталып, орындау барысында кеткен кемшіліктерді айқындап, түзетумен аяқталатын үрдіс. Сондықтан болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің бойында рефлексиялық мәдениетінің дамуына әсер ететін педагогикалық әрекетті талдауға қажетті тұлғалық сапалары болуы тиіс деп санаймыз. Оларға біз: *әрекетті жоспарлай алу; әрекетті орындаудағы ойлылық; әрекет барысында кеткен кемшіліктерді таба білу; кемшіліктерді түзету жолдарын білу; компромистік шешімдер іздеу және осы аталғандарды жүзеге асырудағы табандылықты жатқыздық.* Осылардың әр сатысында ақырғы нәтиженің сапалы болуына әкелетін қадамдар жатыр (сурет 7).



Сурет 7 - Рефлекциялық мәдениетті қалыптастыру үшін болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби - педагогикалық әрекеттерді талдау алгоритмі және оған қажетті тұлғалық сапалары

Бұл кәсіби - педагогикалық әрекеттер мен тұлғалық сапалар болашақ дене шынықтыру мұғалімдеріне мамандық бойынша кәсіби білім алу мазмұны мен тәжірибесі арқылы меңгеріледі, дамытылады. Біз оларды өз мақсатымызға қарай пайдалану арқылы одан әрі жетілдіруге ықпал етеміз.

Жұмысымыздың келесі тарауында ұсынылып отырған құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін дәлелдеуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысы мен алынған нәтижелер сипатталады.

3 БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС

3.1 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетінің бастапқы деңгейін анықтау

Бүгінде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби даярлау үдерісі: жалпыға міндетті кәсіби білім беру стандартына, оқу бағдарламасының мазмұнына, оқыту үдерісін ұйымдастыру деңгейі мен ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігіне т.б. факторларға тәуелді.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін дайындауда жоғары оқу орындары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (жоғары кәсіптік) негізінде жүзеге асыратыны белгілі. 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының қолданыстағы стандартын, типтік оқу бағдарламаларын талдайтын болсақ, ондағы берілген кәсіби білім мазмұны болашақ денешынықтыру мұғалімдеріне педагогикалық-психологиялық білім беру сұранысына сәйкестігін атап өткеніміз жөн. Атап айтсақ, білім беру бағдарламасында «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы», «Жалпы және жас ерекшелік психологиясы», «Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі», «Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы», «Дене шынықтыру және спорт менеджменті» және жекелеген спорт түрлерінің әдістемелеріне арналған пәндердің қарастырылуы студенттердің кәсіби білім алуына бағытталғандығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысы аясында 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына арналған жалпыға міндетті білім беру стандартына талдау жасалды. ЖОО-да денешынықтыру оқытушыларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 895 қаулысымен бекітілген стандартпен кредиттік жүйе бойынша даярланып келді [174].

Осы стандарт бойынша бөлінген кредит саны мен пайыздық көрсеткіші төмендегідей: 5B010800 жалпы білім беру пәндерінің циклының құрамы типтік оқу жоспарында 129 кредит, ондағы міндетті пәндер көлемі 21 кредитті құрайды. Таңдау бойынша-7 кредит, базалық пәндер көлемі-69, оның ішінде: міндетті компонент-20. Таңдау бойынша-49, профильдік-32 оның ішінде: 5 міндетті компонент, 27-таңдауы бойынша. Қосымша дене шынықтыру және спорт-8 кредит. Практика-6 кредит, қорытынды аттестация-6. 5 - тен кем емес. Теориялық ББ-129 кредит, ДШЖС-8. Қорытынды аттестация-3, практика-6 кредиттен кем емес.

ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 №604 бұйрығымен

-ЖБП циклітізбесінде міндетті компонент пәндерінің көлемін азайтуға жол берілмейді, оның мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен айқындалады. Тек техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында жеделдетілген оқыту мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары үшін рұқсат беріледі.

Бұл талдаулар 5B010800 және 6B01401 айырмашылық ЖОО компонентіндегі сағаттар көлемінде екендігін көрсетеді.

-ЖК және ТК пәндерінің ЖОО дербес анықтайды және еңбек нарғының қажеттілігін, жұмыс берушілердің күтуін және білім алушылардың жеке мүделерін ескереді.

-ӘАОО-да жоғары оқу орны компонентін нақты ӘАОО-да қалыптасқан ғылыми мектептер, біліктілік сипаттамаларына, біліктілік тааптарына қойылатын ӘАОО талаптарының ерекшелігін ескереді.

-ЖБП цикілінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәнеріне тиеслі. 5 кредит-таңдау бойынша.

6B01401-міндетті пәндер көлемі 56 кредит құрайды. Базалық пәндер 112 кредит, 47 пайызды құрайды. Профильдік пәндер-60 кредит құрайды, яғни-25 пайызды құрайды. Қорытынды аттестация-12 кредитті құрайды. Жалпы саны:240.

Бұл талдаулар 5B010800 және 6B01401 айырмашылық ЖОО компонентіндегі сағаттар көлемінде екендігін көрсетеді.

Айта кету керек, бұл құжатта болашақ мамандарға педагогикалық және психологиялық кәсіптік білім берудің барлық жағы қамтылғанымен, студенттердің рефлексиялық мәдениетін көтеруге бағытталған міндетті не таңдау пәндері қарастырылмағандығын көруге болады. Педагогикалық үрдістегі рефлексия өз позициясынан шығуды және оны сырттан қарастыруды, болған жағдайға да, өткенге де өзіне деген жаңа көзқарас қалыптастыруды көздейтін өзіндік ойлау және қызмет әдістеріне бағытталған.

Дегенмен студенттерге жүргізілетін «Жалпы және жас ерекшелік психологиясы», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы»атты оқу пәндерінде студенттерге адамның ішкі мүмкіндіктері, тұлғаның дамуы, түрлі шиеленісті жағдайлардан шығудың өзіндік жолдарын табу олардың рефлексивті ойлау іс-әрекеттерін тудыруға ықпал жасайды деп түсінеміз. Бұл әрине, сөзсіз біздің жұмысымызды белгілі бір дәрежеде жеңілдетеді.


Рефлексивтік мәдениетінің бастапқы деңгейін анықтауға арналған болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсібилігі алғышарттарының бірі ретінде В.С.Степиннің пікірінше, күрделі өзін-өзі дамытатын жүйелерді құру және қолдану заңдарын зерттеу ретінде ғылыми классикалық емес ғылыми рационалдылық түрі қолданылады [175].

Экспериментпен ғылыми зерттеулер ғана емес, сонымен қатар кез келген адам қызметі де байланысты. Эксперимент – кез келген мақсатты қызметтің ажырамас кезеңі.Интернет пен ғылыми әдебиетте эксперименттің анықтамасы мен жіктелуін басқарылатын жағдайларда кейбір құбылысты зерттеудің ғылыми әдісі ретінде анықтауға болады. Егер басқарылатын эксперименттер өте қиын болса немесе мүмкін болмаса, онда зерттеушілер виртуалды эксперименттер кеңінен танымал болған квазиэксперименттерге жүгінеді.

«Эксперимент» ұғымы ғылым мен тәжірибенің базалық ұғымдарының қатарына жатады. Эксперимент педагогикалық білім алуда эмпирикалық

тәсілдің негізі болып табылады, ал белгілі критерийлер К.Поппердің пайымдауынша, ғылыми теорияның жалған ғылыми теориядан басты айырмашылығы ретінде эксперимент қою мүмкіндігін атап өтеді [176].

Зерттеу жұмысы аясында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған тәжірибелік эксперименттік жұмыстың кезеңдері белгіленген бағдарламасы жасалды.



Сурет 8 - Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері

Осы белгіленген кезеңдерге сай болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың бағдарламасы жасалды, университет басшылығымен, кафедра меңгерушісімен бекітілді (кесте 2).

Кесте 2 – Тәжірибелік эксперименттік жұмыстың бағдарламасы

Дайындық кезеңі 2016 - 2017 жылы	
1	2
Міндеттері	1. Эксперименттік жұмысты ұйымдастырудың және өткізудің мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, шарттары мен кезеңдерін анықтау, бағдарламасын даярлау. 2. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтаудың диагностикалық әдістерін анықтау. 3. Эксперимент нәтижелерін бағалаудың критерийлерін даярлау. 4. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетінің бар деңгейін айқындау.
Әдістері	Айқындаушы эксперимент: сауалнама, бақылау, талдау, жинақтау, салыстыру, шкалалау, педагогикалық сараптама
Нәтижесі	Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруға бағытталған эксперименттік бағдарлама.
Негізгі кезең 2017-2018 оқу жылы	
Міндеттері	1. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетінің қалыптастыруға бағытталған модель әзірлеу 2. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетінің қалыптастыруға бағытталған модель әсерін тәжірибе жүзінде сынақтан өткізу 3. Эксперимент нәтижелерін бастапқы өндеуді және статистикалық бағалауды жүргізу
Әдістері	Қалыптастырушы эксперимент. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық компонентіне сәйкес

2 – кестенің жалғасы

1	2
	«Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» атты элективті курс әзірлеп, тәжірибеден өткізу, пәнді жүргізу барысында рефлепрактикум, рефлексиялық портфолио, оқитудың белсенді әдістері, тренингтер, жаңашылдық технологиялар тәсілдерін қолдану
Нәтижесі	Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетінің қалыптастыру бағдарламасының жүзеге асуы, тиімділігінің эксперименталды түрде тексерілуі.
Қорытынды кезең 2018-2019 оқу жылы	
Міндеттері	1. Тәжірибелік мәліметтерді теориялық тұрғыдан түсіну 2. Зерттеудің нәтижелерді шығару, сипаттау, қорытынды жасау. 3. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.
Әдістері	Теориялық талдау, материалды жалпылау, жүйелеу, эксперимент нәтижелерін екінші реттік өңдеудің статистикалық әдістері (болжамды дәлелдеу әдістері) экспериментті компьютерлік өңдеу әдістері.
Нәтижесі	Қорытынды тұжырым, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған диссертациялық зерттеудің ұсыныстарын дайындау.

Сәйкес зерттеудің эмпирикалық болжамдары жасалды:

1) Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениет туралы білімдерінің болуы рефлексияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді.

2) Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексиялық әрекетке мотивациясының жоғары деңгейі олардың маңызды сапасын қалыптастырудың алғы шарты.

3) Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мақсатты түрде элективті курс, оқу бағдарламасындағы педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту мазмұнын жетілдіруге тікелей байланысты.

4) Рефлексияны мақсатты түрде дамыту (белсенді түрде ДШ-дың арнайы ұйымдастырылған оқу процесінің көмегімен) проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу деңгейінің өзгеруіне әсер етеді.

5) Болашақ мұғалімдердің дайындығының мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, жедел-әрекеттік және құрылымдық компоненттері рефлексияға түрткі болады.

6) Болашақ мұғалімдердің рефлексияға қажеттілігі мен эмпатия деңгейі арасында тікелей байланыс бар.

7) Кәсіби рефлексия - бұл кәсіби қызметтің тиімділігін анықтайтын құрылымдық және динамикалық компоненттерді қамтитын ажырамас жеке білім беру.

Осы эмпирикалық болжамдарды дәлелдеу мақсатында келесі зерттеу әдістері таңдалды: (Қосымша Е).

Кесте 3 — Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдістемелері

Критерийлер	Диагностикалық әдістері
Мотивациялық-білімдік	- О.И. Дорфееваның «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» сауалнамасын модификациялап қолдану - «Педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің басым деңгейін анықтауға арналған сауалнама» - Т.Эллерстің сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау әдістемесі
Мазмұндық іс-әрекеттік	- «Рефлексия жайлы не білесіз?» атты авторлық сауалнама - Кәсіби рефлексия деңгейін анықтау (М.К.Тутушкина бойынша)
Бағалаушылық нәтижелік	- Грант «Рефлексияға бағыттылықтың көріну деңгейі» әдістері - «Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесі И.М. Юсупов.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны жоғары оқу орнының педагогикалық үрдісі болғандықтан эксперименталдық база ретінде Қазақ спорт және туризм академиясының «5B010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенттері алынды (172 студент). Бақылау тобында 85 студент, эксперимент тобында 87 студент болды.

1. Зерттеу жұмысымыздың алғашқы эмпирикалық болжамына сәйкес, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениет туралы білімдерінің болуы рефлексияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді деген тұжырымды дәлелдеу үшін «*Рефлексия жайлы не білесіз?*» атты авторлық сауалнаманы жүргіздік.

Біздің сауалнама эксперименттік және бақылау ретінде алынған топтарда оқитын студенттер арасында жүргізілді. Сауалнама ашық болғандықтан студенттердің барлық сұрақтарға әділ, тура жауап беруін талап етіп, нәтиженің шынайы болуын негізге алдық.

Сауалнама бойынша 172 студенттердің жауаптарына талдау жасалынды. 1. «*Рефлексия*», «*рефлексивті мәдениет*» ұғымдарын түсінесіз бе? - деген алғашқы сауалға берілген жауаптарды саралау студенттердің **10,8** және бақылау тобындағы **8,2** пайызы ғана жалпы түсініктерінің бар екендігінен хабар берді. Білім алушылардың басым бөлігі бұл терминдердің мәнін ұқпайтын болып шықты.

2. *Болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімі ретінде бұл терминдер жайлы білу керек деп ойлайсыз ба?* - деп қойылған сұраққа көп бөлігінің **84,9; 72,4**, (осы жерде және бұдан әрі қарай екінші тұрған бақылау тобының көрсеткіштері) керісінше «*ия*» деп жауап беруінің себебін анақтағанымызда, «бізден алынып жатқан соң, керек шығар деп есептедік» деген пікірлерін білдірді.

3. *Кез келген жұмысты бастар алдында ол жайында алдымен ойда тұтас бейне жасап, жоспар құрып алу қажет деп санайсыз ба?* - түрінде қойылған сұраққа берілген оң жауаптар **85,5; 78,7** пайызды құрады. Демек көпшілік студент өз әрекеттерін алдын ала болжап, жоспарлайтыны белгілі болды. Бұл қуанарлық жағдай, дегенмен олай жасамайтындар да кездеседі екен.

4. *Өз жасаған әрекетіңіздің нәтижесін болжаған мақсатпен сәйкестігін талдайсыз ба?*-сұрағына берілген «ия» деген жауаптар нәтижесі **66,4; 58,5** пайызды көрсетті. Демек еткен еңбектің алдыға қойған мақсатына жетті ме деген сұрақ мазалайтындар респонденттердің жартысынан сәл ғана асады.

5. *Жеткен жетістіктеріңіздің себептерін талдайсыз ба?*-деген сұраққа берілген жауаптар бізді таңдандырды, себебі «ия» деп тек **21,6; 18,7** пайыз студенттер жазған. Олай болса, басым көпшілікті өз әрекеттерінде жеткен жетістіктерінің себебі неде, одан да жоғары нәтиже алуға болар ма еді деген мәселе ойландырмайтын сияқты.

6. *Сәтсіздіктеріңіздің себептерін саралайсыз ба?*-түріндегі сұраққа алынған жауаптар алдыңғыға қарағанда сәл жоғарылау **34,9; 30,6**. Бұл респонденттердің өз сәтсіздіктерінің себептерін айқындайтындарын байқатты. Дегенмен де көрсеткіш жоғары емес екендігі көзге ұрынып тұр.

7. *Рефлексиялық әрекетке көзқарасыңыз жағымды ма?*-сұрағына оң жауап бергендер **55,8; 54,5** пайыз болды. Бұл сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбірек бөлігі.

8. *Рефлексияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыру қажет деп есептейсіз бе?*-сауалына **64,2; 60,3** пайыз студенттер оң жауап берген. Берілген жауаптарды саралай келе, болашақ спорт педагогтарының рефлексияны өзінің мамандығының бір қыры, өзіне қажетті әрекет түрінде қабылдайды деп санауға болады деп қорытынды жасадық.

9. *Рефлексивтік мәдениет мұғалімнің кәсіби тұрғыда өсуіне қажет деп санайсыз ба?*-деген сұраққа берілген жауаптар да **81,6; 77,2** пайызды көрсеткені студенттердің алдыңғы сауалға берілген жауаптарды толықтыра түседі. Респонденттердің басым бөлігі рефлексияның кәсіби тұлғалық өсуге ықпалы бар деп санайды.

10. *Рефлексиялық мәдениетті мақсатты түрде қалыптастыру керек деп есептейсіз бе?*-деген соңғы сұраққа берілген жауаптар **71,6; 67, 4** пайызды көрсетті. Демек, студенттерде бұл сапаны дамытуға деген қажеттілік бар дегенді білдіреді.

Төмендегі кестеде жүргізілген сауалнаманың айқындаушы эксперимент кезіндегі қорытындылары келтіріледі (кесте 4).

Кесте 4 – Сауалнама сұрақтары мен жауаптар нәтижесі

Сұрақтар	Жауаптар варианты					
	Ия		Жоқ		Жауап беруге қиналамын	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
1	2	3	4	5	6	7
1. Рефлексия», «рефлексивті мәдениет» ұғымдарын түсінесіз бе?	10,8	8,2	78,2	64,2	11,0	27,6
2. Болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімі ретінде бұл терминдер жайлы білу керек деп ойлайсыз ба?	84,9	72,4	10, 4	10,2	4,7	17,4

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
3. Кез келген жұмысты бастар алдында ол жайында алдымен ойда тұтас бейне жасап, жоспар құрып алу қажет деп санайсыз ба?	85,5	78,7	8,6	7,8	5,9	13,5
4. Өз жасаған әрекетіңіздің нәтижесін болжаған мақсатпен сәйкестігін талдайсыз ба?	66,4	58,5	12,7	11,6	20,9	29,9
5. Жеткен жетістіктеріңіздің себептерін талдайсыз ба?	21,6	18,7	15,8	17,3	62,6	63,9
6. Сәтсіздіктеріңіздің себептерін саралайсыз ба?	34,9	30,6	30,7	30,5	34,4	38,9
7. Рефлекциялық әрекетке көзқарасыңыз жағымды ма?	55,8	54,5	29,9	27,2	14,3	81,7
8. Рефлекцияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыру қажет деп есептейсіз бе?	64,2	60,3	24,5	23,3	11,3	16,4
9. Рефлексивтік мәдениет мұғалімнің кәсіби тұрғыда өсуіне қажет деп санайсыз ба?	81,6	77,2	14,3	12,6	4,1	14,7
10. Рефлекциялық мәдениетті мақсатты түрде қалыптастыру керек деп есептейсіз бе?	71,6	67,4	16,2	16,4	12,2	16,2

Авторлық сауалнамаға берілген жауаптарды жүйелей келе, біз мынадай қорытындыға келдік: бірқатар студенттердің сұрақтарға жауап бере алмай қиналғанын, тіпті «рефлекция», «рефлексивтік мәдениет» терминдерімен кездеспегендіктерін тілге тиек еткен. Бұл студенттердің жалпы рефлекциялық мәдениет туралы білімдерінің төмендігін, қазіргі адамдардың, қай саланың болмасын қызметкерлерінің, сондай-ақ болашақ спорт саласы мамандарының бойында болуға тиісті сапа екендігінен бейхабар екендігін көрсетеді.

2. Екінші эмпирикалық болжам, яғни болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениет туралы білімдерінің болуы рефлекцияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді деген тұжырымды дәлелдеу үшін, біз О.И. Дорофеева құрастырған *«Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау»* сауалнамасын модификациялап қолдану көмегімен жүргіздік [177].

Бұл әдісте студенттер келешек рефлекциялық әрекет жүргізуге ықпал ететін факторларға қатысты қатынастарын бағалауға бағытталған 10 сұраққа

- 0 – пікір мен үшін маңызды емес; мен оған қосылмаймын;
- 1 – пікір мен үшін аздап маңызды; онымен ішінара келісемін;
- 2 – пікір мен үшін едәуір маңызды; мен оны қабылдаймын;
- 3 – пікір мен үшін өте маңызды; мен оған толығымен қосыламын.

Нәтижелерді өңдеу (ең көп балл – 30, ең аз балл – 0):

- 0–10 – диагностикалық қызметті ынталандырудың төмен деңгейі;
- 11–20 – диагностикалық қызметті ынталандырудың орташа деңгейі;
- 21–30 – диагностикалық қызметті ынталандырудың жоғары деңгейі


Жүргізілген диагностикалық жұмыс нәтижесінде болашақ спорт педагогтарының рефлексиялық әрекет мотивациясының үш деңгейі анықталды: жоғары, орташа, төмен.

Қалыптастырушы тәжірибеде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексияға деген мотивациясын зерттеу мақсатындағы сауалнама жүргізу процедурасындағы алынған нәтижелер 5-кестеде көрсетілді.

Кесте 5 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа дейінгі бақылау және тәжірибелік топтардағы болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексиялық әрекетке деген мотивацияларының көрсеткіштері

Мотивация деңгейлері	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Жоғары	23%	27%
Орта	55%	57%
Төмен	22%	16%

Кестеде көрсетілгендей эксперименттік жұмыстарды жүргізгенге дейінгі бақылау және тәжірибелік топтардың рефлексиялық әрекетке деген мотивтерінің көрсеткіш деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылық болмады.



Сурет 9 – Сауалнаманың нәтижелері


Эксперимент тобында рефлексияға ішінара қызығушылық танытқан студенттердің болғанын байқадық, дегенмен мүлдем қызықпайтындар да болғаны анықталды.

3.Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мақсатты түрде элективті курс, оқу бағдарламасындағы педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту мазмұнын жетілдіруге тікелей байланысты екендігін дәлелдеу үшін американдық ғалым **М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылықтың көріну деңгейі»** атты әдістемесі қолданылды (Қосымша Б). Өйткені, біздің зерттеуіміз үшін болашақ мамандардың білім

алуға, әртүрлі әрекетте табысты болуға қажетті кешенді сапасы ретіндегі рефлексивтік мәдениеттерінің қалыптасқан бастапқы деңгейін анықтау маңызды болды. Автор ұсынған сауалнама әрқайсысында 10 сұрақтан тұратын 2 бөліктен тұрады. Оларға: «мүлде келіспеймін», «келіспеймін», «келіспеуім мүмкін», «келісемін», «келісемін деп ойлаймын», «абсолютті түрде келісемін» сөздерін қолданып 6 түрлі жауап беру сұралады. Компьютерлік жолымен алынған жауаптар тұлғаның өзіндік және әлеуметтік рефлексия деңгейін көрсетеді (Қосымша Ә) .

Эксперимент барысында автоматты түрде шығарылған қорытынды негізінде сауалнамға қатысушылардың «жоғары» деңгейді - 8%; «көтеріңкі» деңгейді - 12%, «орта» деңгейді - 38% , «ортадан төмен» деңгейді - 15%, «төмен» деңгейді - 24% көрсеткендері белгілі болды. Сауалнама нәтижесін 10-суреттен көруге болады.

Суреттен көріп отырғанымыздай студенттердің рефлексияға бағыттылығы ортадан төмен деңгейде. Жоғары және көтеріңкі деңгей 20 пайызды құраса, орта, ортадан төмен, төменгі деңгейлердің жиынтығы 80 пайыз болып отыр. Бұл студенттердің көпшілігінің өз әрекетіне баға беруге дағдыланбағандығын көрсетеді.



Сурет 10 - «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейінің» диаграммасы (М.Грант бойынша)

Диаграммадан көріп отырғанымыздай студенттердің рефлексиялай алу сапалары қажетті деңгейде емес. Орта және төменгі деңгейлердің басым болып тұрғаны анық. Бұл жағдай олармен арнайы жұмыс жүргізу қажеттігін алға шығарады.

Мұндай көрсеткіштер болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мақсатты түрде жүргізілуі керек екендігін көрсетеді. Бұл ретте студенттер үшін элективті курс даярлау, оқу бағдарламасындағы педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту мазмұнын жетілдіруді талап етеді. Оларда студенттердің өз тәжірибелерін талдау, қорытындылар жасау дағдыларын меңгерту жүзеге асырылуы тиіс деген тұжырым жасалды.


4. «Рефлексияны мақсатты түрде дамыту (белсенді түрде арнайы ұйымдастырылған оқу процесінің көмегімен) проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу деңгейінің өзгеруіне әсер етеді» эмпирикалық болжамын дәлелдеу үшін *«Педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің басым деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы»* жүргізіліп, нәтижелері талданды.

Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер кестеде келтірілген:

Кесте 6 - Эксперимент барысында рефлексия мәні мен педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің орташа деңгейінің және деңгейлік сипаттамаларының өзгеру индикаторлары

Шкалалар	Рефлексия			Проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу деңгейі		
	Жоғары	Орта	Төмен	Жоғары	Орта	Төмен
Эксперименттік топ	18,1	60,8	21,1	14,4	68	17,6
Бақылау тобы	17,5	65,2	17,3	14,6	70,5	14,9

Кестеде берілгендей, сыналушылардың рефлексияның «орта» деңгейлерін эксперименттік топта 60,8 пайызды, ал тәжірибелік топта 65,2 пайызды көрсетті. «Төмен» деңгей 17,3 пен 21,1 аралығында болды.




Сурет 11 - Рефлексия мәні мен педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің орташа деңгейінің және деңгейлік көрсеткіштері

Проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу деңгейі «орта» деңгей бойынша 68-70,5 аралығын құрады. Демек, рефлексия арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет ретінде (оны проблемалық жағдайда қолдануға болады) қатысушының өзі (егер ол белгілі бір білімге ие болса), немесе ойын техникасының көмегімен әрекет етуі мүмкін. Екінші жағынан, проблема туындаған жағдайда рефлексия қатысушыларда өздігінен пайда болуы мүмкін. Ұйымдастырылған рефлексия іс-әрекет, ойлау стандарттарының болуын болжайды: ойлаудың тәсілдері мен әдістерін зерттеу, ойлаудың тиімсіз тәсілдерін сынау, жағдайды талдау және қайта құру, шешуде қиындықтарды

анықтау, ойлау мен іс-әрекеттің жаңа түрлерін дамыту. Осыдан рефлексияны қолдануды көздейтін мәселелерді талдауда арнайы дайындық қажет. Яғни қалыптастыру экспериментін қажет етеді.

5.Зерттеу жұмысымыздың келесі эмпирикалық болжамына сәйкес, яғни болашақ мұғалімдердің дайындығының мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, жедел-әрекеттік және құрылымдық компоненттері рефлексияға түрткі болады деген болжамды дәлелдеу мақсатында «Т.Эллерстің сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау әдістемесі» жүргізілді. Сауалнама адамның жетістікке жетуге деген мотивациялық бағытын диагностикалауға арналған. Ынталандыру материалы 41 мәлімдемеден тұрады, оған тақырыпқа «иә» немесе «жоқ» деген екі жауаптың бірі берілуі керек.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, табысқа орташа бағдарланған болашақ мұғалімдер орташа мотивациядеңгейін көрсетті (61%). Сәтсіздіктен қорқатындар орташа (19%) немесе керісінше, өте жоғары тәуекел деңгейін (18%) жақсы көреді. Адам қаншалықты жоғары жетістікке - мақсатқа жетуге ынталанса, тәуекелге баруға деген дайындық соншалықты төмен болады.



Сурет 12 - Т.Эллерстің сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау әдістемесі

Сонымен қатар сәттілікке деген мотивация сәттілікке деген үмітке де әсер етеді: табысқа деген мотивациямен сәттілікке деген үміт, әдетте, әлсіз мотивацияға қарағанда, қарапайым болады. Табысқа жетуге ынталы және одан үлкен үміт күттіретін адамдар жоғары тәуекелден аулақ болады. Респонденттердің 2% -ында сәттілікке деген құлшыныс төмен болды, олар өздерінің жоғары деңгейлерін көрсетті немесе керісінше, тәуекелдің тым төмен деңгейін көрсетті, бұл сәтсіздікке деген үлкен қорқынышқа әкеледі. Сәтсіздікке жол бермеудің жоғары мотивациясы көбіне сәттілікке деген ұмтылысты - алға қойған мақсатқа жетуді тежейтінін атап өткен жөн.


Біздің ойымызша, табысқа жетуге деген ынтасы жоғары және тәуекелге бел буған адамдар рефлексияға дайын, бірақ сәтсіздікті болдырмауға (қорғаныс) жоғары ынталандыратындарға қарағанда апаттарға ұшырамайды. Керісінше, адамның сәтсіздікке (қорғанысқа) жол бермеуге деген ынтасы жоғары болған кезде, бұл сәттілік мотивіне - мақсатқа жетуге кедергі келтіреді.

6. Келесі болашақ дене шынықтыру мұғалімдердің рефлексия қажеттілігі мен эмпатия деңгейі арасында тікелей байланысын дәлелдеу мақсатында келесі эмпирикалық болжамды дәлелдеу жұмыстары жүргізілді. Өйткені «*Эмпатия деңгейінің диагностикасы*» әдістемесі бұл эмпатияның жалпы деңгейін анықтап қана қоймай, оның адам өмірінің әр түрлі салаларындағы деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. «Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесінің нәтижесінде эксперименттік топта эмпатияға қабілеттіліктің бақылау тобындағыдай (кесте 7) төмен және орташа деңгейлерінің таралғаны анықталды, бұл эмпатия қабілетін арттыру үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

Кесте 7 - Эмпатияның деңгейлері

Эмпатия деңгейлері	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Өте жоғары	7,5%	10,8%
Жоғары	8,3%	18,3%
Орта	25,8%	38,3%
Төмен	37,5 %	18,3%
Өте төмен	20 %	14,1%

Эмпатияның өте жоғары деңгейі эксперименттік топта - 7,5%, ал бақылау тобында - 10,8% болашақ дене шынықтыру мұғалімдерде байқалды. Бұл адамдарда жанашырлық дамыған. Қарым-қатынас кезінде олар, барометр сияқты, бір ауыз сөз айтуға әлі үлгермеген сұхбаттасушының көңіл-күйіне нәзік әсер етеді. Олар үшін бұл қиын, өйткені басқалар оларды эмоционалды жағдайларын төмендетіп, найзағай ретінде пайдаланады. Олар ренжіген кезде оларға сырттай эмоционалды қолдау қажет. Өмірге деген осындай көзқараспен рефлексияға дайын болмауы мүмкін.



Сурет 13 - «Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесінің нәтиже көрсеткіштері

Жоғары эмпатия бақылау тобында - 18,3%, эксперименттік топта - 8,3% берілді. Демек, мұндай болашақ мамандар басқалардың қажеттіліктері мен проблемаларына сезімтал, кең пейілді, оларды кешіруге бейім; адамдарға деген шынайы қызығушылық танытады. Олар эмоционалды түрде жауап береді, көпшіл, тез байланыс орнатады және ортақ тіл табады және әркез рефлексияға дайын.

Адамдардың басым көпшілігіне тән эмпатияның қалыпты деңгейі эксперименттік топта 25,8%, ал бақылау тобында - 38,3% көрсетті. Олар сұхбаттасушының айтқанынан гөрі көп нәрсені түсінуге тырысып, сөйлесуге мұқият, бірақ сезімнің ағыны сіздің көзқарасыңыз бойынша шамадан тыс болса, олар шыдамдылықты жоғалтады. Оларда ешқандай сезімталдық жоқ, бұл адамдардың толық қабылдауына кедергі келтіреді.

Эксперименттік топтағы сыналушылардың 37,5% -ы эмпатияның төмен деңгейін көрсетті (бақылау тобы - 18,3%). Мұндай адамдар адамдармен байланыс орнатуда қиындықтарға тап болады, олар шулы компанияда өзін жайсыз сезінеді; басқалардың әрекеттеріндегі эмоционалды көріністер кейде сізге түсініксіз және мағынасыз болып көрінеді. Өте төмен деңгейді эксперименттік топтағы респонденттердің 20% -ы және бақылау тобындағы 14,1% -ы берді. Эмпатикалық тұлғалық бетбұрыстары дамымаған. Тұлғааралық қатынастарда олар көбінесе ыңғайсыз жағдайда болады, басқалармен өзара түсіністік таба алмайды.

Сонымен, жұмыстың тиімділігі сыналушылардың эмпатиясы мен коммуникативті толеранттылық деңгейіне байланысты деп санайтындықтан, зерттеу барысында алынған нәтижелер қалыптастырушы эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажет екендігін көрсетеді.

7. Зерттеу жұмысымыздың келесі эмпирикалық болжамын дәлелдеу мақсатында «Кәсіби рефлексия - бұл кәсіби қызметтің тиімділігін анықтайтын

құрылымдық және динамикалық компоненттерді қамтитын ажырамас жеке білім беру» деген жеке болжам жасалынды. Анықтау үшін М.К.Тутушкинаның «Кәсіби рефлексия деңгейін анықтау» әдістемесі қолданылды. Көрсеткіштерді талдау және салыстыру кезінде біз болашақ мұғалім үшін оңтайлы рефлексияның дамуының орташа және жоғары деңгейлері екенін ескердік. Бағаланбаған деңгей қозғыштықтың жоғарылағанын және өзінің қызметін негізсіз қайта тексергенін көрсетеді. Деңгейі төмен студенттер, әдетте, олардың мінез-құлқын талдаудың, іс-әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалаудың қажеттілігін көрмейді (кесте 8).

Кесте 8 - Студенттердегі кәсіби рефлексияның даму көрсеткіштері

Эмпатия деңгейлері	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Өте жоғары	43,01%	31,76%
Жоғары	38,28%	45%
Орта	14,83%	19,54%
Төмен	3,88%	3,7%

Кестеде жоғары деңгейдегі рефлексия эксперименттік топ студенттеріне 43,01% және бақылау тобы студенттеріне 31,76% тән болғандығы көрсетілген. Алайда, бұл көрсеткіштер сыналушылардың 50 пайызына жуық студенттерде әлі кәсіби рефлексияның қалыптаспағандығын көрсетеді.

Осыған байланысты білім беру процесінде білім алушылардың бойында осы сапаны дамытуға мақсатты назар аудару қажет. Бұл үдерісте келесі әдістерді қолдану үлкен маңызға ие: педагогикалық ойындар, пікірталастар, зерттеулер, тренингтер, педагогикалық жағдаяттарды талдау, күнделік жүргізу, аудио немесе видео өзін-өзі бақылау. Оқу ойындарының әдісі оқу, іскерлік ойындарын қолдануды қамтиды. Рефлексия - бұл әдетте бірнеше рет өткізілетін циклдарды қамтитын іскерлік ойынның элементі. Бір циклден екінші циклға ауысу немесе процестің аяқталуы әр циклдан кейін қабылданған шағылысу нәтижесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Алғашқы анықтау кезеңі бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалынды:

- *біріншіден*, «Рефлексия жайлы не білесіз?» атты авторлық сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің жалпы рефлексиялық мәдениетуралы білімдерінің төмендігін көрсетеді;

- *екіншіден*, «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» сауалнамасы бойынша эксперименттік жұмыстарды жүргізгенге дейінгі бақылау және тәжірибелік топтардың рефлексиялық әрекетке деген мотивтерінің көрсеткіш деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ, екі топта да «орта» деңгей басымдық танытты;

- *үшіншіден*, «Рефлексияға бағыттылықтың көріну деңгейі» атты әдістемесінің нәтижесі бойынша студенттердің рефлексияға бағыттылығы ортадан төмен деңгейде болып шықты, бұл студенттердің көпшілігінің өз әрекетіне баға беруге дағдыланбағандығын көрсетеді;

- *төртіншіден*, «Педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің басым деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы» нәтижесі көрсеткендей, проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу деңгейі «орта» деңгей бойынша 68-70,5 аралығын құрады. Бұл проблема туындаған жағдайда рефлексия қатысушыларда өздігінен пайда болуы мүмкін, сондықтан қалыптастыру экспериментін жүргізу қажеттілігі туындайды;

- *бесіншіден*, «Т.Эллерстің сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау әдістемесі» бойынша болашақ спорт мұғалімдердің дайындығының мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, жедел-әрекеттік және құрылымдық компоненттері рефлексияға түрткі болуы мүмкін, біздің ойымызша, табысқа жетуге деген ынтасы жоғары және тәуекелге бел буған адамдар рефлексияға дайын, алайды арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы экспериментті қажет ететіні анық;

- *алтыншыдан*, «Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесі бойынша болашақ мұғалімдердің рефлексия қажеттілігі мен эмпатия деңгейі арасында тікелей байланысбар, дәлелдеу үшін қалыптастыру экспериментін жүзеге асырып, экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерді салыстыруды қажет етеді.

- *жетіншіден*, «Кәсіби рефлексия деңгейін анықтау» әдістемесінің алғашқы нәтижелері көрсеткендей, сыналусылардың 31-43 пайызында ғана кәсіби рефлексияның жоғары деңгейін көрсетті. Бұл нәтиже кәсіби білім беру процесінде студенттердің бойында зерттеліп отырған сапаны дамытуға мақсатты назар аудару қажет екенін көрсетеді.

3.2 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі

Бұл бөлімде диссертациялық зерттеу жұмысымыз бойынша жасалған болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық –мазмұндық моделінің мазмұндық –әрекеттік компонентін жүзеге асыру бөлігі сипатталатын болады. Студенттердің «рефлексия», «рефлексивті мәдениет» жайлы түсініктерінің таяз болғандығын қалыптастырушы эксперимент көрсеткеннен кейін, біздің алдымызда осы олқылықты толтыру міндеті тұрды. Ол үшін болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау үрдісін жаңа мазмұнмен толықтыру мәселесін шешу қажеттілігі пайда болды.

Білім мазмұны дидактиканың негізгі ұғымдарының бірі. Білім беру мазмұны дидактикалық категория ретінде «нені оқыту керек?» сұрағына жауап береді. Белгілі дидакт И.Я.Лернердің анықтамасы бойынша «білімнің мазмұны дегеніміз - оқушыға берілетін білім, іскерлік және дағды жүйесі, шығармашылық іс-әрекет, эмоциялық қарым-қатынас тәжірибесі». Ең бастысы, білімнің мазмұны жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту керек. Осы айтылғанға сәйкес өзіміз қарастырып отырған мәселенің маман даярлау мазмұнындағы орны анықталды.

Біздің жағдайымызда білім мазмұны болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін өз әрекеттерін, дара және тұлғалық сапаларын тұрақты өзі сыни тұрғыда бағалап, өзіндік түзетулер жасап отыру тетіктерін меңгертуді қарастырады. Тек сонда ғана онда кәсіби жетілу, қоғам талаптарына сай маман болып шығу мүмкіндіктері жүзеге асады. Бұл ЖОО оқу бағдарламаларының жыл сайын белгілі бір бөлігін жаңартып отыру туралы құзырлы органдардың шешімімен де сай келеді.

Н.Н.Нечаев кәсіби даярлаудың университеттік формасымен байланысты үш деңгейді анықтады [178]. Оқытудың әр деңгейінде әр деңгейге тән кәсіби міндеттерді шешу үшін қажет белгілі бір кәсіби сапа жиынтығы жасалады. Біздің ойымызша, білім алудың әр деңгейі өзіне тән рефлексия түрінде жүреді. Мысалы:

1. Пәндік деңгей: бұл деңгейде оқыту мазмұнына кәсіби бағдарланған көзқарас қалыптастыру және қабылдау мен көрсетуді категориялау жүзеге асырылады. Ұсынылып отырған пәннің болашақ маманның кәсіби дайындығында алатын орыны рефлексияланады. Осы тұста қазіргі тәжірибеде мамандыққа жанама ғана қатысы бар пәндердің оқу бағдарламаларында жүруі жиі кездесетін жайт екенін айта кетуіміз керек. Мұны студенттердің оқыту мазмұнын таңдауға қатыстырыла бермейтіндігімен түсіндіруге болады. Демек пәнді таңдау үшін жасалатын рефлексиялық әрекеттің алар орыны ерекше екендігі даусыз.

2. Теориялық деңгей: ішкі іс-қимыл жоспарының негізгі кәсіби сипаттамаларын, кәсіби ойлау түрі мен кәсіби қызметтің стандартты әдістерін қалыптастыру нәтижелерін көрсетеді. Осы деңгейде болашақ мамандардың оқытылатын пәннің теориялық мазмұнын рефлексиялау жүзеге асуы тиіс. Ол оқу материалының мазмұнын білу сияқты факторды анықтауға көмектеседі. Бұл жағдайда бар білімді жаңа талдаумен біріктіруге негізделген түрлі әдістер қолданылады. Студенттер пәнде қарастырылған тақырыптар мазмұнына сәйкес олар қандай жаңа мағлұматтар алды, нендей жаңа білімдерді иеленді деген тұрғыдағы рефлексия жасау қарастырылады.

3. Практикалық деңгей: осы деңгейде маманның интегралды тұлғасының «өзегі» қалыптасады, кәсіби мәселелерді шешуге жеке-дара көзқарас анықталады. Бүгінгі таңда студенттердің дәрістерге қатысуы, олар оқыған ақпараттың жазбалары және тесттер мен емтихандардың негізінде өтуі жеткіліксіз. Студенттер үшін болашақ кәсіби жетістіктің кілті - таңдаған мамандыққа, алған біліміне деген үнемі қызығушылық. Оқу іс-әрекеті үрдісінде студент өзінің кәсіби қызметіне көшетін өзіндік оқу стратегиясын, білімін дамытуы керек. Рефлексиялық жаттығулар барысында қалыптасатын дағдылар оның болашақ кәсіби қызметіне бағытталған болуы керек. Болашақ педагогқа қажетті қасиеттерін, оның ішінде біз зерттеп отырған сапаның қалыптасуын тәжірибелік жолмен игеруде жүргізілетін рефлексиялық жаттығулар, олардың тигізер пайдасы бағаланады, өзінде нендей өзгеріс орын алғандығы таразыланады.

Осыларға тоқтала келе, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған өзіміз даярлаған элективті курс мазмұны мен жүргізілу әдістемесіне кеңірек тоқталамыз.

Қалыптастыру экспериментінің міндеттерін жүзеге асыру бағытында 2 кредитке (15 сағат – дәріс, 15 сағат – практикалық сабақ, 45 сағат – СӨЖ және СОӨЖ) «Спорт педагогының рефлексивті мәдениеті» атты элективті курс бағдарламасы әзірленді (Қосымша Ж). Пән Қазақ спорт және туризм академиясы жылғы № шешімімен 5B010800-Дене шынықтыру мамандығының жұмыс-оқу жоспарына ендіріліп, тәжірибеден өтті.

Элективті пәннің мақсаты - болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін меңгеруге жағдай жасап, әдістемелік қамтамасыз ету.

Пәннің міндеттері:

- болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің «рефлексия», «педагогикалық рефлексия», «рефлексиялық мәдениет» ұғымдарының мәнін ұғынуға көмектесу;

- студенттердің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың тетіктерін меңгеруге жағдай жасау;

- студенттердің рефлексиялық жаттығулар негізінде интеллектуалдық деңгейлерін, тұлғалық қасиеттерін, кооперативтік бірлескен әрекеттерін, эмоционалдық жағдайларын анықтау, оларды жетілдіру мен түзету амалдарын қолдану алу біліктерінің қалыптасуына ықпал ету.

Төменде ұсынылып отырған элективті пәннің оқу –тақырыптық жоспары келтіріледі (кесте 9).

Кесте 9 – «Спорт педагогының рефлексивті мәдениеті» пәнінің тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Оқу түрі, күндізгі				
		Барлығы	Дәріс	Тәжірибе	СӨЖ	СОӨЖ
I МОДУЛЬ. Рефлексивті мәдениетті қалыптастырудың теориялық -әдіснамалық негіздері						
1	2	3	4	5	6	7
1.1	«Рефлексиялық мәдениетті қалыптастыру негіздері» пәні, мазмұны және міндеттері	6	1	1	3	1
1.2	«Рефлексия» ұғымының пайда болуы	6	1	1	3	1
1.3	Рефлексияның философиялық мәні	6	1	1	3	1
1.4	Рефлексияның психологиялық мазмұны	6	1	1	3	1
1.5	Педагогтың кәсіби рефлексиясы	6	1	1	3	1
II МОДУЛЬ. Әрекетті рефлексиялау						
2.1	Рефлексияның түрлері	6	1	1	3	1
2.2	Рефлексияның формалары	6	1	1	3	1
2.3	Рефлексияның қызметі	6	1	1	3	1

9 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
2.4	Тұлғаның рефлексиялық қабілеті	6	1	1	3	1
2.5	Педагогтың рефлексиялық мәдениеті	6	1	1	3	1
III МОДУЛЬ. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық рефлексиясының орны мен ролі						
3.1	Дене шынықтыру пәнін оқытудағы рефлексияның орны мен ерекшеліктері, сабақ құрылымындағы орны мен ролі	6	1	1	3	1
3.2	Оқытудың жаңа технологиялары және олардағы рефлексиялық жаттығулар	6	1	1	3	1
3.3	Тренинг – рефлексивті мәдениетті дамыту құралы	6	1	1	3	1
3.4	Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексиялық мәдениетінің критерийлері	6	1	1	3	1
3.5	Пән бойынша рефлепрактикум түріндегі қорытынды сабақ	6	1	1	3	1
Барлығы		90	15	15	45	15

Пәннің оқу тақырыптық жоспарында келтірілгендей мазмұн 2 модульден тұрады.

I МОДУЛЬ – де болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін рефлексияның теориясынан, философиясынан хабардар ету жүзеге асырылады. Студенттер пәні, мазмұны және міндеттері, «рефлексия» ұғымының пайда болуы мен даму генезисін философиялық теория, психология, педагогика ғылымдарындағы қарастырылуы негізінде оқып үйренеді. Сонымен қатар рефлексивті мәдениеттің қалыптасқан болуының спорт педагогтары үшін қаншалықты маңызды екендігін түсінуге мүмкіндік алады.

II МОДУЛЬ мазмұнында әрекетті рефлексиялау, рефлексияның: кооперативті рефлексия; коммуникативтік рефлексия; тұлғалық рефлексия; интеллектуалдық рефлексия; жағдаяттық рефлексия сияқты түрлерімен, олардың білім алу үрдісіндегі атқаратын қызметтерімен танысады, қолдануға машықтанады. Тұлғаның рефлексиялық қабілеті мен педагогтың рефлексиялық мәдениетінің құрылымы мен мазмұнын жайлы түсініктерін қалыптастырады.

III МОДУЛЬ – дене шынықтыру пәнінің қазіргі орта мектептегі жаңартылған білім мазмұны талаптарына сәйкестендіру, пән мұғалімінің педагогикалық рефлексиясының маңызы, орны мен ролі, аталмыш сапаны заманауи педагогикалық технологиялар арқылы игертудің тәжірибелік жолдары қарастырылады.

Пән рефлепрактикум түріндегі қорытынды сабақ өткізу арқылы қорытындыланады.

Элективті пәннің дәрістер кешені оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес, жүйелі түсінік қалыптастыратын, мазмұны логикалық құрылған, болашақ дене шынықтыру оқытушыларының ғылыми-практикалық салаларға сай заңдылықтары мен принциптерінің нақты ашылып, алған білімді практикамен байланыстыру біліктілігі алға қойылған. Теорияның практикамен байланысын оқытушының жетекшілігімен практикалық сабақтар арқылы жүзеге асырылды.

Практикалық сабақтар – оқу материалын өнімді түрде игеруде және нақты білім алуға жүргізілетін жұмыс. Сондықтан, практикалық сабақ кезінде болашақ дене шынықтыру оқытушыларының кәсіби рефлексиясын қалыптастыру мәселесінің тәжірибелік жолмен шешілуін қамтамасыз етеді. Студенттер бұл сабақтарда интербелсенді әдістер, тренингтер, рефлепрактикумдар арқылы рефлексивті мәдениетті қалыптастырудың тетіктерін меңгереді.

Оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысында (СОӨЖ) жүргізілген жұмыстарда студенттер жағдаяттарды талдау немесе кейс –стади әдісі, пікіралмасу, шешімдер қабылдау тәсілдері арқылы теориялық білімдерді бекітіп, тәжірибе жинақтауы ойластырылады.


Студенттің өзіндік жұмысы кезінде (СӨЖ) әдебиеттермен жұмыс, әртүрлі жазбаша мәліметтер, эссе, презентациялар дайындау және қорғау сияқты әрекеттермен айналысады.

Студенттің білімін бақылау түрлері: Бақылау түрлері: – ағымдық бақылау (ауызша, жазбаша, дискуссия, тренинг, тест, дөңгелек стол). Бақылау түрлері: аралық бақылау; емтихан.

Элективті пәннің бағдарламасында жоғарыда келтірілген тақырыптардың мазмұны толық ашылды (қосымша К).

Жоғары оқу орнындағы кредиттік-модульдік оқыту жүйесі бойынша әрбір оқу пәні дәріс, семинар, СОӨЖ, СӨЖ аясында оқытылады. Демек, біз даярлаған элективті курс барысында да дәріс және семинар сабақтары ұйымдастырылды. Зерттеу мақсатына орай біз бұл педагогикалық әрекеттерде рефлексиялық жаттығулар мен әдістерді кеңінен қолдануды қарастырдық (сурет 14). Дәріс және семинар сабақтарын өткізу кезінде оқытушыға және студенттерге қойылатын талаптар мен міндеттемелер де өзгертін болады. Жоғары оқу орнының білім беру жүйесінде дәріс жетекші оқыту формасы саналады. Олай болса, дәріс:

- тақырыптық жоспар мен курстың бағдарламасында маңызды орын алады және курстың негізгі бағыттарын, мәселелерін анықтайды;
- мәселені одан әрмен өздігінен жүзеге асырудың бағыттарын айқындайды.



Сурет 14 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың дәстүрлі әдістері

Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби қызметі рефлексияға негізделуінің қажеттілігі туралы жұмысымызда тоқталып келеміз. Педагогикалық мәселелерді шешу барысында жедел әрекет етуді қажет ететін жағдайлар жиі кездеседі. Мәселен, қозғалыс әрекеттерін, әсіресе үйлесімділік қабілеттерін көрсету тиісті болғанда, күрделі әрекеттерді үйрену кезінде қателік жіберетіндер жиі кездеседі. Олар оқушының теориялық, техникалық, физикалық, психикалық дайындығының деңгейіне, сыртқы жағдайларға, оқыту әдістеріне, сәттілікке және жаттығудың жылдамдығына байланысты орын алады. Оқушылар тарапынан жіберілген қателіктердің себебін анықтау, тағы да қайталанбауы үшін бірлесіп талдау мұғалімнің міндеті. Қатенің себептерін анықтау үшін мұғалім орындалған әрекетке критериалды талдау жасап, қатені жою үшін түзету әдістерін қолдануы қажет. Осылайша, оқу процесінің тиімді болуын қамтамасыз ету үшін студенттерде рефлексивті мәдениетті қалыптастыру қажет.

Ол үшін оқытушы (біздің жағдайымызда болашақ дене шынықтыру мұғалімі) оқушының рефлексиялық әрекетін дәріс пен семинар сағаттарының қай кезеңдерінде жүргізілу керектігін және оның қандай қызметтерді атқарауға тиіс екендігін өте жақсы білуі тиіс деп санаймыз. Сондықтан төмендегі кестеде осы мәселеге арнайы тоқталып отырмыз.

Кесте 10 - Рефлексияның оқу әрекетінің әртүрлі кезеңінде қолданылуы

Дәріс кезеңдері	Рефлексияның мақсаты	Мазмұны
Дәріс, семинар басындағы рефлексиялық жаттығулар	Студенттерді танымдық әрекетке ынталандыру. Олардың жалпы және арнайы білік дағдыларының қалыптастыру шеңберінде жеке мақсаттар таңдауына көмектесу.	Білім алушылардың жалпы оқу және арнайы дағдыларын қалыптастыру шеңберінде жеке мақсаттарын таңдауда көрінеді
Жаңа білімдер мен біліктер қалыптастыру кезеңіндегі рефлексиялық жаттығулар	Студенттердің қарастырылып отырған мәселе жайлы білетіндері мен әлі білмейтін білімдерінің шекарасын түсінуге, жаңа білімдер жинақтау үшін жасалған әрекеттердің мақсатын түзуге ықпал ету	Білім алушылар өзі үшін тақырып бойынша білім тереңдігін анықтап, тапсырмаларды дұрыс орындағандығын өз бетінше бағалайды.
Сабақтың қорытынды бөлігіндегі рефлексиялық жаттығулар	Студенттердің дәрістің мазмұндық нәтижелерін талдауға және сабақтан алған әсерлерін бағалауға көмектесу.	Білімгерлердің игерген білім деңгейлерін ұғынуы, алға жылжу деңгейлерін айқындауы.

ЖОО білім алу үрдісінің қай кезеңіндегі болмасын рефлексивті бақылаудың мазмұны –оқытушы студентті қажетті шешімдер мен әрекеттерді қабылдауға мәжбүрлемей, бірақ оған бұл үшін ақпарат - ақпарат беруді, ұйымдастыруды көздейді. Бұл студенттердің ақыл-ойы мен белгілі бір мінез-құлқының дайындығын анықтайды. Рефлексивті бақылауды алудың оқу процесінде олар студентке оған қажетті оқу мақсатын қалыптастыруда жағдай,

тақырып, құбылыс туралы барабар түсінік қалыптастырудан тұрады. Осы бағыттарда жүргізілетін рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмаларды орындау барысында болашақ дене шынықтыру мұғалімдері өз іс-әрекетіне баға беріп ой қорытындылар жасауға машықтанады. Оқу үдерісінде рефлексия жасау негізінде келешек маманың тұлғалық сапасы және өз жетістіктерін бағалауының жаңа бағыттары көрініс табады.

Біз зерттеу аясындағы элективті курста қолданған дәрістерде студенттердің дедуктивті және индуктивті ой қорытындыларын жасауына мүмкіндік беретін жағдайда өткізуді мақсат еттік. Студент дәрісті тыңдай отырып, оқу материалындағы негізгі ойды, одан ары қарай зерттеуді, ізденісті қажет ететіндігін ұғынуы тиіс.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру үшін дәрістің дәстүрлі түріне қарағанда келесі типтерін пайдалану жоғары нәтижелер береді:

– *ақпараттық дәріс* – монолог түрінде құрылып, репродуктивті ойлау арқылы жүзеге асады. Бұл дәріс барысында студенттерге кең көлемдегі ақпараттар берілу жоспарланады. Студент оларды өз бетінше зерделеп, қажетті тұстарын жазып алуы керек. Мұндай дәріс білім алушыларды өтіліп жатқан тақырыпқа қатысты мәліметтермен қамтамасыз етуде өте тиімді.

– студенттің шығармашылық ойлауын, оқу үрдісіндегі белсенді әрекетін, өзіне талап қоюшылығын жүзеге асыру үшін *мәселелік дәріс* формасын қолдану тиімді. Бұл дәрісте студенттер бірлескен әрекет жағдайында қойылған мәселені шешу жолдарын қарастырып, оған бірдей жауап берге машықтанады.

– *дәріс-визуализация* – білім алушылармен цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ұйымдастырылады. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдеріне өтілетін тақырыпқа қатысты ақпараттық, желілік құралдардағы материалдарды ұтымды қолдануды көздейді. Оларды студенттер дәріс тақырыбымен байланыста талдай отырып, графикалық бейнелеу, диаграммалау сияқты әрекеттер орындайды.

– қазіргі кезде жиі қолданылатын дәрістің түрінің бірі *конференция* - болып табылады. Латынның «confercio» «бір орынға жинау» ұғымынан алынған бұл дәрісті ұйымдастырып жүргізуде студенттерге талқыланатын мәселелер алдын ала беріледі. Олар кіші топтарға бөлініп оларға қатысты ойларын, жауаптарын презентация, жазбаша сипаттама түрінде дайындайды. Дәріс барысында оқытушының модераторлығы арқылы тақырып талданып, ортақ ойлар мен пікірлер жинақталады.

– *диалог-дәріс* студенттерді жаңа сабақта қарастырылатын тақырыпты талдауға барынша белсенді қатыстыру үшін қолданылады. Дәрістің мақсаты сұрақтар түрінде дайындалған тақырыптағы өзекті мәселелерге барлық білім алушылардың назарын аударту. Оқытушы дәрісте көрнекіліктер, Интернет көздеріндегі материалдарды пайдалана алады.

Практикалық сабақтарды жүргізудің негізгі формасы ретінде жоғары мектепте *семинар* қолданылады. Семинар сабақтары көбінесе оқылған дәріс тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, студенттердің

танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шыармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлелдеу, оқытушыларға студенттердің оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қаншалықты қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт - бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Семинар сабағына әзірлену кезінде студенттер тезистер, қысқаша хабарламалар жазып, қосымша әдебиеттерді пайдалану талап етіледі. Ұсынылып отырған мәселелерге қатысты, ондағы бар негізгі ойларды талдап тармақтауға жұмылдырылады. Міне, осындай жұмыстардың нәтижесінде семинар жоғары мектептегі оқу үрдісін ұйымдастырудың басты формасы екенін тәжірибе көрсетуде. Семинарды ұйымдастырып өткізу оқытушыдан үлкен дайындықты қажет етеді.

Семинар сабақтары барысында студенттердің келесі іскерліктерінің дамуы маңызды саналады:

- оқуда өзінің жеке мақсаттарын айқындау іскерлігі;
- бар білімдері мен жаңа ақпараттарды қолдана отырып, оқу мен шынайы мәселелерді шешу іскерлігі;
- әртүрлі ақпараттарды өздігінен жүйелеу іскерлігі;
- өзінің және өзгенің көзқарасын сыни бағалау, ондағы пайдалы аспектілерді анықтау іскерлігі;
- ақпараттағы деректер мен мәліметтерді маңыздылығына қарай жіктеу іскерлігі;
- дискуссияда белгілі бір позицияны ұстану және талқылаудағы сұрақтар бойынша өз пікірін анық және нақты білдіру іскерлігі;
- топта шиеленістерге жол бермей, ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу іскерліктері және т.б.

Диалогтық оқыту болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді қолданылады. Біз жұмысымызда оқу диалогын студенттердің зерттеліп отырған сапасын жетілдірудің педагогикалық шарты ретінде алып, алдыңғы параграфта сипаттап кеткен болатынбыз. Диалог негізінде оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас арқылы шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына жол ашылады. Диалогтық өзара әрекеттесуін ұйымдастыру оқытушыдан ашықтықты, жеке стереотиптерін жеңуді, әрбір студентті тұлға ретінде белсенді қабылдауды талап ететін күрделі жұмысты болжайды [179].

Қазіргі кезде әлемде білім беру үрдісін инновациялық дамытуға арналған ең озық технологиялары қолданылуда. Біз өз тәжірибемізде «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту», кейске негізделген технология, проблемаға бағытталған оқыту технологиясын жиі пайдаландық. Бұлардың барлығы студенттердің өзіндік танымдық әрекетін жоғары орынға қоятын, білім алу үшін ізденуге негізделген оқыту жүйелері. Білім алушыларды тәжірибе арқылы шынайы өмірге дайындауды қамтамасыз етеді.

«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясындағы топтық жұмыстар, ой шақыру, ой қозғау әдістері, интерактивті стратегияларды тұрақты пайдалану студенттердің белсенділігін арттырып, дербестігіне, субъектілігіне оң ықпал етеді. Әсіресе осы технологияға сәйкес құрылатын дәріс, семинар сабақтарының рефлексиямен аяқталуы біз зерттеп отырған мәселенің шешімін табуға ықпалы зор болды деп санаймыз. Әр сабақты рефлексия, кері байланыспен аяқтау студенттердің өз әрекетіне басқаның көзімен қарап, баға беру қасиеттерінің қалыптасуына әсер етті. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру жеке және топтық формада жүзеге асады. Оларда студенттердің бір-бірімен және оқытушымен түсінісуі, пікірлесуі, ой алмасуы, дәріс материалдарын талдауға қатысты ой қорытуы қажетті нәтижелерге қол жеткізуге жол ашады. Сондықтан, *оқу диалогын* рефлексивті мәдениетті қалыптастыру үдерісінде пайдалану ақпараттарды бірлесіп талдауға, жаңа мәтін жайында бір-бірінің ойын білуге, өз көзқарасын дәлелді жеткізуге деген ұмтылыстарын арттырады. Диалогтық оқыту жайында жұмысымыздың жоғарыдағы паратрафында тоқталып кеткен едік. Бұл жерде оны ұйымдастыруға әдістемелік тұрғыда сипаттау керек деп санадық.

В.В.Сериков білім алушылардың диалог жағдайына енуінің бірқатар шарттарын атап өтеді:

- студенттердің диалогтық қатынасқа дайындығын анықтау, яғни базалық білімдерін, қатынас тәжірибесін, жеке көзқарастарын орнату және басқалардың пікірін дұрыс қабылдауы;

- студенттердің «тірек мотивтерін» табу, яғни диалог барысында тікелей немесе жанама түрде студенттерді толғандыратын мәселелер және сұрақтар;

- оқу материалын мәселелі-қайшылық туғызатын сұрақтар жүйесіне өңдеу;

- диалогты дамытудың әртүрлі нұсқаларын ойлап табу;

- дискуссияға қатысушылардың, олардың мүмкін болатын рөлдерін, өзара әрекеттесу тәсілдерін жобалау («оппонент», «рецензент» «эксперт» және т.б.);

- дискуссия нәтижелерін алдын-ала білу, соның ішінде бәсекені дамытудағы мүмкін болатын «дағдарысты жағдайдарды» болжау және т.б [180, с. 36].

Е.О.Галицких өзінің зерттеу жұмыстарында «диалог атмосферасында адамның рухани өміріндегі шығармашылық құндылықтар дамиды» деген болатын. Ол білім жүйесіндегі диалогты тұлғаның өзін-өзі жетілдіру және рефлексиясын қамтамасыз ететін, шынайылықты тану мен дидактикалық қарым-қатынас ортасын құру ретінде түсіндіреді [181].


Пікірталас – белгілі американдық әлеуметтанушы Карл Поппер тарапынан ұсынылған форма. Пікірталас сыни ойлаудың дамуына тікелей ықпал жасайтын, студенттердің сыни талдау дағдыларын дамытатын маңызды форма. Сыни ойлау дегеніміз - санадағы ойлар мен идеяларды анықтау, талқылау, негіздеу және талдау деген сөз. Пікірталас барысында міне осы аталған функциялардың барлығы орындалады. Дебат барысында сыни ойлау

дағдыларынан бөлек, ғылыми-зерттеушілік, ұйымдастырушылық, қарсыласты тыңдай білу және оның келтірген аргументтерін өзінікімен салыстыру сияқты дағдылар дамиды. Жоғары оқу орнында пікірталас формасын пайдалану келесі негізгі элементтердің болуын қажет етеді: тақырып (*тақырыптың өзекті мәселеге арналуы, нақты құрастырылуы, студенттер үшін маңызды мәнге ие болуы*); қолдаушы және жоққа шығарушы тараптардың болуы; дәйектер; қолдау мен дәлелдер; қарама-қайшы сұрақтар; қазылардың шешімі.

М.М.Левинаның пікірінше мәселелі оқытудың маңыздылығы «педагогикалық ғылым және практикаға гуманистік бағыт беретін, негізгі оқыту технологиясы болып табылады» [182]. Е.С.Полаттың болжамы бойынша «ойлану, дискуссия, өз пікірін еркін айту мүмкіншілігі және оны талқылау, оқытудың барлық жүйесінің мәселелі бағыттылығы кез-келген формада қазіргі білім жүйесінің қалпына енуі керек» [183].

Эссе – қандай да бір әдеби, философиялық, эстетикалық моральдық немесе әлеуметтік мәселелерді еркін баяндау. Рефлексия кезеңінде шағын жазбаша шығармашылық жұмыс ретінде бұл тәсіл әртүрлі жағдайда қолдана беріледі. Эссе жазу студенттерге өтілген материал бойынша білімдерін қорытындылауға көмектеседі. Оқытушы үшін бұл кері байланыс алуға мүмкіншілік береді. Элективті пән мазмұнында қамтылған тақырыптарды ашу үшін біз жоғарыда сипатталған дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа интербелсенді әдістер: рефлексиялық тренинг, рефлепрактикум, кейс стади, өзіндік талдау, рефлексиялық полилог, позициялық дискуссия, рефлексиялық инверсия, рефлексиялық портфолио сияқты жаңашылдық тәсілдерді қолдануды жобаладық (сурет 15). Енді осы әдістерге сипаттама береміз.

Рефлексивті тренинг оқыту әр түрлі оқыту түрлерінің ішінде ерекше орын алады, біздің ойымызша, уақыт шектеулі және педагогикалық жұмыста белгілі бір (аз да болса) тәжірибесі бар мұғалімдердің рефлексиясын дамыту үшін ең қолайлы әдіс болып табылады. Арнайы ұйымдастырылған оқыту педагогиканың теріс немесе пайда болатын теріс стандарттарын, көзқарастарын, стереотиптерін «кетіруге», «жұмсартуға» көмектеседі. Тренингтің бұл түрі шынымен де «қарым-қатынаста өзіндік көріністерді көрсетуге және осыған байланысты кейбір формацияларды тексеруге бағытталған қадам жасауға мүмкіндік береді» [184].



Сурет 15- Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың жаңашылдық әдістері

Рефлексивті тренингтер студенттердің білім алуда жетістіктерге жетуіне, оның ішкі мотивациясын қалыптастыруға, сонымен бірге рефлексивті мәдениетінің қалыптасуына бағытталған. Бұл жерде біздің зерттеуімізге сәйкес рефлексивті мәдениетті қалыптастыруда студенттің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қатысты ішкі күштерін, оның әлеуеті мен резервтерін дамыту маңызды болады. Сол себептен, біз құрастырған рефлексивті тренингтердің басым жақтары мыналар:

- тұлғалық жетістіктерге жетуге бағдарлануы;
- орнықты ішкі мотивациясының басым болуы негізінде студентті дамытуы мен тәрбиелеуі;
- рухани және адамгершілік тұрғысындағы құндылықтық бағдарлануының болуы;
- ынтымақтастыққа қабілетті танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде студенттің өзін-өзі дамытуы;
- оза оқытуға сүйене отырып, оқытудағы табыстылықты арттыру тактикасының болуы.

Рефлексиялық тренингтердің негізгі ерекшелігіне студенттердің өзін-өзі дамыту кезеңдерін жүзеге асыру жатады:

- өзін-өзі өзектілендіру, жетістіктерге жетуге қажеттілікті қалыптастыру;
- өзінің кемшіліктері мен жетістіктеріне өзіндік талдау;
- өзінің нәтижелеріне өзіндік талдау;
- өзінің жұмысын өзі ретке келтіру;
- студенттің өзіндік санасын білім беру субъектісі ретінде дамыту.

Әсер ету бөліктері:

- рефлексияны дамыту;
- жұмысқа қабілеттілікті сақтау;
- қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық.

Рефлексиялық тренингтердің мақсаты: дене шынықтыру пәні мұғалімдері мамандығы бойынша студенттердің өз әрекетін бағалау мен кәсіби өсуге ұмытылысын дамыту.

Міндеттері:

- болашақ мамандықтарына қажетті кәсіби-маңызды қасиеттерін дамыту және өзін-өзі дамытуға, өзектілендіруге дайын болуға ықпал ету;
- өзінің педагогикалық көзқарастары мен ұстанымдарын талдауға, тұлға және кәсіби маман ретінде өзінің жеке қасиеттерін ескеруге дайын болу мотивациясын қалыптастыру және олардың кәсіби іс-әрекеттің дамуына әсерін тигізетінін ұғыну, мамандыққа деген қатынасындағы маңызды өзгерістерді өндіру қабілеттерін қалыптастыру;
- өзін-өзі тану мен дамытуда белсенді позициясын ұстануға бағдарлау және рефлексиялық ойлауын дамыту.

Рефлексиялық тренингті құрастыру барысында ізгіліктік, дамытушылық, субъектілік ұстанымдар басшылыққа алынды, тренингтік сабақтарды өткізу ережелері сақталынды.

Бұл рефлексиялық тренинг құрылымында бірнеше тақырыптар қамтылған:

1. «Өзінің Менін ұғыну».
- 2.«Командалық даму».
- 3.«Рефлексивтілік» туралы пікірді қалыптастыру.
4. «Тұлғалық өсу».
5. «Кәсіби өсу».

Әр тақырып бойынша студенттер өз болашақ мамандығына қажетті белгілі бір кәсіби-маңызды қасиеттермен танысып, олардың маңыздылығын ұғыну.

Рефлексиялық тренинг бағдарламасы 5 бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің мақсаты – студенттің белгілі бір кәсіби маңызды қасиетін дамыту.

Бірінші бөлім «Өзінің Менін ұғыну». Осы бөлімнің жаттығулары студентке өзінің әлсіз және мықты қасиеттерін ұғынуға көмектеседі, оларды біртұтас қарастыруға мүмкіндік береді, өз мінез-құлығының түрткілерін анықтауға, оларды түсінуге ықпал етеді.

Екінші бөлім «Командалық даму». Осы бөлімнің жаттығулары топта бірлесе жұмыс жасауға, өзгенің пікірін қабылдауға және оны тыңдай білуге үйретеді, сонымен бірге ынтымақтастықта жұмыс істеу стилімен танысады.

Үшінші бөлімде «рефлексия» «рефлексиялық мәдениеттің» көрініс беруіне теріс ықпал ететін кедергілерді ұғынуға ықпал етеді. Тренингтегі жаттығулар тұлғаның қасиеті ретінде қарастырылатын рефлексивтіліктің белгілі бір жақтарын жетілдіруге бағытталған: интуиция, ойлау жылдамдығы, бақылағыштық және т.б.

Төртінші бөлім «Тұлғалық өсу». Бұл бөлімнің жаттығулары жаңа тәжірибені сезіну, өз құндылықтарын ұғыну, байқағыштық қасиетін дамытуға бағытталған, таным іс-әрекетіне жалпы қабілеттілігін дамытуға, кез-келген іс-әрекетте тұлғаның жетістігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Бесінші бөлім «Кәсіби өсу». Жаттығулар кәсіби сана сезімді дамыту, біліктерін ұғыну, кәсіби қабілеттеріне сенімділігін арттыруға бағытталған. Кәсіби міндеттерді саналы түрде ұғыну арқылы тұлғалық жауапкершілік саласын ұғынады, өз жауапкершілігіне сәйкес әрекет ету тетіктерін игереді., сонымен қатар болашақ мамандығы бойынша кәсіби нормаларды орындаудың маңыздылығын түсінеді.

Тренингтік сабақтарда кәсіби-маңызды қасиеттерді дамыту бойынша жаттығулармен таныстыру ұсынылды, тұлғалық және кәсіби өсу мотивациясын дамыту жүзеге асырылды, сонымен бірге тұлғаның қасиеті ретіндегі креативтіліктің кейбір жақтарын дамытуға арналған тапсырмалар кіріктірілді. Жұмысымыздың 3.3. параграфында осы бағытта жүргізілген рефлексиялық тренингтің барысы баяндалатын болады.

Рефлексивті тәсілді жүзеге асырудың бір әдісі ретінде біз субъективтіліктің дамуына және студенттердің белсенділігін арттыру және кәсіби даярлаудағы педагогикалық іс-әрекетке студенттердің құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін рефлексивті семинарды қарастырамыз. **Рефлексиялық практикум** - студенттерге арналған білім

берудің негізгі ұйымдастыру формасы және құралдары, оның мәні қосымша кәсіби білім беру үрдісінде педагогикалық іс-әрекеттің мәні, қызметтері мен деңгейлерін түсіну және дамыту, көзқарастарды, пікірлерді, ұстанымдар мен сенімдерді өзін-өзі бағалау, дамыту, құндылық қатынасын қалыптастыру және дамыту арқылы жүзеге асырылады. Бұл арқылы білім беру іс-әрекеті үрдісінде субъектілердің құндылық бағдарлау, өзін-өзі тану және өзін-өзі түзетуі жүзеге асады.

Арнайы ұйымдастырылған рефлепрактикумдар болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық қызметтің мағынасын, гностикалық, конструктивті-жобалық, ұйымдастырушылық, коммуникативті қызметтерін, бейімделгіш, репродуктивті, эвристикалық, шығармашылық деңгейлерін түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар мұндай тәжірибе олардың бірлескен оқу әрекеті арқылы рефлексивті мәдениетін жетілдіріп, бұл сапаны әрқайсысының кәсіби әдеттеріне енгізу; студенттердің педагогикалық санасын оқып-үйрену мен өзгертуге бағытталған іс-әрекетін ұйымдастыру; студенттердің витагендік тәжірибесін белсендіру, оны түрлендіру және байытуды жүзеге асырады.

Төменде қалыптастырушы эксперимент барысында ұйымдастырылған рефлепрактикумның үлгі жоспарын келтіреміз.

Практикум сабақ ұйымдастырушының хабарламасынан басталады. Онда семинарды өткізу барысында топтың жұмысында туындайтын түйткілдер, шешілмеген тапсырмалар, тек өзіне ғана емес, сонымен бірге тұтас топқа да тұжырымдалуы мүмкін.

Рефлексивті ойлауды дамытудағы проблемалық жағдайлардың рөлі туралы ойланайық. Өз тәжірибеңізге жүгінуге тырысыңыз.

1. Сіз, студент ретінде сабақта мұғалімнің арнайы тудырған проблемалық жағдайына тап болған кезіңіз болды ма?

2. Бұл танымға апаратын жол қандай болды: оңай, қызығушылыққа негізделген немесе қиынырақ, өз күш-жігеріңізді талап етуге бола ма?

3. Проблемалық оқытудың өнімділігін қалай бағалайсыз? Сіздің осы проблемалық жағдайды есіңізде сақтағаныңыз сізге бір нәрсе білдіре ме?

Бұдан соң білім алушыларды ойлануға итермелейтін проблемалық жағдаяттар ұсынылады. Бұл ретте студент мәселені қабылдаған шарттарды еске түсіреді. Ұсынылатын жағдаяттар жауабы белгісіз болуы керек, тек сонда ғана оны табу үшін ой қозғалады, көзқарасты растайтын дәлелдер табуға әрекет жасалады.

CASE-STUDY –функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құралы. Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Белгілі жағдайды талдау – нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды терең және бөлшектеп талдау. **Case-study** мақсаты: топ студенттердің бірлесіп болған жағдайды талдау және практикалық шешім шығару үрдісі. Кейс сабақтарында алдын-ала дайындалып қойылған жағдаяттар бойынша жұмыс жүргізіледі. Кейстік амал-тәсілде, әрбір топ өзінің шығарған шешімдерін басқа топтардың алдында дәлелдеу тапсырылады. Әрбір топ сабақ

соңында өз ойларын ортаға салады, сабақтың соңында тапсырма қорытындылады.

Тәжірибелік жұмыста қолданылған келесі әдіс –*рефлексиялық полилог* деп аталады. Полилог дегеніміз - жеке, тарихи, ұлттық, аумақтық, діни мәдениеттердің өзара енуі, олардың өзара әрекеттесу тәжірибесі және ортақ тіл табу.

Ынтымақтастық педагогикасында полилогтың екі түрі бар:

1. Классикалық полилог. Талқылау біліктілігі аз студенттерден басталады, ал құзыреттілер оны аяқтайды. Сонда алдыңғы сөздер қайталанбай тақырып одан әрі кең түрде қарастырылады [185].

2. Кері полилог. Әңгімелесу сауатты студенттерден басталып, мәселеге қатысты біртұтас көзқарас қалыптастырылады, мәселені шешу жолдары ұсынылады. Полилогты жалғастыратын құзыреті төмен студенттер жаңа нұсқаларын ұсынады, сол арқылы алдыңғы айтылған ойлар мен ұстанымдардың қайта қарастырылуы, өзгеруі мүмкін. Мұндай талқылаулар білім алушылардың дүниетанымының кеңейуіне әсер етеді [186,с. 13].

Е.З.Кремердің анықтамасы бойынша «рефлексивті полилог - рефлексивті пікірталастың ажырамас бөлігі». Оның мақсаты - өзін-өзі танудың шығармашылық мүмкіндіктерін өзектілендіру және дамыту [187].

Біздің ойымызша, рефлексиялық полилог – мәселені талқылауға қатысушылардың кезектесіп сөйлеуі арқылы топта өнімді пікір алмасудың тиімді тәсілі.

Рефлексиялық полилог әдісін қолдануда орындалатын талаптар бар. Олар:

- бір-бірінің пікірін тыңдау;
- айтылған пікірді сынамау, баға бермеу, сол арқылы өзара құрмет атмосферасын жасау;
- мәселе бойынша дайындық деңгейіне әртүрлілігіне қарамастан топтың мүшелерінің барлығының қатысу мүмкіндігі.

Қолданылатын әдістерді рефлексияның: *кооперативті, коммуникативті, тұлғалық және интеллектуалды* түрлерімен байланыстытаңдадық. Төменде осы рефлексиялық әрекет бағыттары бойынша жұмыс түрлері сипатталады.

1.Кооперативті рефлексия. Осы типтегі рефлексивті жаттығулар ұжымдық қызметті жобалау және бірлескен іс-қимылдар мүдделі тараптар. Ерекшелік емес, көрініс(көлеңке) нәтижелеріне аударыладыосы тетіктердің көрінуінің процедуралық сәттерін қамтамасыз етеді

Сауалнама газет Бұл жаттығуда студенттерге үлкен ватман қағаз педагогикалық әрекеттестік қатысушыларына өз көзқарасын білдіруге, суреттер, достық мультфильмдер, карикатуралар, поэтикалық желілер, шағын прозалық мәтіндер, тілектер, түсініктемелер, ұсыныстар, сұрақтар және т.б. формадағы өзара әрекеттесуді бағалауға тапсырма беріледі.

Барлығы газеттің дизайнына және шығарылуына қатысқаннан кейін, ол тақтада орналастырылып, көпшілікке жария етіледі.

Жаттығуды орындау барысында студенттер ұжымдық жұмыстың әр қатысушысының қосқан үлесіне, белсенділігіне, жалпы нәтижеге шынайы баға

береді және ол ешкімнің көңілін қалдырмайтындай достық әзіл, шарж түрінде жасалады.

2. Коммуникативті рефлексия. Маңызды компонент ретінде әрекет етеді коммуникативті акт, тұлғааралық қабылдау және сипатталады адамның адамның белгілі бір білім сапасы.

КОМПЛИМЕНТ рефлексиялық жаттығуда педагог шеңбер жасап отырған әрбір қатысушы оң жағындағы көршісіне мақтау сөз айтуды тапсырады. Жаттығуды қолға кез келген атрибутты ұстап, оны әрі қарай қолдан қолға өткізу арқылы да ұйымдастыруға болады. Мысалы, қаламсап, открытка, гүл т.б. Бұдан соң педагог осы жасалған әрекеттің рефлексиясын ұйымдастырады. Ол үшін төмендегідей сұрақтар қойылуы мүмкін:

- өзіңіздің эмоционалдық жағдайыңызды сипаттаныз, көтеріңкі көңіл-күйдің себебін түсіндіріңіз;

- бір бірімізге жақсы сөздер айту неге керек;

- жағымсыз пікірлер біздің ойымызға неге жиірек келеді;

- барлық адамдар тек шын жүректен шыққан жанға жайлы сөздерді ғана айтса әлем қандай болар еді?

3. Тұлғалық рефлексия. Бұл топтың әдістері мен жаттығулары қабілетті қалыптастырады және субъектінің өз іс-әрекетін, өзінің «мен» бейнесін талдау қажеттілігі жеке стереотиптерді (шаблондарды) сынау және қайта ойластыру әрекеттер).

Зерттеушілер кәсіби рефлексияны дамыту тұлғалық рефлексия негізінде жүзеге асырылатындығын, сондықтан оқытушы жасаған жағдайлар келесі бағытқа бағытталуы керек екенін атап өтті.

1. Білім алушылардың шому арқылы бойына тұлғалық рефлексияны қалыптастыру;

2. Кәсіби қызметке шому арқылы өзіндік кәсіби рефлексияны қалыптастыру.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз студенттердің рефлексивті мәдениетін анықтауға ғана емес, қалыптастыруға және дамытуға көмектесетін кейбір оқыту түрлерінің сипаттамаларын келтіреміз.

ПАЛИТРА. Бұл жаттығудың мақсаты: педагогикалық үрдістің қатысушыларының эмоционалдық жағдайын рефлексиялау. Қажетті құралдар: үлестірме материалдар «Палитра», түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер, музыкалық қолдау.

Қатысушылар саны: үлестірмедегі «терезелердің» санымен шектелген. Үлкен топ үшін бірнеше үлестірме материалдар ұсынылады. Іске асыру тәртібі: қатысушылар үлестірмелі материалдарды алады (әр топқа бір парақ) және терезеден «кішкентай тұлғаларды» бейнелейді, таңдамадан тиісті эмоционалды жағдайды таңдайды. Қорытынды: әдіс топтың эмоционалды жағдайын жедел талдауға және қажет болған жағдайда оны түзетуге мүмкіндік береді.

РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ РИНГ. Студенттер рефлексиялық рингке (шеңберге) шақырылады. Белгіленген алгоритм бойынша: алғашқы қатысушы эмоционалды күй, белсенділік мотивтері, білім жағдайы, әрекет нәтижесіне

баға бере сөйлейді. Қалған қатысушылар оған айтылғандар бойынша сұрақтар беріп жасалған әрекетті терең талдауды ұйымдастырады. Бұл жаттығу білім алушылардың рефлексиялық әрекетке түгел қатысуларын қамтамасыз етеді. Шебер оқытушының болашақ спорт педагогтарын жұмысқа жұмылдыру үшін оларды рингке шығып, жеңіліс таппауларына ынталандыратын, жігерлендіретін теңеу сөздерді қолданып, түрткі жасай алуы істі нәтижелі етеді.

МЕН ҚАНДАЙ БАСҚЫШТАМЫН? әдісі

Жаттығудың мақсаты: қатысушыларға адекватты өзін-өзі бағалауын құрастыруға көмектесу.

Қатысушыларға 10 сатыдан тұратын басқыш салынған бланк таратылды. Нұсқау беріледі: « қазір өзіңіз ойлаған сатыда өзіңіз сызыңыз ...».

Бәрін салғаннан кейін жүргізуші осы әдістеменің кілтін хабарлайды:

- 1-4 басқыш – төмендетілген өзін-өзі бағалау;
- 5-7 басқыш – өзін-өзі бағалауы адекватты;
- 8-10 басқыш – жоғарылатылған өзін-өзі бағалау.

Сапа. Жаттығудың мақсаты: қатысушылардың бойында объективті өзін-өзі бағалауын үйренуге көмек беру.

Қатысушылардың әрқайсы өздерінің 10 жағымды және 10 жағымсыз қасиеттерін жазуы керек, соңынан талдайды. Ең маңыздысы – соңғы және бірінші қасиеттеріне ерекше көңіл бөлу қажет.

4. Интеллектуалды рефлексия. Жаттығулардың бұл тобы шешуге бағытталған ақпаратты өңдеу мен дамытудың танымдық процестерін ұйымдастыру мәселелері типтік және өзіндік мәселелерді шешуге арналған оқыту құралдары.

ЗАРЯДКА деп аталатын рефлексиялық техникада педагогикалық өзара әрекеттестікке түскен қатысушыларға мұғалім шеңбер жасап тұрып, осы әрекеттестікте орындалған жұмыстардың құрамдас бөліктерін белгілі бір қимылдарды орындау арқылы бағалауды ұсынады. Мысалы: сабақ мазмұны, қолданылған технология мен әдістер, қатысушылардың әрекеті: оқытушы, студенттер т.б. Бағалау үшін келесі қозғалыстар ұсынылуы мүмкін: **тізерлеп отыру - өте төмен рейтинг, жағымсыз көзқарас; тізені сәл бүгу - төмен баға, немқұрайлылық; қалыпты түрегеліп тұру - қанағаттанарлық баға, сабырлылық; қолды көтеріп шапалақтау - жақсы баға, позитивті көзқарас; аяқтың ұшымен тұру - өте жоғары балл, ынталы көзқарас.**

ФУТБОЛ АЛАҢЫ әдісі. Өткен сабақты талдау үшін оқытушы футбол алаңындағы ойыншылардың бейнелері жазылған парақты ұсынады, олардың әрқайсысы белгілі бір ойын жағдайында: гол соғады, гол алдында тұрып, орындықта отырады, душ қабылдайды, ойластырылған позада медитация жасайды немесе ... зембілде жатады. Жеке талдауға және олардың үлгерімін бағалауға байланысты студент осы сабақта оның жағдайын дәл көрсететін футбол алаңына фигураны белгілеуге шақырылады. Рефлексиялық әрекеттің алгоритмі келесідей: жеке бағалау, топта пікір алмасу, үлкен көрініс алу үшін мұғалімнің жалпылауы.

БЕС САУСАҚ әдісі Тақтаға алақан суреті бар постер ілінеді.

Бас бармақ- Барлығы маңызды, қызықты болды

Сұқ саусақ- Мәселе бойынша нақты ақпарат алдық

Орта саусақ- Қабылдау оңай болмады

Аты жоқ саусақ- Психологиялық дайындық қиындау болды

Шынашақ- Мен үшін мәлімет жеткіліксіз болды

Қатысушылар қағаз парақтарына қолдарын салып, осы сұрақтарға жауаптарын құрылым ішінде жазады. Содан кейін парақтар орналастырылып, барлық қатысушыларға бір-бірінің жауаптарымен танысуға уақыт беріледі және сол арқылы сабақ нәтижелерін талқылайды. Семинар барысында қатысушыларға карточкаларға аудару туралы жеке жауаптар ұсынуға болады, олар содан кейін жалпы қолмен сызылады. Бұл жұмыс нәтижелерін қорытынды талқылауды жүргізетін мұғалімге жауаптарды жіктеп, жиынтық түрінде ұсынуға көмектеседі.

ЕГЕР МЕН болсам ... әдісі

Әдістің мақсаты: Ұжымда қарым-қатынас орнату, педагогикалық әрекетке қатысушылардың өзін-өзі сәйкестендіру.

Әдістің орындалуына қойылатын талаптар. Студенттердің оңтайлы саны - 30 адамға дейін.

Әдісті іске асыру тәртібі. Студенттерге кез-келген табиғи құбылысты, жануарларды, ағаштарды, гүлдерді, тұлғаларды анықтап, «Егер сіз болсаңыз?» деген сөйлемді аяқтауға шақырылады. Әркім өз жауабын ұсынады.

ФРАЗАНЫ АЯҚТАҢЫЗ әдісі. Студенттерге сабақтың тиімділігін анықтау (семинар және т.б.), құбылыстың, оқиғаның нақты мағынасын ашу, мазмұнына, психологиялық атмосфераға, өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға байланысты сөйлемдер топтамасын аяқтау ұсынылады.

Мысалы, рефлексия туралы мәтінмен жұмыс жасағаннан кейін қатысушыларға келесі сөз тіркестерін толықтыру керек болады:

Рефлексия дегеніміз ...

Мәтінмен жұмыс жасау сатыларының ішінде маған өте ұнады ...

Жұмыс барысында мен білдім ...

Жұмыс мені ойлануға мәжбүр етті ... т.б.

Ол келесідей жүзеге асырылады: мұғалім аяқталмаған сөйлемді айтады және оны аяқтауға шақырылған қатысушыға нұсқайды. Сол сөйлеммен мұғалім 2-3 қатысушыны атай алады. Әр қатысушының кем дегенде бір сөйлемді аяқтағаны жөн.

«ПАНТОМИМА» әдісі

Пантомима арқылы студенттер дәріс не семинар барысындағы өздері жасаған жұмыстарының нәтижелерін көрсетулері керек. Мысалы, қолды жоғары көтеру - ризашылық, басын төмен қою - риза емес, бетті қолмен жабу – немқұрайды.

«ЖЕТІСТІК АҒАШЫ» рефлексиялық жаттығуы студенттердің дәріс соңындағы алған білімдеріне өзіндік баға беру үшін қолданылды. Әр топқа таратылып берілген ағаш суреттеріне тиісінше жапырақтар жапсыру сұралды. Мұндағы сары жапырақ – кездескен қиындықтар; жасыл жапырақтар – дұрыс

орындалған тапсырмалар, қызыл жапырақ –жіберілген қателерді білдіреді. Топ жұмысын осылайша рефлексиялау білім алушылардың біріншіден берілген мазмұнды игеру деңгейін диагностикалауға, екіншіден топ белсенділігін арттырып, ұжымды қалыптастыруға ықпал етеді.



Сурет 16

Сабақ қорытындысында білім алушылармен кері байланыс орнату үшін қолданылатын рефлексиялық тәсілдер де студенттер үшін аса маңызды. Олар арқылы дәріс немесе практикалық сабақ барысында студенттердің жасаған әрекеттері бағаланады, өткен сабақ нәтижесі туралы мағлұмат алынады.

Солардың бірі **«МЕН ҮШІН БҮГІНГІ САБАҚ...»** деп аталатын әдіс.

Студенттерге жеке карточкалар таратылып беріледі. Оларда үш бағыт бойынша білім алушының дәріс немесе семинар сабағындағы жұмысын сипаттайтын сөз тіркестерін атап өту қажет болады. Мысалы:

Дәріс Мен дәрістемін Қорытындылау

1. қызықты 2. Көңілсіз 3. немқұрайлы

1. жұмыс істедім 2. демалдым 3. басқаларға көмектестім

1. материалды түсіндім 2. білгенімнен гөрі көп білдім 3. түсінбедім

Жұмысымыздың алдыңғы параграфында сипатталғандай рефлексия қызметіне қарай: өтілген материалды рефлексиялау, көңіл күйді, эмоционалдық жағдайды, топтық жұмысты бағалау мақсатында қолданылады. Оқу материалының мазмұнын рефлексиялау өткен мазмұн туралы білім алушылардың хабардарлық деңгейін анықтау үшін қолданылады. Енді сол техникалардың өзіміз қолданған түрлерін келтіре кетейік.

«ПЛЮС - МИНУС - ҚЫЗЫҚТЫ» әдістемесі

Рефлексия тақтада ауызша түрде жүзеге асырылуы мүмкін, онда студенттер өз ойларын өздері таңдап, «+», «-», «?» Жолдарына немесе жеке жазбаша түрде бөлуге болады.

Кесте 11

«+»	«-»	«?»
Жағымды эмоциялар туғызған фактілерді жазу	Түсініксіз немесе жетіспейтін ақпарат туралы жазу	Не қызықты болды, не білгісі келеді туралы жазу

«САБАҚ СОҢЫНДАҒЫ ҚЫСҚА ӘНГІМЕ» әдістемесі:

Біз бүгін немен айналыстық?

Ол үшін біз не істедік?

Бізде не жақсы шықты?

Нені жасай алмадық?

Егер сабақтың алдында тақтаға мақсаттар жазылған болса, сұрақтар басқаша болуы мүмкін.

Мақсаттарымызға жету үшін не істедік?

Нәтижеге көңіліміз толды ма?

Бұл басқаша түрде жасалуы мүмкін бе?

Қай нұсқа жақсы?

Бұл біліктер бізге қайда қажет болады?

«БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ» әдісі

Мен ойлағанымды орындадым ба?

Жобаның негізгі нәтижесі ретінде мен жазған нәрсені орындау мүмкін болды ма?

Бәрі мен ойлағандай орындалды ма?

Не жақсы жасалды?

Не жаман болды?

Не оңай орындалды және күтпеген жерден қиын болып шықты?

Кім маған жоба үшін РАХМЕТ айта алады?

«POPS FORMULA» әдістемесі. POPS - формуланың келесі төрт тармағын көрсететін төрт сөйлем жазуға шақырылады:

Р - позиция

О - түсіндіру (немесе негіздеу)


Р - мысал

С - нәтиже (немесе шешім)

Бірінші сөйлем (лауазым) келесі сөздермен басталуы керек: *«Мен бұған сенемін ...»*. Екінші сөйлем (түсіндіру, олардың жағдайын негіздеу) сөздерден басталады: *«Өйткені ...»*. Үшінші сөйлем (іс жүзінде өз ұстанымдарының дұрыстығын дәлелдей алу қабілетіне бағытталған) мына сөздерден басталады: *«Мен оны мысалмен дәлелдей аламын ...»*. Сонымен, төртінші сөйлем (тергеу, сот шешімі, тұжырым) келесі сөздермен басталады: *«Осыған сүйене отырып, мен ...»* деген қорытындыға келдім. Осылайша, біз бірнеше минут ішінде оқушының материалға «ену» дәрежесі, үдерісті түсіну дәрежесі, нақты оқиғаға, құбылысқа, фактіні моральдық бағалауы туралы нақты ақпарат алуға бірегей мүмкіндік аламыз. Ең бастысы, студенттерді өз пікірлерін, өзіндік ұстанымдарын айтуға мүмкіндік туады. POPS формуласы бойынша жауап риторика заңдарына сәйкес қысқаша және нақты болуы тиіс. Бұдан студенттер ауызша жауап берудің өзіндік түрін меңгереді.

«РЕФЛЕКСИВТІ НЫСАНА» әдістемесі 4 секторға бөлінген нысана суреті бойынша сабақтағы әртүрлі мақсаттардың жүзеге асуы бағаланады. Мысалы: өз әрекетін бағалау, педагог әрекетін бағалау, қолданылған әлістерді

бағалау, топтық жұмысты бағалау сияқты мақсаттар. Әр студент осыларға қатысты өздерінің бағасын қою сұралады



Сурет 17

Тараушаны қорыта келе, қазіргі кездегі академияның кәсіптік даярлау жүйесінде студенттердің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру тәжірибесі мол емес. Бұл ретте біз ұсынып отырған әдістер мен техникалар болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің аталмыш сапасын жетілдіруді және қалыптастыруды табысты етеді деп сеніммен айта аламыз. Сондай - ақ олар кез келген педагогикалық мамандарды даярлау үрдісінде қолдануға болатындығымен ерекшелінеді. Рефлексиялық жаттығуларды пәндердің оқу бағдарламаларына енгізіліп, семинар сабақтарда қолдануға болады. Болашақ мұғалім өзін-өзі талдауға және олардың іс-әрекеттерін, жеке және кәсіби қасиеттерін түсінуге бағытталған әртүрлі жаттығуларды орындай отырып, өзінің кәсіби рефлексиясын жасаумен айналысады. Алайда, нәтижеге жету үшін студенттің жоғары ынтасы мен ерік-жігері болуы керек. Өз кезегінде мұндай әрекет сапалы кәсіби білім алуға, кепілдік береді.

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне сәйкес зерттеудің келесі әдістері сараланып алынды: педагогикалық эксперимент, тестілеу, сауалнама, студенттердің оқу нәтижелерін сараптау. Анықталған зерттеу нәтижелерінің сенімділік деңгейі математикалық-статистикалық талдау бойынша жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты: болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетінің бастапқықалыптасу деңгейін анықтап, аталмыш сапаның деңгейін жоғарылатуға бағытталған тәжірибе жасау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың міндеттері:

1. *Айқындаушы экспериментінде* болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетінің бастапқы қалыптасу деңгейін анықтау міндетін орындау үшін эксперимент және бақылау топтары ұйымдастырылып дайындалған әдістемелер бойынша диагностикалар

жүргізілді. Бұл жұмыстың нәтижелері диссертацияның 2.1 параграфында сипатталды.

2. *Қалыптастыру экспериментінде* болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру *«Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті»* атты элективті курсы және әдістемесі тәжірибеде жүзеге асырылды.

3. *Бекіту экспериментінде* бастапқы және қорытынды зерттеу нәтижелері салыстырылып, динамикасы көрсетілді. Эксперимент нәтижелері математикалық-статистикалық өңдеулерден өтіп, арнайы кестелер мен суреттер негізінде рәсімделді.

Сондықтан да біз өз зерттеуімізде студенттердің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайтын *«Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті»* атты пәннің бағдарламасына сәйкес сабақтар ұйымдастырдық. Осы арқылы болашақ дене шынықтыру мамандарын дайындауда рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың үздіксіз, аудиториялық және аудиториядан тыс оқыту формасын байланыстыра отырып қолдануға мүмкіндік туды. Сонымен қатар студенттердің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру мақсатында мамандықта оқытылатын басқа да пәндердің мүмкіндіктері пайдаланылды.

Қазіргі кездегі еліміздің білім беру жүйесінде жүзеге асырылу үстіндегі жаңаша оқыту талаптары білім алушылардан шынайы мәселелерді анықтап зерттей білуді, сыни тұрғыда ойлауды талап етеді, білім алушы мен оқытушы арасында диалог жүргізуге ынталандыруды көздейді. Диалог аясын кеңейту үшін оқытушы білім алушылар оны тыңдап қана қоятындай емес, нақты пән немесе тақырып туралы ойлана алатындай ынталандыра, белсендіре алуын міндеттейді. Осы айтылған жағдайлар әлемдік өркениет көшінен қалмау үшін білім беру үдерісін жаңаша ұстанымдарға негіздеу, оқытуды инновациялау, білім алушының рөлін өзгертіп, өз жауапкершілігін арттыруға бағыттау, оның білімдік әрекетін бағалаудың жаңғыртылған формаларын тәжірибеге ендіруді талап етті.

Осы ретте элективті курсты жүргізу барысында әрбір тақырыпты білім алушыларға игертуде оқыту әдістері мен технологияларын дұрыс таңдаудың маңызы ерекше. Бұл курсты жүргізуде студенттердің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру үшін оқыту мен үйретудің жаңа технологияларын, әсіресе рефлексивті тәсілдерді барынша кеңінен пайдаландық.

Мысалы **дәріс сабақтарында:** SMART-мақсаттар қою, Блум таксономиясы бойынша әрекеттер жүйесін жобалау, жүзеге асыру, интерактивті дәріс, рефлетринг, миға шабуыл және т.б.

Тәжірибелік сабақтарда – топтастыру, эссе немесе еркін әңгіме әдісі, диалогтық, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс және т.б.

СОӨЖ – жағдаят, SWOT – талдау, ойындық жобалау, кейс-стади, жеке және топтық жұмыс, бес саусақ және т.б.

СӨЖ – топтық жұмыстар, презентация және т.б.

Оқытудың бұл әдістері мен технологиялары білім алушылардың дағдысы мен икемділіктерін, ғылыми ұғымдарды меңгеруі мен жан-жақты дамуын, зейінінің беріктігі мен ойлау қабілетін арттырады.

Эксперимент барысында жүргізілген дәріс, семинар сабақтарының кейбіріне тоқталсақ. «Рефлексия ұғымының пайда болуы» тақырыбындағы өтілген дәріс үлгісі

Дәріс тақырыбы: «Рефлексия ұғымының пайда болуы»

Мақсаты: Білім алушыларға пәннің мақсаты мен міндетін түсіндіру, рефлексия жайлы жалпы түсінік алуларына жағдай жасау

Көрнекілік: интерактивті тақта, презентация, үлестірме материалдар

Әдістер: SMART мақсат қою, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының топтастыру, түртіп оқу, әдістері

Күтілетін нәтижелер: студенттер «рефлексия» ұғымы, оның пайда болу алғышарттары жайлы мәліметтермен танысады, мәнін ұғынады.



Сурет 18

Дәріс барысы

1. Студенттерді «спорттық ойын атаулары арқылы» топтарға бөлу
2. Оқытушының пәннің мақсат міндеттері жайлы кіріспе сөзі
3. Слайд арқылы сабақтың SMART мақсатын талдау. Осы әрекет барысында аудиторияға психологиялық жағымды орта қалыптастыру, студенттердің пәнді игеруге деген мотивтерін жоғарылату жүзеге асырылды.

4. *Топтық жұмыс* «Рефлексия» ұғымы жайлы не білеміз? сұрағына топтастыру жасау. Бұл жұмыс студенттердің жаңа тақырып жайында білетіндерін анықтап алу және дәріске деген қызығушылығын ояту үшін жүргізілді. Студенттерге «Күрес», «Бокс», «Гимнастика», «Шахмат» топтарында 5 минут ішінде таратылып берілген ватман қағаздарда

топтастыру – *кластер* жасау тапсырылды. Әр топта жасалған жұмыс нәтижесі жарияланды.

Бұдан соң, презентация арқылы сабақ мазмұнын білім алушыларды қатыстыра отырып талдау ұйымдастырылды.

Біз үшін аса маңызды кері байланыс немесе өз әрекетін рефлексиялай алуға үйрету *«Жетістік баспалдағы»* әдісі арқылы жүзеге асырылды. Қатысушыларға осы дәріске қатысып, сабақ мазмұнын талдау арқылы қол жеткізгісі келетін мақсатты мұқият ойластыру, содан кейін оны қысқаша сипаттау тапсырмасы берілді. Содан кейін қатысушылардан альбом парағын алып, оған алты сатыдан тұратын кішкентай баспалдақ салу тапсырылды. Ондағы ең төменгі баспалдақ мақсатқа қол жетпегендігін, ал жоғарғы - мақсатқа толық қол жеткізілген жағдайды білдіреді.

Осыдан кейін қатысушыларға әр баспалдаққа қатысты өз тараптарынан 2-3 белгіжазу тапсырылды. Сол арқылы дәл қазір мақсатқа жетудің қай сатысында тұрғанын түсінуге тырысады, осы позицияны белгілеп, оны кішкене фразалармен сипаттайды.



Сурет 19

Студенттер бүгінгі сабақта алдыларына қойған мақсаттарын орындаудың өзіндік деңгейін анықтаған соң, жіберілген кемшіліктері турасында ойлануға шамамен 2 минут беріледі. Осы әрекет арқылы өз мақсаттарына жету жоспарларын жетілдіреді.

Судеттердің сабақ соңындағы эмоционалдық жағдайын анықтау үшін *«Көңіл күй ағашы»* әдісі қолданылды.

Әдістің жүргізілуіне қойылатын талаптар: әр топ тақтада ілінген ағаш суретіне сабақ соңындағы өздерінің көңіл күйлеріне сай түстегі фигураларды жапсырады. Дәріс топтың сабақ соңындағы эмоционалдық жағдайына қысқаша талдау жасаумен аяқталды.

Дәріс сағатының өтілуіне өзіндік қорытынды жасар болсақ, студенттердің оқу белсенділігін арттыру мақсаты толық орындалды деуге болады. Білімгерлер алғашқы минуттардан бастап топтық әрекетте болғандықтан топтың әр мүшесінің ортақ мүддеге үлес қосуы орын алды. Презентация арқылы дәріс мазмұнын жеткізу сұрақ –жауап түрінде ұйымдастырылды. Сондықтан

студенттерді мәселені талдау үдерісіне қатыстыру ойластырылғандықтан алғашқы танымдық белсенділік деңгейі төмендеген жоқ. Ал сабақ соңындағы рефлексиялық жаттығулар арқылы алған білімдер санада сараланып, пәнге деген ынталарын арттырды деп айта аламыз.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру өзіміз ұсынған элективті курстың барлық тақырыптарын өтуде басты назарда ұсталды. Дәріс, семинар сабақтарда тек теориялық материалдар беріліп қоймай, рефлексивтік әдістер, тәсілдер, жаттығуларды кеңінен қолдануды ойластырып отырдық. Мұндай сабақтарды білім алушылар рефлексия мен оның философиясы, табиғаты, атқаратын қызметі жайлы мағлұмат алып қана қоймай, тәжірибеде қолдану арқылы өздерінің әрекеттерін бағалауға машықтанды. Төменде осындай бір дәрістің өту барысын сипаттаймыз.

Дәріс тақырыбы: «Рефлексияның түрлері»

Мақсаты: студенттерге рефлексияның түрлері жайлы жалпы түсінік алуларына көмектесу

Көрнекілік: интерактивті тақта, презентация, үлестірме материалдар

Әдістер: SMART мақсат қою, оқытудың белсенді әдістері

Күтілетін нәтижелер: студенттер рефлексияның түрлері жайындағы ақпаратпен танысады, мәнін ұғынады.

Кесте 12 - Дәріс барысы

Дәрістің тақырыбы/ мазмұны: «Рефлексияның түрлері»	Рефлексияның түрлерінің сипаттамасы 1. Кооперативті рефлексия. 2. Коммуникативтік рефлексия. 3. Тұлғалық рефлексия. 4. Интеллектуалдық рефлексия.
1	2
Сабақтың түрі:	Дәріс
мақсаты:	Топтарға бөліну: «Тұлға» тобы «Интеллект» тобы «Бірлесу» тобы «Тілдесу» тобы Топ бойынша бірлесіп жұмыс істеу ережелерін жасау
Сабақтың негізгі идеясы:	Студенттерді ынтымақтастық пен өзара іс-әрекеттестікте жұмыс жасауға баулу, рефлексиялық қабілеттерін арттыру.
Оқу/оқытуда күтілетін нәтижелер:	1.Рефлексияның түрлері жайлы зерттеушілер пікірлерімен танысады, олардың мәнін түсінеді. 2.Қолданылатын белсенді әдістер арқылы ойлау, әрекетті өзіндік бағалау қабілеттері артады; 3.Топта өзара бірлік пен келісімді жұмыс жасауға дағдыланады.
Оқу/оқытуда әдіс тәсілдер:	Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ДЖИГСО әдісі, топтық жұмыс, жағдаят талдау, кері байланыс.

12 – кестенің жалғасы

1	2
Ұйымдастыру кезеңі:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дәріс сабақтың мақсатына тоқталу. 2. Білім алушыларды қабілеттеріне қарай 4 топқа бөлу. 3. Топтың ережесі мен талаптарын түсіндіру. 4. Білім алушылар арасынан тәуелсіз сарапшылар сайлау. 5. Қорытынды
Көрнекіліктер:	Интерактивті тақта, үлестірме материалдар, слайд.
Топтық тапсырмалар:	<p>«Тұлға» тобы «Интеллект» тобы «Бірлесу» тобы «Тілдесу» тобы «Рефлексияның түрлері» мәтіні 4 бөліктен тұрады. Әр топ үлестірме материалдардағы рефлексияның түрлеріне қатысты ақпараттың бөлігін оқып, бір біріне сұрақтар қойып мағынасын түсіну жұмысын жасайды. Сосын басқа топтарға өздері алған мәліметті жеткізеді.</p>
Сын тұрғысынан ойлау:	Проблемалық сауалдар қою. Топтардың бірін бірі оқытуы аяқталған соң, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойылып жауаптар алынады.
Кері байланыс:	<p>Білім алушының рефлексиясы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Студенттердің мәтін мазмұнын түсінуі 2. Талдай алу дағдылары 3. Ақпараттарды өзгелерге жеткізе білуі 4. Топпен жұмыс жасай алу біліктері 5. Аудиториядағы атмосфера 6. Студенттердің эмоционалдық жағдайлары <div data-bbox="821 1209 1284 1579" style="text-align: center;"> </div> <p>Студенттерден жоғарыдағы критерийлер бойынша шеңберге бағалар қойып шығу тапсырылады. Соңынан топтарда талқыланады.</p>

Ұсынылған пәннің тағы да бір дәрісінен сипаттама келтірейік.

Кесте 13 - «Рефлексияның қызметі» тақырыбындағы дәріс сабақтың үлгі-жоспары

Дәріс сабағының кезеңдері	Дәріс кезеңдерін жүзеге асыру барысы	Қолданылатын әдістер	Интеракция	Уақыты
Кіріспе сөз	Өткен сабақтарға шолу, жаңа сабақпен байланыстыру	Сұрақ-жауап	Оқытушы / Студент	3 мин.
Ой қозғау сұрақтары	Біздің өмірімізде өз әрекетімізге өзіндік баға беру қаншалықты маңызды? (топтық талқылау)	Миға шабуыл	Оқытушы / Студент	7 мин.
Рефлексияның қызметі жайындағы презентация	Рефлексияның қызметі турасындағы философиялық, психологиялық көзқарастарға талдау жасау	Диалог дәріс	Оқытушы / Студент	12 мин.
Педагогикалық рефлексияның ұстаздың кәсіби өсуінде атқаратын қызметін сипаттау	Нақты педагогикалық жағдаят арқылы рефлексияның ролі мен атқаратын қызметін айқындау	Кейс стади әдісі	Оқытушы / Студент	15 мин.
Тақырыпты бекіту тапсырмасы	«Педагогикалық рефлексия» тақырыбында 5 минуттық эссе және қорытындыны жариялау	Эссе	Студент	8 мин.
Кері байланыс	Білім алушылардың рефлексиясы және оны қорытындылау	ЗАРЯДКА техникасын қолдану. Студенттерге дәріс мамұны, қолданылған әдістер, қатысушылардың әрекеті параметрлерін келесі қозғалыстар арқылы бағалау сұралды. Тізерлеп отыру - өте төмен деңгей; түрегеліп тұру - қанағаттанарлық баға; қолды көтеріп шапалақтау - жақсы баға; аяқтың ұшымен тұру - өте жоғары баға.	Оқытушы / Студент	5 мин.

Сабақ соңындағы қорытынды жұмыстарда, білім алушылар жазған эсседе студенттер рефлексияның педагог қызметіндегі алатын орын мен роліне байланысты түсінік қалыптасқандығын көрсетті. Ал «Зарядка» деп аталатын кері байланыс жаттығуы арқылы дәріс сабаққа шынайы баға берілді деп санаймыз. Бұл техника сонымен қатар студенттердің сабақ соңындағы көңіл - күйлерін көтеруге, келесі сабаққа деген ынталарын арттыруға ықпал еткенін байқалтты.

Элективті пәннің басқа тақырыптары да осы тәртіппен өткізілді. Олардың үлгі жоспарлары тәжірибелік жұмыс барысында даярланған әдістемелік құралда келтіріледі.

Академиялық кезеңнің соңғы аптасында «Болашақ дене шынықтыру оқытушысының рефлексивті мәдениетін қалыптастыру» элективті курсының ғылымилығы мен пәнді оқытудағы қолданылған жаңа әдістердің тиімділігі білім алушылармен кері байланыс орнатылып төмендегі сауалдар арқылы анықталды:

1. Пән сіздер үшін қаншалықты қызықты болды?
2. Пәннің өзектілігі мен ғылымилығы қаншалықты көрінді?
3. Пәнді оқытудағы әдіс-тәсілдер көңілдеріңізден шықты ма?
4. Пән аясында білген-түйгендеріңіз болашақта қажет деп санайсыз ба?
5. Пән Сіздердің кәсіби, тұлғалық, интеллектуалдық, коммуникациялық рефлексиялық мәдениеттеріңіздің қалыптасуына әсер етті ме?
6. Пән барысында игерген білім деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?

Бірінші сауал бойынша білім алушылардың басым көпшілігі курстың өздері үшін жаңа тақырып болғанын, сондықтан пән өте қызықты және білім алушыларды ізденушілікке жеткізгендігін атап өтті. Екінші сауалға оқу тобы студенттерінің барлығы пәннің әрбір сабағы ғылыми негізде құрылғанын атап өткен. Үшінші сауал бойынша студенттер сабақ барысында қолданған интербелсенді әдістердің барлығы өте қызықты және тақырыпты игеру мен мәліметті есте сақтауда ерекше рөл атқарғанын жазса, төртінші сауалға рефлексия жайлы толыққанды білу болашақ дене шынықтыру пәні оқытушыларына аса қажет деген. Бесінші сауал бойынша білім алушылардың басым көпшілігі рефлексияның барлық түрлерін меңгере алғандарын жазған. Соңғы сауал бойынша 78 % білім алушылар толығымен қанағаттанамын десе, 22 % білім алушы пән аясында игерген білімін әрі қарай жетілдіріп, ізденетінін жеткізген.

Білім алушылармен жүргізілген қорытынды рефлексия осылайша жақсы нәтиже көрсетті. Пән бойынша жүргізілген осы қорытынды сауалнамаға берілген жауаптарды моделіміздегі *мазмұндық компоненттің* көрсеткішінің нәтижесі деп қабылдадық.

Зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөлігінде рефлексиялық практикум, рефлексиялық инверсия, рефлексиялық полилог сияқты әдістер қолдандық. Ол жайында диссертацияның 3.2 параграфында сипаттамалар келтірілген болатын. Енді сол жұмыс түрлерінің жүзеге асуынан мысалдар келтірілетін болады.

Бұдан әрі қарай біз студенттермен жүргізілген рефлексиялық тренингтің бірін сипаттауды жөн деп санадық.

«Мен спорт педагогымын» рефлексивті тренингі.

Тренингтің мақсаты: Басқаларға өзін және өзінің жеке ерекшеліктерін таныстыру;

- жеке мүдделер мен құндылықтарды түсіну;

- студенттермен жұмыста олардың қызығушылықтары мен құндылықтарын жүзеге асыру жолдарын іздеу.

Тренинг 15 - 20 адамнан тұратын топтың жұмысына арналған (болашақ дене шынықтыру оқытушылары эксперименттік тобы).

Пайдаланылатын материалдар:

Жасыл, көк және сары түстердің стикерлері;

жасыл - «басқалар сияқты», көк - «басқалар сияқты», сары - «ешкім сияқты» деген жазулар; қызыл, сары, жасыл жапсырмалар; чемодан, себет, ет тартқыштың суреттері; магниттік тақта; ағаш.

Бірінші кезең - **«ҚАБЫЛДАУ»**

Грек жаңғағы жаттығуы.

Бұл жаттығу үшін қатысушылардың санына сәйкес ыдысқа салынған жаңғақ керек. Жаңғақтарды шеңбердің ортасына қойып, бәрінен біреуін алу сұралады. Қатысушылар біраз уақыт бойы жаңғақтарды мұқият зерттеп, құрылымын, сыртқы ерекшеліктерін зерттеп, оны есте сақтауға тырысады. Содан кейін жаңғақтар қайтадан ыдысқа салынып, араластырылып, қайтадан шеңбердің ортасына шашылады. Әр қатысушы олардың арасынан өз жаңғағын табуға міндетті.

Барлық жаңғақтар өз иелерін тапқаннан кейін, талқылау басталады. Онда әр қатысушы өз жаңғағын қалай есінде сақтағанын, қандай белгілерін жадында ұстағанын айтып береді. Бір қарағанда, барлық жаңғақтар өте ұқсас болып көрінеді, бірақ егер мұқият қарап шығуға уақыт бөлетін болсаңыз, олар өте өзгеше екенін байқайсыз және жаңғақтарды басқалармен шатастыру мүмкін емес болады. Адамдар да солай: бәрі әр түрлі, дегенмен әрқайсысының есте қаларлық, өзіндік ерекшеліктері, өзіндік сұлулығы мен тартымдылығы бар. Тек оны сезіну және түсіну керек.

Жаттығу соңында жаңғақтар қатысушыларға сыйлық ретінде ұсынылады. Жұмыстың осы кезеңінің міндеті - қатысушыларды жаттығудың нақтылығына сәйкестендіру, осы тақырыпқа құндылыққа байланысты атмосфера құру және әр қатысушының жеке басы мен даралығын ашу.

«Жеке тұлғаның үш түсі» Әр қатысушыға түрлі түсті үш кішкентай жапырақ беріледі. Оқытушы әр түстің мағынасын түсіндіреді:

жасыл-«барлық адамдар сияқты»;

көк-«кейбіреулер сияқты»;

сары - «ешкімге ұқсамайды».

Оқытушы студенттерге өздеріне сәйкес түстердің парақшаларына, өз қасиеттері мен сапалары туралы жазуға шақырады. Сонымен бірге, «басқалар

сияқты» парақшасында қазіргі уақытта сізге тән және оны топтың барлық мүшелерімен біріктіретін (оның пікірінше) сапа жазылуы керек.

«Кейбіреулер сияқты» парақшасында сол қасиетті, мінез-құлық сипатын немесе кейбір адамдармен емес, сонымен бірге мінез-құлық, өмір салтының ерекшелігін жазу керек.

«Ешкімге ұқсамайтын» парақшасында сол адамның басқа адамдарға тән емес немесе одан айқын көрінетін ерекше белгілерін көрсету сұралады.

Жұмыс аяқтағаннан кейін қатысушылар «басқалар сияқты» белгілері жазылған қағазға жүгінеді. Олардың міндеті - топтың барлық мүшелерімен еркін режимде сөйлесу, олардың шынымен бірдей қасиеті бар-жоғын білу. Содан кейін пікірталас ұйымдастырылады.

Сол сияқты, педагог «кейбіреулер сияқты» парақшаларының мазмұнын талқылауды сұрайды. Әркім топта бір жағынан ұқсас сипаттамалары бар адамдар бар екеніне және бұл қасиеттер әркімге тән емес екеніне, екінші жағынан көз жеткізуі керек.

«Ешкімге ұқсамайтын» парақшалармен жұмыс тікелей шеңберде ұйымдастырылады: әр қатысушы осы топта ерекше деп санайтын сапаны айтады. Топ не келіседі, не басқа бір ерекше қасиетті табуға көмектеседі.

Жаттығу қатысушыларға өздерін «ұқсамайтындар бірлігі» ретінде көруге мүмкіндік береді, әркімнің қолдауына ие болуға және сол уақытта жеке ерекшелігін баса көрсетеді.

Екінші кезең - *«Менің жеке басым - кәсібилік құралы».*

Бұл кезеңнің мақсаты –қатысушылардың кәсіби қызметінде қандай мүмкіндіктер беретін және шектеулер енгізетін жеке ерекшеліктерін тану.

Оқытушының кіріспе сөзінде мұғалімнің жұмысында жеке және кәсіби деп бөлуге болмайтындығы айтылады. Кәсіби шеберлік өте көп және әр түрлі жағдайларға қалай қарайтынымызды, қандай әрекеттер жасайтынымызды балаларға нені және қалай айтатынымыз олардың жеке ерекшеліктерінен, құндылықтарынан, қалауынан алынады. Мұғалімнің өз жеке басын зерттей отырып, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы - бұл кәсіби дамудың қуатты ресурсы. Бұл олардың белсенділігі мен студенттермен қарым-қатынасын қалыптастыруда, жеке артықшылықтарын пайдалануды үйренуде, кемшіліктерді реттеуде нақты көмек.

Осындай кіріспеден кейін студенттермен *«Геометриялық фигуралар арқылы тест»* жүргізіледі. Білім алушылар өз қалауларымен шаршы, үшбұрыш, шеңбер, тіктөртбұрыш, ирек фигураларды таңдап, соларға сәйкес топтарға бөлінеді. Содан кейін әр топ тест нәтижелерінің интерпретациясымен танысады, өздерінің сол пішін сипаттамасына қаншалықты сәйкес келетіндігіне талдау жасайды. Содан кейін әр топ өз фигурасының ерекшеліктеріне - мінез-құлқына, тұлғалық ерекшеліктеріне шағын шолу жасайды.

Үшінші кезең - *«Менің құндылықтарым және басымдықтарым»*

Бұл кезеңнің мақсаты - студенттердің құндылық бағдары мен жеке басымдылықтарын жүзеге асыруға көмектесу. Бұл кезең оқытушының төмендегі сөздерімен басталады.

«Біздің таңдауымыз бен іс-әрекеттеріміздің артында осы нәрсе тұр, ол басқа адамдардың мінез-құлқы мен әрекеттеріне біздің реакциямызды анықтайды. Біздің құндылықтарымызға сәйкес келетін іс-шаралар жеке боялған, терең, біздің қызығушылығымыз бен қатысушылығымызды көретін адамдарды суға батыру оңай. Өзінің құндылықтары мен басымдықтарын білетін мұғалім балалармен жұмыс жасауда сәттілікке жетеді, өйткені ол оны жеке мағыналы ете алады, яғни өмірден, шынайы жүректен шығуды білдіреді.

Осыған байланысты қолданылатын жаттығу *«Бұл ойдың астары неде?»* деп аталады

Ол үшін мына даналық сөздер ұсынылады.

Екі қолға бір күрек.

Ұшар қанатқа дүние кең.

Жүрген аяққа жүрегім ілінеді.

Кім барлық жерде жүрсе ол еш жерде жоқ.

Жастың күші иықта, кәрінің - басында.

Студенттер осы сөздерді оқытушыға өз сөзімен түсіндіруі керек. Не үшін десек? Денешынықтыру мұғалімінің балалармен қарым-қатынасында пайда болатын кез-келген жағдай маңызды. Ұстаз бен оқушы, оқушы мен оқушы арасында түсінушілік те, қолдаушылық та, қақтығыс жағдайлар да орын алуы мүмкін. Әсіресе, спортпен айналысатын оқушыларда өзіне сенімділік, басқаны мойындай қоймау, эмоционалдық тұрақсыздық сияқты жайттар жиі кездеседі. Оларды шешетін әрине, оқытушы. Осы тұрғыда спорт педагогы болған оқиғаны тез саралай, өз ой елегінен өткізіп, оқиғаға оң баға бере білуі қажет. Мұғалімнің оқушылардың деңгейіне түсе алуы, құндылықтар туралы әңгіме жүргізе білуі, орын алған жағдайды талдай алуы, өз сөзімен шебер ұғындыра алуы аса маңызды. Мұның барлығы рефлексивті мәдениет құрылымындағы элементтер деп санаймыз. Сондықтан тренингтің келесі жаттығулары дене шынықтыру мұғалімінің айтылған сапаларын жетілдіруге арналады.

Төртінші кезең - *«Менің қалауым спорт педагогы»* жаттығуы.

Кіріспе сөзде төмендегілер айтылады. Біздің жеке басымыздың қасиеттері белсенділікте айқын көрінеді. Егер ойластырылған іс біз үшін маңызды құндылықтармен және мағыналармен қаныққан болса, онда біз өз табиғатымыздың ең күшті және сүйікті жақтарын түсіне алсақ, онда біз кәсіп пен жеке басымызды біріктіре алдық. Сонда кәсіби жұмыста тұлғалығымыз ерекше көрінеді.

Содан кейін мұғалім қатысушыларға осы тренинг барысында алған жаңа білім мен жаңа тәжірибені қорытындылауды ұсынады.

Қорытынды рефлексия Оқытушының сөзі.

Құрметті студенттер, бүгін біздің тренингімізде сіздер түрлі ақпарат алдыңыздар. Сіз үшін ол қаншалықты маңызды болғанын қазір тексереміз.

Сіздерге түрлі-түсті стикерлер ұсынылады. Сізге кез-келген түсті 3 жапсырманы таңдап, оларды ұсынылған суреттерге қою керек боласыздар.

Чемодан–суреті - бұл біздің шеберханадан алған пайдалы білімді білдіреді.

Ет тартқыш - суреті - бұл тексерілуі, талдауы, яғни «қорытылуы» керек ақпарат.

Себеттің - сурет - бұл сізге бүгін қажет емес деп санайтын білім және оны оңай тастай аласыз.

Осы тапсырманы орындау арқылы тренинг барысында алынған білім мен тәжірибенің студенттердің қаншалықты адами, тұлғалық қажеттіліктерін өтегенін бағамдауға болады. Біздің жағдайымызда чемоданның суретін алғандар қатысушылардың басым көпшілігі (90%)болды.

Болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында қолданылған келесі әдіс **рефлексиялық инверсия** деп аталады. Инверсия (латынның *inversio* сөзінен «инверсия; қайта құру»): Математикада: инверсия (логика), терістеу - мағынаны өзгерту, «ақты» «қара» орнына ауыстыру.

Ұсынылған техниканың мәні келесідей. Біріншіден, зерттелетін істің объективті мазмұны енгізіледі. Содан кейін студенттер бұл істі өз бетінше талдауға жұмылдырылады. Істің талдауы мақсаттың ғылыми және тәжірибелікміндеттеріннақты анықтаудан тұрады.Оның негізінде маңызды және маңызды емес элементтер бөлінетін теориялық контекст орнатылады. Талдау жинақтаумен аяқталады - істің ғылыми көрінісін құру, ол одан әрі динамиканы болжауға және оған қажетті бағытта әрекет етуге мүмкіндік беріледі.

Біз өз пәнімізде рефлексивтік инверсияны қолдана отырып, қарастырылып отырған мәселенің күнделікті өмірдегі орны мен қолданылуының нақты фактісін түсінуге бағытталған бірқатар сұрақтар қойдық. Мысалы:

- 1.Сіз күнделікті өз әрекетіңізді рефлексиялайсыз ба?
- 2.Рефлексия жасамай өмір сүруге бола ма?
- 3.Осы пәнді оқу барысында сіздің барлық әрекетті рефлексиялауға қатысты көзқарасыңыз өзгерді ме?
- 4.Оны қалай дәлелдер едіңіз?

Мұндай инверсиялық сұрақтар студенттердің біз зерттеп отырған сапасына деген ғылымнан бөлек тұрмыстық маңыздылығын айшықтап, оны жетілдіруге деген қажеттіліктерін арттырады. Сұрақтарға жауап барысында оқытушы студенттердің өз түсінік деңгейлеріндегі жауаптарына қарсылық білдірмей, керісінше оны қолдап және ғылымға бағыттап отыруы аса маңызды.Осындай жұмыс түрлері үздіксіз және мақсатты түрде жүргізілгендіктен болашақ дене шынықтыру мамандарының пән мазмұны бойынша терең білім алуына және кәсіби тұрғыда жетілуіне үлкен әсерін тигізді. Себебі, бұл жұмыстар студенттердің педагогикалық, әдістемелік білімі мен білігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталып жүргізілді. Болашақ дене шынықтыру мамандарын даярлауда олардың рефлексивті мәдениетін

қалыптастырудың түрлі құрылымда (жеке, топтық, жұптық, т.б.) жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастырудың да тиімділігі байқалды. Әсіресе топтық жұмыстарда білім алушыларды айрықша белсенділік, спорттық қызығушылықтың басым болғанын көре алдық. Сонымен қатар, студенттерді білімдік, дұрыс рефлексиялық жұмыстарға бағыттауда білім беруші мен білім алушының бірлесе отырып атқаратын жұмыстарының да мәні зор болды деп санаймыз.

Біз зерттеу барысында студенттердің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру үшін дәстүрлі әдістерді де (сөздік, түсіндірмелі-көрнекілік, тәжірибе, эксперимент, бақылау және т.б.) және оқытудың инновациялық технологияларын да (мәселелік оқыту, СМАРТ мақсаттар қою әдісі, «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс-стратегиялары, т.б.) бір-бірімен байланыстыра отырып, тиімді қолдануға тырыстық. Мәселен, дәрістік, түсіндірмелі-көрнекілік, презентациялар арқылы диалог дәрістер жүргізілсе, семнар сабақтарда тәжірибе, эксперимент әдістері қолданылды, өздік жұмыстарын орындауда акпараттарды жинау, оларды өңдеу, талдау, қорытындылау сияқты шығармашылық мазмұндағы тәжірибелік тапсырмаларды орындау кеңінен қолданылды. Ал рефлексиялық жұмыстар әр сабақта түрлендіріліп отырғандықтан, студенттер курс соңында оларға өте жақсы машықтанып, сұраныстары арта түсті. Кері байланыс жаттығуларының әсіресе, қимыл-қозғалыспен жасалатын түрлері студенттердің аса қызығушылықтарын тудырды.

Бұл жұмыс түрлерінің барлығы студенттердің теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай олардың ізденуіне, зерттеуіне, шығармашылықпен жұмыс орындауына жағдай туғызды. Сонымен қатар, негізінен шығармашылық тапсырмаларды студенттердің өздігінен орындауы олардың өз ісіне деген сенімін арттырып, өзін-өзі тексеруге, өз-өзіне баға беруге жағдай жасап қана қоймай, олардың белсенділігін арттыратындығына көзіміз жетті.

3.3 Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Зерттеу жұмысымыздың 3.2 бөлімінде жүргізілген қалыптастырушы тәжірибелік жұмыстардан кейін зерттеу нәтижелерін әр әдістеме бойынша қайта жүргіздік.

«Рефлексия жайлы не білесіз?» атты авторлық сауалнамасының қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерін алғашқы анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстырдық. Нәтиже көрсеткіштері төмендегі кестеде берілді (кесте 14):

Кесте 14 - Анықтау кезеңінің нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Сұрақтар	Қалыптастырушы экспериментке дейінгі нәтиже көрсеткіштері						Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтиже көрсеткіштері					
	Ия		Жоқ		Жауап беруге қиналамын		Ия		Жоқ		Жауап беруге қиналамын	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
1-сұрақ	10,8	8,2	78,2	64,2	11	27,6	70,82	8,2	13	64,2	2	27,6
2-сұрақ	34,9	72,4	30,4	10,2	34,7	17,4	90,3	72,4	7	10,2	2,7	17,4
3-сұрақ	55,5	78,7	38,6	7,8	5,9	13,5	85,5	78,7	8,6	7,8	5,9	13,5
4-сұрақ	46,4	58,5	32,7	11,6	20,9	29,9	81,4	58,5	12,7	11,6	5,9	29,9
5-сұрақ	41,6	18,7	15,8	17,3	42,6	63,9	71,6	18,7	15,8	17,3	62,6	63,9
6-сұрақ	34,9	30,6	30,7	30,5	4,4	38,9	74,9	10,6	10,7	30,5	4,4	38,9
7-сұрақ	55,8	54,5	29,9	27	14,3	81,7	65,8	54,5	29,9	27	4,3	81,7
8-сұрақ	34,2	60,3	54,5	23,3	11,3	16,4	64,2	70,3	24,5	23,3	1,3	16,4
9-сұрақ	51,6	77,2	44,3	12,6	4,1	14,7	81,6	77,2	14,3	12,6	4,1	14,7
10-сұрақ	41,6	67,4	46,2	16,4	12,2	16,2	71,6	77,4	16,2	16,4	2,2	16,2

Кестеден және графиктен көріп отырғанымыздай қалыптастырушы эксперименттен кейін студенттердің рефлексия туралы түсініктері, бұл ұғымның дене шынықтыру пәні оқытушысы үшін маңызды екендігінің көрсеткіші едәуір артты. Атап өтетін жағдай студенттердің өз жасаған әрекеттерінің нәтижесін болжаған мақсатпен сәйкестігін талдау, сәтсіздіктерінің себептерін саралауға деген қажеттіліктерінің жоғарылағанын көруге болады. Рефлексиялық әрекетке деген жағымды көзқарас білдірушілер мен рефлексияны әсіресе педагогикалық әрекетте жүзеге асыру қажет деп есептейтіндердің динамикасы артқаны байқалады. Тәжірибеге қатысқан барлық сыналушылардың **100 пайыз** рефлексивтік мәдениет мұғалімнің кәсіби тұрғыда өсуіне қажет және рефлексиялық мәдениетті мақсатты түрде қалыптастыру керек деп санау дәрежесіне жеткендері жасалған жұмыстың оң нәтижесін көрсетеді деп санаймыз. Бұл нәтижені зерттеуіміздің мазмұндық компоненті бойынша алынған көрсеткіш деп есептеуге болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігін анықтау үшін Пирсонның корреляция коэффициентін қолдандық. Пирсонның корреляция коэффициенті екі шаманың арасындағы сызықтық байланыстың болуын сипаттайды. Статистикалық болжамдар төмендегідей:

H_0 - болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениет туралы білімдерінің болуы рефлексияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді;

H_1 - болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениет туралы білімдерінің болуы рефлексияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етпейді.

Формулалар автоматты түрде Excel бағдарламасының статистикалық пакеттерінің көмегімен есептелді. Квадрат Пирсонның төмендегі формуласы бойынша тәжірибелік топтың әр нәтижелеріне талдау жасалды:

$$r = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x - \bar{x})^2 \sum (y - \bar{y})^2}}$$

1) «Иә» категориясы бойынша - $r=0,77$; статистикалық нәтиже «мәнді».

КОРРЕЛ

Массив1 C8:D17 = {10,8;8,2;34,9;72,4;55,5;78,7;46,4;58,...

Массив2 I8:J17 = {70,82;8,2;90,3;72,4;85,5;78,7;81,4;58,...

= 0,555157232

Возвращает коэффициент корреляции между двумя множествами данных.

Массив2 второй диапазон значений. Значениями могут быть числа, имена, массивы или ссылки с именами.

Значение: 0,773635218

Сурет 20

2) «Жоқ» категориясы бойынша $-r=0,41$; статистикалық нәтиже «жеткілікті».

КОРРЕЛ

Массив1 E8:F17 = {78,2;64,2;30,4;10,2;38,6;7,8;32,7;1,...

Массив2 K8:L17 = {13;64,2;7;10,2;8,6;7,8;12,7;11,6;15,8;...

= 0,418550497


Возвращает коэффициент корреляции между двумя множествами данных.

Массив2 второй диапазон значений. Значениями могут быть числа, имена, массивы или ссылки с именами.

Значение: 0,418550497

Сурет 21

3) «Жауап беруге қиналамын» категориясы бойынша $-r=0,91$, яғни алғашқы кезеңмен салыстырғанда, осы категория бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтиже көрсеткіштері азайғандығын толық растайды.



Сурет 22

Статистикалық талдау нәтижесі бойынша $r=0,77$; $0,41$; $0,91$ бұл болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениет туралы білімдерінің болуы рефлексияны педагогикалық әрекетарасындағы өте тығыз байланысқа сәйкес келеді. Бұл корреляция статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0.01$).

Демек, бұл болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениет туралы білімдерінің болуы рефлексияны педагогикалық әрекетте жүзеге асыра алуға тікелей әсер етеді деген бірінші эмпирикалық болжамымызды толық дәлелдеді.

Келесі кезекте О.И.Дорофеева құрастырған «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» сауалнамасының қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелеріне талдау жасалды (кесте 15).

Кесте 15 – Мотивация деңгейлері

Мотивация деңгейлері	Қалыптастырушы экспериментке дейінгі нәтиже көрсеткіштері		Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтиже көрсеткіштері	
	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Жоғары	23%	27%	25 %	43 %
Орта	55%	57%	55 %	55 %
Төмен	22%	16%	20 %	2 %

Кестеде берілгендей, тәжірибелік топта қалыптастырушы экспериментке дейінгі нәтиже көрсеткіштеріне қарағанда эксперименттен кейінгі нәтиже көрсеткіштерінде едәуір өсу (14-20 пайызға дейін) динамикасы байқалады.

Статистикалық болжамдар төмендегідей:

H_0 - болашақ спорт педагогтарының рефлексиялық әрекет мотивациясының жоғары деңгейі болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің маңызды сапасын қалыптастырудың алғы шарты;

H_1 - болашақ спорт педагогтарының рефлексиялық әрекет мотивациясының жоғары деңгейі болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің маңызды сапасын қалыптастырудың алғы шарты емес. Статистикалық талдау нәтижесі бойынша $r=0,71$; бұл болашақ спорт педагогтарының рефлексиялық әрекет мотивациясының жоғары деңгейі болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің

маңызды сапасын қалыптастырудың алғы шарты екенін дәлелдейді. Бұл корреляция статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0.01$).

Төмендегі кестеге сәйкес корреляциялық қуаттылығы «жоғары мәнді» болып шықты.

Кесте 16

r_{xy} абсолюттік мәні	Корреляциялық қуаттылығы
0.3-ден төмен	әлсіз
0.3-ден 0.5-ге дейін	жеткілікті
0.5-ден 0.7-ге дейін	мәнді
0.7-ден 0.9-ге дейін	жоғары мәнді
0.9-ден жоғары	қуатты

Зерттеу жұмысымыздың үшінші эмпирикалық болжамына сәйкес М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылықтың көріну деңгейі» әдістемесінің нәтижелерін салыстырдық.

Кесте 17 - М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылықтың көріну деңгейі» әдістемесінің салыстырмалы нәтижелері

Мотивация деңгейлері	Қалыптастырушы экспериментке дейінгі нәтиже көрсеткіштері		Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтиже көрсеткіштері	
	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Жоғары	8 %	7%	8 %	16 %
Көтеріңкі	12 %	14 %	15 %	24 %
Орта	38 %	36 %	38 %	50 %
Ортадан төмен	18 %	20 %	21 %	8 %
Төмен	24 %	23 %	18 %	2%

Кестеде көрсетілгендей, алғашқы анықтау кезеңіне қарағанда қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтижелер тәжірибелік топта әлдеқайда өскен. Мысалы, «жоғары» деңгей 16 %-ға, «көтеріңкі» деңгей – 24 %-ға, «орта» деңгей 50 %-ға, ал «ортадан төмен» деңгей керісінше 8 %-ға, «төмен» деңгей 2 %-ға төмендеген (сурет 23).


Нәтижелердің дәйектілігін Пирсон корреляциялық коэффициенті арқылы тексердік.

Статистикалық болжамдар төмендегідей:

H_0 - болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мақсатты түрде элективті курс, оқу бағдарламасындағы педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту мазмұнын жетілдіруге тікелей байланысты;

H_1 - болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мақсатты түрде элективті курс, оқу бағдарламасындағы

педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту мазмұнын жетілдіруге тікелей байланысты емес.



Сурет 23 - М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылықтың көріну деңгейі» әдістемесінің салыстырмалы нәтижелері

Статистикалық талдау нәтижесі бойынша $r=0,39$;

Төмендегі кестеге сәйкес корреляциялық қуаттылығы «жеткілікті» болып шықты.

Кесте 18

r_{xy} абсолюттік мәні	Корреляциялық қуаттылығы
0.3-ден төмен	әлсіз
0.3-ден 0.5-ге дейін	жеткілікті
0.5-ден 0.7-ге дейін	мәнді
0.7-ден 0.9-ге дейін	жоғары мәнді
0.9-ден жоғары	қуатты

Бұл болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мақсатты түрде элективті курс, оқу бағдарламасындағы педагогикалық және психологиялық пәндерді оқыту мазмұнын жетілдіруге байланысты бар екенін дәлелдейді. Бұл корреляция статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0.01$).

Келесі кезеңде «Рефлексияны мақсатты түрде дамыту (белсенді түрде арнайы ұйымдастырылған оқу процесінің көмегімен) проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу деңгейінің өзгеруіне әсер етеді» эмпирикалық болжамын тексеру үшін «Педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің басым деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы» қайта жүргізіліп, нәтижелері салыстырмалы түрде талданды.

Кесте 19 - «Педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің басым деңгейін анықтауға арналған сауалнамасының» салыстырмалы нәтижелері

Шкалалар	Рефлексия			Проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу деңгейі		
	Экс. дейін	Экс. кейін	Айырмашылығы	Экс. дейін	Экс. кейін	Айырмашылығы
Эксперименттік топ	18,1	21,1	3	14,4	17,6	3,2
Бақылау тобы	17,5	17,3	-0,2	14,6	14,9	0,3

Мәліметтерді талдау келесі беталыстарды көрсетеді:

1. Эксперименттік топтағы рефлексияның орташа деңгейінің және педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің деңгейлік сипаттамаларының жоғарылауы.

2. Рефлексияның орташа мәнінің шамалы төмендеуі және бақылау тобындағы педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің деңгейлік сипаттамаларының аздап жоғарылауы.

Деңгейлер бойынша шағылысу мәндерін градациялау деректердің қалыпты таралуына сәйкес жүргізілді (Е.В. Сидоренко, 21-22 б.). Диаграммаға сәйкес, эксперименттік топтағы шағылыстың топтық деңгейінің жоғарылауын біріншісімен салыстырғанда қайталап өлшеу кезінде байқауға болады. Қалыптастырушы эксперименттен кейін жүргізілген қайталама өлшеу нәтижелері бойынша рефлексия деңгейі төмен субъектілердің пайыздық мөлшерлемесінің 24% -дан 3% -ға (19% -ға) төмендеуі, рефлексия деңгейі жоғары субъектілер үлесінің 30% -дан 54% -ға (24% -ға) өсуі байқалады. , рефлексияның орташа деңгейіндегі пәндер пайызының 46% -дан 43% -ға дейін аздап төмендеуі.

Бақылау тобында алғашқы және қайталама өлшеу нәтижелері бойынша шағылысу деңгейлері бойынша зерттелушілердің пайызы төмендегідей: шағылыстың төмен деңгейі 27% - 30%, орташа деңгей 46% - 43%, жоғары деңгей 27% - 27%.

Бақылау тобында алғашқы және қайталама өлшеу нәтижелері бойынша шағылысу деңгейлері бойынша зерттелушілердің пайызы төмендегідей: шағылыстың төмен деңгейі 27% - 30%, орташа деңгей 46% - 43%, жоғары деңгей 27% - 27%.

Эксперименттік топта қалыптастырушы эксперименттен кейін жүргізілген қайталанған өлшеулер нәтижелері бойынша педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің ситуациялық деңгейі айқын субъектілердің пайыздық мөлшерлемесінің 6% -дан 3% -ға (3% -ға) төмендеуі байқалады, едәуір жағдайлық деңгейге ие субъектілер үлесінің 47% -дан төмендеуі байқалады 20% -ға дейін (27%), жағдайдан тыс деңгейдегі субъектілердің пайыздық үлесінің 44% -дан 53% -ға (9% -ға) артуы, жағдайдан жоғары деңгейдегі субъектілер үлесінің 3% -дан 24% -ға (21% -ға) жоғарылауы.

Бақылау тобында ситуациялық деңгейі айқын және жоғары ситуациялық деңгейлерімен (6% -6%; 3% -3%) зерттелушілердің пайыздық құрамында

айырмашылықтар жоқ; жағдайлық және анағұрлым ситуациялық деңгейге ие субъектілер үлесінің айырмашылығы шамалы (47% -44%; 44% -47%).

Рефлексия деңгейі мен проблемалық педагогикалық ситуацияларды шешу деңгейлері арасындағы байланыстың бар екендігі туралы гипотезаны бастапқы тексеру үшін біз корреляциялық талдауды қолданамыз (Спирменнің дәрежелік корреляция коэффициенті).

H_0 : Рефлексия индикаторлары мен проблемалық педагогикалық ситуацияларды шешудің деңгейлік сипаттамаларының көрсеткіштері арасында байланыс жоқ.

H_1 : Рефлексия индикаторлары мен проблемалық педагогикалық жағдайларды шешудің деңгейлік сипаттамаларының көрсеткіштері арасында статистикалық маңызды байланыс бар.

Формулалар және есептеу алгоритмі төмендегідей:

$$R_s = 1 - (6 * E(d^2) / N * (N^2 - 1))$$

$$R_s = 1 - 5527 * 6 / 215940 = 0,84$$

$$R_s = 0,84$$

$$R_{s_{эмп.}} > R_s \text{ кр.}$$

Демек, H_0 гипотезасы қабылданбайды, H_1 гипотезасы қабылданады.

Рефлексия индикаторлары мен педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің деңгейлік сипаттамаларының индикаторлары арасында оң, тығыз байланыс анықталды.


Сонымен, рефлексия деңгейі мен проблемалық педагогикалық ситуацияларды шешу деңгейлері арасындағы байланыстың болуы туралы айтуға болады. Рефлексия деңгейі төмен болашақ мұғалімдер көбінесе педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің ситуациялық деңгейін пайдаланады, рефлексия деңгейі жоғары болашақ мұғалімдер суперситуациялық деңгейді пайдаланады.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде тәуелді айнымалының статистикалық маңызды өзгерісі болды - эксперименттік топтағы педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің деңгейлік сипаттамаларының мәндерінің жоғарылауы. Осылайша, рефлексияны мақсатты түрде дамыту проблемалық педагогикалық жағдайларды шешудің деңгейлік сипаттамаларының өзгеруіне әсер етеді деген гипотеза дәлелденді.

Зерттеу жұмысымыздың келесі эмпирикалық болжамына сәйкес, «Т.Эллерстің сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау әдістемесі» қайта жүргізілді.

Т.Эллерстің болашақ мұғалімдердің дайындығының мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, жедел-әрекеттік және құрылымдық компоненттері рефлексияға түрткі болады деген болжамды дәлелдеу қайталама сауалнамасының нәтижелері тәуекелдің орташа деңгейі 36% -ға дейін, ал төмен деңгей - 5% -ға азайған, тәуекел деңгейі өте жоғары 46% -ға дейін төмендегенін көрсетті. Яғни, сыналушылар адамның жетістікке жету - мақсатқа жету мотивациясы неғұрлым жоғары болса, тәуекелге баруға деген ықылас соғұрлым

төмен болатынын саналы түрде түсіне бастады. Салыстырмалы нәтижелерді суреттен көруге болады (сурет 24).



Сурет 24 - «Т.Эллерстің сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау әдістемесі»

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің дайындығының мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, жедел-әрекеттік және құрылымдық компоненттері рефлексияға түрткі болады деген болжамды дәлелдеу мақсатында алынған нәтижелерін математикалық өңдеу барысында екі гипотеза ұсынылды:

H_0 - эксперименттің анықталу және бақылау кезеңдерінің таралуы тәжірибеден кейін бір-бірінен ерекшеленбейді.

H_1 - эксперименттің анықталу және бақылау кезеңдерінің таралуы қалыптастырушы эксперименттен кейін бір-бірінен ерекшеленеді.

Қолда бар мәліметтерге сәйкес, хи-квадрат критерийінің мәні Т.Эллерстің жетістікке жету мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау нәтижелері бойынша есептелген. Эмпирикалық критикалық мән 5.73 деп есептелді. 4 еркіндік дәрежесіндегі критерийдің кестелік мәні (k) және маңыздылық деңгейі 0,05 (α). Яғни, $\chi_{20.05; 5} = 9.5$.


Нақты және кестелік мәндерді салыстырайық. $5.7 (-2) < 9.5 (-20.05; 5)$. Есептелген критерий кішірек болып шықты, яғни эксперименттің қалыптасу тәжірибесінен кейін олардың арасындағы айырмашылық туралы эксперименттің анықталу және бақылау кезеңдерінің айырмашылық бар деген гипотеза қабылданды.

«Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесінің нәтижелері қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топ сыналушыларының эмпатия деңгейінің жоғарылағанын көрсетті (сурет 25).

Кесте 20 - «Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесінің нәтижелері (қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін)

Эмпатия деңгейлері	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Өте жоғары	7,5%	14,9 %	10,8%	11 %
Жоғары	8,3%	27 %	18,3%	18,4 %
Орта	25,8%	41 %	38,3%	38,3%
Төмен	37,5 %	17,1 %	18,3%	20,3%
Өте төмен	20 %	0 %	14,1%	12 %

Нәтижелердің динамикасы сыналушылардың эмпатиясы мен коммуникативті толеранттылығын қалыптастыру бойынша жұмысымыздың тиімділігін көрсетеді.



Сурет 25 - «Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесінің нәтиже көрсеткіштері (қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін)


«Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесі бойынша статистикалық өңдеу нәтижелері бойынша И.М. Юсупов (қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін), біз H_0 гипотезаны қабылдауға мәжбүр болдық, яғни эксперименттің анықталу және бақылау кезеңдерінің айырмашылығы эксперименттен кейін $11.4 (-2) < 11.1 (-20.05; 5)$ болғандықтан бір-бірінен ерекшеленбеді. Есептелген критерий критикалық мәннен сәл жоғары болды. Бұл дегеніміз, жұмыс тиімділігі сыналушылардың эмпатия деңгейіне байланысты емес. Сыналушылардың дайындығының мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық және жедел-қызметтік және құрылымдық компоненттері, болашақ мұғалімдердің рефлексия қажеттілігі мен эмпатия деңгейі арасында жеткілікті байланыстың бар екенін дәлелдейді.

Студенттердегі кәсіби рефлексияның деңгейлерін анықтау әдістемесі бойынша да алғашқы анықтау кезеңіндегі нәтижелермен қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелер салыстырылды (кесте 21).

Кесте 21 - Студенттердегі кәсіби рефлексияның салыстырмалы даму көрсеткіштері

Эмпатия деңгейлері	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	Э.дейін	Э.кейін	Э.дейін	Э.кейін
Өте жоғары	43,01%	31,76%	65,0%	33,76%
Жоғары	38,28%	45%	20 %	46%
Орта	14,83%	19,54%	15 %	20,54%
Төмен	3,88%	3,7%	0 %	2,7%

Кестеде және төмендегі суретте жоғары деңгейдегі рефлексия эксперименттік топ студенттеріне 65% -ға және бақылау тобы студенттеріне 33,76% артқандығы көрсетілген.



Сурет 26 - Кәсіби рефлексияның деңгейлерін анықтау әдістемесі бойынша диаграмма

Нәтижелердің дәйектілігін Пирсон корреляциялық коэффициенті арқылы тексердік.

Эмпирикалық болжамды дәлелдеу мақсатында алынған нәтижелерін математикалық өңдеу барысында екі гипотеза ұсынылды:

H_0 - кәсіби рефлексияның деңгейлері тәжірибеге дейін және кейін бір-бірінен ерекшеленеді.

H_1 - кәсіби рефлексияның деңгейлері тәжірибеге дейін және кейін бір-бірінен ерекшеленбейді.

Статистикалық талдау нәтижесі бойынша $r=0,66$; бұл болашақ спорт педагогтарының кәсіби рефлексияның деңгейлері тәжірибеге дейін және кейін бір-бірінен ерекшеленеді екенін дәлелдейді. Бұл корреляция статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0.01$).

Критикалық мәндер кестесіне сәйкес корреляциялық қуаттылығы «мәнді» болып шықты.

Сонымен, зерттеу жұмысымыздың 3.3 бөлімін қорытындылай отырып, келесі жиынтық кестені жасадық (кесте 22):

Кесте 22 – Әдістемелердің жиынтық кестесі

Әдістемелер	Корреляциялық мәндер	Қуаттылығы
«Рефлексия жайлы не білесіз?» атты авторлық сауалнамасы	$r=0,99$	өте жоғары мәнділік
О.И. Дорофеева құрастырған «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» сауалнамасы	$r=0,71$	жоғары мәнді
М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылықтың көріну деңгейі» әдістемесі	$r=0,39$	жеткілікті
«Педагогикалық проблемалық жағдайларды шешудің басым деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы»	$R_s=0,84$	тығыз байланыс
«Т.Эллерстің сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы үшін тұлғаны диагностикалау әдістемесі»	5.73	айырмашылық мәнді
«Эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесі	11.4	жеткілікті байланыс
«Кәсіби рефлексия деңгейін анықтау» әдістемесі (М.К.Тутушкина б/ша)	0,66	мәнді

Кестеде берілгендей, жүргізілген барлық әдістемелер бойынша статистикалық талдау нәтижелері бойынша корреляциялық мәнділікке ие болды. Бұл біздің болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру тәжірибесінің тиімділігін толық дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, зерттеудің міндеттері толығымен орындалды және болжамы теориялық және эксперименттік мәліметтермен дәлелденді деген тұжырым жасалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру» атты диссертация бойынша жүргізілген теориялық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей **қорытындылар** жасауға мүмкіндік берді:

1. Зерттеу жұмысы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерге және нормативті құжаттарға талдау жасалды, болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін жоғары мектепте кәсіби білім алу барысында қалыптастыру мәселесінің өзекті екендігі дәлелденді. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері айқындалып, философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерге талдаулар жасалып, жұмыста оларға сипаттама берілді.

2. Зерттеудің 2 - міндетіне сай қарастылып отырған мәселе бойынша ғылыми еңбектерді, педагогикалық тәжірибе материалдарын зерделеу, ой қорытындылар жасау және өзіндік тұжырымдау негізінде «рефлексия», «рефлексивті мәдениет» ұғымдарының мәні ашылып, «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениеті» ұғымының авторлық анықтамасы берілді. Анықтамада болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениеті бір жағынан кәсіби педагогикалық мәдениеттің жүйе құраушы құрамдас бөлігі болып табылса, екінші жағынан оқытушы тұлғасының өзін өзі дамыту, кәсіби әрекетін жоғары деңгейде атқаруға мүмкіндік беретін шығармашылық әлеуетін арттыратын тұлғалық сапасы ретінде сипатталады.

3. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Модельді жасауда: үлгіні эксперименттік және теориялық талдау; талдау нәтижелерін түпнұсқа сипаттамасымен салыстыру; олардың арасындағы ауытқуларды табу; үлгіге түзету енгізу; алынған мәліметтерді тұжырымдау; анықталған қасиеттер мен байланыстарды түсіндіру; үлгілеу нәтижелерін практика жүзінде тексеру сияқты мәселелер ескеріліп, қадам - қадаммен жүзеге асырылды.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі зерттеу жұмысымыздың мақсатына жауап береді. Оның компоненттерінің бір тұтастығы (теориялық негіздері, мақсат – міндеттері, компоненттері мен өлшемдері, мазмұны және әдіс технологиялары, зерттеліп отырған сапаның қалыптасу деңгейлері мен оларды өлшеу әдістері, қол жеткізілетін нәтиже) бірлігін қамтамасыз етеді

4. Жасалған модельге сәйкес болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруды нәтижелі ететін «Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» элективті пәні даярланып, тәжірибеден өтті. Пән мазмұнын оқытуда студенттер «рефлексия», «рефлексивті мәдениет» «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениеті» ұғымдарының мағынасы мен мәнін түсінуі, қызметін ұғуы, рефлексивтік техникалар, әдістер мен жаттығуларды тәжірибеде қолдана алу дағдыларын меңгерді. Элективті пәнді

жүргізу барысында оқытудың белсенді әдістері, АКТ, кері байланыс жасаудың инновациялық әдістері кеңінен қолданылды. Пәннің оқу - әдістемелік кешені дайындалды.

5. Жүргізілген тәжірибелік – эксперименттік жұмыс барысында зерттеу жұмысының практикалық нәтижесі ретінде жоғары оқу орындарын оқытушылары үшін әдістемелік – тәжірибелік құрал әзірленіп баспадан шықты. Эксперименттік жұмыстың қорытындылары құрастырылған модель мен даярланған элективті курс мазмұны мен қолданылған әдістердің болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудағы тиімділігін көрсетті.

Зерттеу нәтижесі бойынша мына төмендегідей ұсыныстар жасауға болады.

1.Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауда олардың рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру мәселесін өзекті мәселе ретінде қарап, маман даярлаудың мазмұнында тұрақты қарастырып отыру, пәндердің дәріс, тәжірибелік сағаттарында рефлексиялық жаттығуларды жүргізіп отыруды дәстүрге айналдыру.

2. «Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» атты элективті курсын «5В010800 – Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының оқу бағдарламасына ендіру, сондай – ақ жалпы педагог мамандарын даярлау үрдісінде қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.

3.Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың рефлексивті мәдениетін қалыптастыру мәселесін байланысты оңтайлы шешуді көздейтін конференциялар, ғылыми семинарлар және дөңгелек үстелдер, арнайы курстық жұмыстар ұйымдастыру.

4.Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру мәселесін озат педагогикалық тәжірибемен тығыз байланыста қарастыра отырып, педагогикалық басылымдарда жоғары оқу орындары оқытушыларының студенттерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыруға қатысты тәжірибелерін жариялап отыру.

Зерттеу мәселесі көкейкестілігімен қоса күрделі болғандықтан, оны толықтай қамтыдық деуге болмайды. Сондықтан диссертацияда келтірілген нәтижелер мен қорытындылар қарастырылып отырған мәселені шешудің тек бір ғана жолы деп есептеп, мәселенің психологиялық астарлары, ЖОО оқытушыларын осы мәселеге қатысты арнайы даярлау мәселелерін зерттеу болашақтың еншісінде деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда, 2007. - №319-III ҚРЗ.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №988 қаулысы.
- 3 Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №293-VI ҚРЗ.
- 4 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2017, қаңтар - 31.
- 5 Тоқаев Қ.К. Сындалы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. - Нұр – Сұлтан, 2019, қыркүйек 2.
- 6 2025 жылға дейінгі Дене шынықтыру мен спортты дамыту Тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Бұйрығы (10.09.2019 жыл жағдайындағы өзгерістер мен қосымшалар).
- 7 Қарақов А. Дене шынықтыру-сауықтыру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғылым. док. дис.: 13.00.04. – Алматы, 2008. – 44 б.
- 8 Алимханов Е.А. Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері: пед. ғылым. док. ... дис.: 13.00.01. - Алматы, 2010. – 158 б.
- 9 Унтаев Х.К. Қазақ халқы ұлттық дене шынықтыруының педагогикалық мәні: пед. ғылым. док. дис.: 13.00.04. – Алматы, 2010. – 158 б.
- 10 Тшанов А.Қ. Бапкер-оқытушыны спорт колледжі жағдайында кәсіби-педагогикалық дайындау: пед. ғылым. док. ... дис.: 13.00.04. – Алматы, 2010. – 167 б.
